

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті

ӘОЖ 1 (574) (043)

Қолжазба құқығында

ДУСИПОВА АЙСАНА САГИНБАЕВНА

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАР РУХАНИЛЫҒЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ
МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

6D020100 – Философия

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
фил.ғ.к., қауымдастырылған профессор Рамазанова А.Х.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, қауымдастырылған профессор Питеер Мурсеп
(Эстония, Таллин)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ЖАСТАР РУХАНИЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	14
1.1 Гуманитарлық білім жүйесіндегі руханилық: логикалық-әдіснамалық аспектілер.....	14
1.2 Жастар әлеуметтік топ ретінде: сыртқы және ішкі сипаттамалары.....	21
1.3 Жастар руханилығын қалыптастырудың тұжырымдамалық үлгілері..	29
2 ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ.....	41
2.1 Қазақ философиясындағы руханият мәселесі: мәні мен генезисі.....	41
2.2 Қазақ ойшылдарының этикалық ілімдерінің өскелең ұрпақтың дүниетанымының қалыптасуына ықпалы.....	48
2.3 Қазіргі заманғы жастардың құндылықтар жүйесіндегі өзгерістердің болмыстық және феномендік сипаттары.....	58
3 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒАНДЫҚ ЖАҢҒЫРУ БЕТАЛЫСЫ ЖӘНЕ ДӘСТҮРШІЛДІК ҰСТАНЫМДАР.....	67
3.1 Қазіргі Қазақстан жастары құндылықтарының трансформациясы әлеуметтік-философиялық мәселе.....	67
3.2 Қазақстандық қоғамның рухани бірлігін қалыптастырудағы құндылықтар сабақтастығының маңызы.....	80
3.3 Жастар руханилығының қалыптасуындағы өзекті мәселелер мен перспективалардың әлеуметтанулық өлшемдері.....	88
ҚОРЫТЫНДЫ.....	102
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	109

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста Қазақстанның келешек даму үрдісіндегі экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының табыстылығын анықтайтын, әлеуметтік болмыстың жаңа архитектурасын жасайтын, ел болашағының кепілі жастар бойындағы руханилықтың қалыптасу мәселесі, оның тұжырымдамалық үлгілері және перспективалары қарастырылады. Жастар бойындағы руханилық мәселесі тарихи-мәдени материалдар, ең алдымен дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі рухани құндылықтар негізінде мазмұнды логикалық тұрғыдан талдау жасалынды. Қазақ мәдениетіндегі этикалық ілімдердің жастар дүниетанымының қалыптасуындағы жаңаланған дәстүрдің қажеттілігі мен мүмкіндіктері, жаһандық жаңғыру беталысындағы Жаңа Қазақстанға қатысты жастар руханилығының қалыптасуына байланысты әлеуметтік-философиялық және этикалық-педагогикалық келешегі туралы қорытынды жасалды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі уақытта әлеуметтік философияда руханияттың шығу тегі, мәні, оның жеке және әлеуметтік деңгейлердегі көрінісі, өзгеріп жатқан әлеуметтік жағдайдағы эволюциялық келешегі белсенді зерттелуде. Қазіргі әлемде, ең алдымен материалдық құндылықтарға бағытталу емес, рухани құбылысқа үндеу өзекті. Технологиялық үдеріс рухани факторларды дамытпай қоғамды әлеуметтік және рухани салаларының дағдарысына әкелді, бұған өзімшілдік, немқұрайлылық, қатыгездік, бірізділік, адамды ойлануға мәжбүрлемейтін саналық деңгей сияқты жалпы құбылыстар дәлел бола алады. Адам қолымен жасалған техниканың қарқынды дамуында (жасанды интеллект, машиналар) адам өзін қалай қорғайды, осы орайда руханилық, гуманизм, этика мәселелерін де қарастыру маңызды.

Біз атап көрсеткен жағдайлар жаһандық мәселелердің арасындағы байланыстың болуымен шиеленіседі. Ғылыми зерттеулер бойынша қазіргі уақытта адамзаттың өсіп келе жатқан материалдық қажеттіліктері мен биосфераның салыстырмалы түрде шектеулі мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтар антропосфераның одан әрі өмір сүруіне қауіп төндіретіні белгілі. Сондықтан өркениеттің экологиялық қауіпсіз даму мәселелері ғылыми ізденіс пен жалпы қоғамдық сана алдында үлкен маңызға ие болып отыр. Адамның дүниетанымдық көзқарастарында бірқатар түсініктерді қалыптастыру қажеттілігі туып отыр: экологиялық себептерге байланысты материалдық даму шексіз жалғаса беруі мүмкін емес. Руханилықтың басымдылығын мойындау өте маңызды және адамнан өз әрекетіне саналы түрде қарай отырып, жауапкершілікті мойнына ала алатын мінез-құлықты талап етеді.

Қоғам өзін-өзі басқаруды және өз қызметін табиғи факторлармен қатар өлшемін қалыптастыра отырып, барлық әлеуметтік-табиғи тұтастықтың үйлесімді дамуына мүмкіндік беретіндей қатынасты қамтамасыз етуі қажет.

Біз айқындап отырған мақсат ХХІ ғасыр қоғамындағы адамзат үшін ортақ құндылықтық парадигма қалыптастыру қажеттілігін туындатады, ал оның даму келешегін техногендік өркениеттің құндылықтарынан рухани құндылықтарға ауысу үрдісі анықтайды. Қоғамдық сананы тиісті түрде өзгертпестен, қоғамның

әрбір мүшесі, яғни жеке тұлға алдағы өзгерістердің мәні мен мағынасын түсінбестен қоғамның одан әрі дамуы мүмкін емес. Барлық өркениеттік өзгерістердің арқауы болатын экологиялық білімнің әртүрлі деңгейдегі білім беру құрылымдарына енуінің жаңа формалары мен тәсілдерін іздеу қажет.

Сондықтан қазіргі уақытта руханияттың маңызды негіздерін, оның қазіргі қоғамдағы көрінісі және қызметтерінің ерекшеліктерін, әлеуметтік және жеке дүниетанымдық бағдарларды қалыптастырудағы маңызын тұтас әлеуметтік-философиялық талдау қажеттілігінің өзектілігі артуда.

Руханилық мәселе жас ұрпақты тәрбиелеу міндеттері аясында үлкен маңызға ие. Логикалық тізбекке сәйкес, мемлекет болашағының адамзат үшін катастрофалық немесе үйлесімді және тұрақты даму үстінде болуы, тікелей жастарға байланысты. Сәйкесінше, қазіргі жаһанды сыни әлемде жастардың рухани-адамгершілік бейнесін қалыптастыру міндеттері стратегиялық тұрғыдан кезек күттірмейтін мәселе.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысында 2021 жылы 5 ақпанда сөйлеген сөзінде: «Қазіргі таңда жастар саясатына қатысты заңдарға қажетті түзетулер енгізілуде. Енді жергілікті мемлекеттік органдарды бағалау көрсеткішіне «Жастардың даму индексі» қосылады. Жастар саясатына арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты біртұтас ұлттық жоба әзірлеген жөн. Әр бағыт бойынша бытыраңқы жүзеге асырылып жатқан жобаларды бір арнаға тоғыстыру керек. Сонда жұмыс жүйелі болады. Оны дайындауға, одан соң талқылауға бүкіл жастар және студенттер ұйымдарын, азаматтық белсенділер мен тәуелсіз сарапшыларды тарту керек. Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз» [1]. Біз қарастырып отырған тақырыптың зерттеу өзектілігін арттырмаса, оның маңыздылығын төмендетпейді. Мемлекет басшысы Қазақстан қоғамында жастардың маңызды әлеуметтік топ екенін ерекше айқындап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады» деп атап көрсетті [2]. Еліміздің Президентінің әр Жолдауында білім саласы, жастар мәселесін қозғамайтын кезең болмайды, біз ең ауқымды деген бөлігіне ғана сілтеме жасап отырмыз.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі. Кеңестік философиялық әдебиеттерде руханилық мәселесі әлеуметтанулық аспектіде М.Я. Ковальсон, В.Ж. Келле, В.И. Толстых, А.Г. Спиркин, А.К. Уледов, В.С. Барулин, М.С. Каган, В.Ф. Рябов және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Бұл еңбектерде рухани қоғам мен жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүдделері арасындағы байланыс, рухани өмір мен рухани мәдениеттің әртүрлі аспектілері талданады. Ал жаңа жүзжылдықта руханилық М.Н. Баскованың еңбектерінің

зерттеу пәні ретінде көрсетілді [3]. Жоғарыда аталған авторлардың еңбектерінде қоғамның рухани қажеттілігі мен мүдделерінің өзара байланысы көрсетіліп, рухани өмір мен рухани мәдениет жан-жақты талданады.

Соңғы жылдардағы ғылыми әдебиеттерде жеке-тұлғалық қалыптасу ретінде руханилықтың маңызды негіздері М.К. Мамардашвили, М.С. Каган, Н.К. Бородин, С.Б. Крымский, В.А. Зайцев сынды авторлардың зерттеулерінде айтарлықтай терең қарастырылады. Руханилықты әлеуметтік-мәдени көзқарас шеңберінде Р.Л. Лившиц, рационалистік тұрғыдан Г.Е. Бурбулис, В.Е. Кемеров, адамның қабілеттері мен қажеттіліктері тұрғысынан В.А. Лекторскийдің еңбектері маңызды. Руханияттың шығу тегі мен әлеуметтік тетіктерін В.Д. Шадриков сипаттайды. Руханилықты басқа адамдармен қарым-қатынас жасау үрдісінде ғана жүзеге асырылатын жеке тұлғаның сапасы ретінде П.В. Симонов, П.М. Ершов, Ю.П. Вяземский қарастырады. Л.П. Буеваның, Т.В. Холостованың, И.А. Гундаровтың, В.Г. Федотованың еңбектерінде руханиятқа семантикалық өмір құндылықтарының ажырамас сапасы ретінде жалпы көзқарастар тұжырымдалған. Бұл құбылыстың психологиялық аспектілері Б.С. Братусь, В.И. Слободчиков зерттеулерінде орын алған.

Н.Н. Моисеев, В.П. Казначеев, Е.А. Спирин, В.Н. Сагатовский, Я.В. Рейзема, А.И. Субетто сынды авторлар адамды рухани болмыс ретінде қарастыра отырып, одан әрі оның өмір сүруі мен дамуының келешегі туралы талдау мен зерттеулерге ерекше назар аударуды қажет етеді.

М. Хайдеггер, Ж. Маритеннің шығармаларында руханилықтың экзистенциялық сипаты қамтылған. Рухани үрдістердегі иррационалдылықтың шығу тегі мен мәнін И.А. Ильин, С.Л. Франк, Б.С. Соловьев сияқты орыс діни философияның өкілдері қарастырды.

Зерттеуде В.А. Лекторскийдің руханилықты рационализм аясында қарастыруы үлкен маңызға ие [4].

Қазіргі жастар мәселелері және оның даму міндеттері А.М. Багаутдиновтың еңбектерінде қарастырылып, автор Ресей қоғамындағы жастардың рухани мәдениетінің әртүрлі аспектілеріне, сондай-ақ олардың мәдени жаттану мәселелеріне басты назар аударады [5]. Л.А. Беляева жастар мәселесіне, нақтырақ айтқанда, орыс жастарының өзгеру дәуіріндегі құрылымдық өзгерістері мен саяси әлеуметтенудің жаңа міндеттері туралы қызықты талдау ұсынады [6]. Т.Н. Кухтевичтың редакциясымен Ресей қоғамындағы жастардың мәдени әлеміне арналған жинақ жарық көрді [7].

Ал отандық философиясындағы жалпы руханилық мәселесі зерттеуге зор үлес қосқан философтар Ә.Н. Нысанбаев, Д.К. Кішібеков, А.Х. Қасымжанов, О.А. Сегізбаев, Ғ. Есім, С.Е. Нұрмұратов, З.Н. Сарсенбаева, Қ.Ш. Нұрланова, С.Н. Ақатай, М.С. Орынбеков, Т.Х. Ғабитов, Ж.А. Алтаев, Г.Ж. Нұрышева, Р.С. Сартаева, С.Ю. Колчигин, Д.С. Раев, Г.Ғ. Барлыбаева, Ә.А. Құранбек, К.М. Қоңырбаева және т.б. зерттеушілердің еңбектерін айтуға болады.

Қазақстанда жастар мәселесін жан-жақты қарастырып, қызықты зерттеулер жүргізген ғалымдардың қатары: З.С. Айдарбеков, Д.Ж. Ешпанова және К.О. Айтбай Қазақстан жастарының әлеуметтік даму мәселелерін қарастырды [8], сонымен қатар, З.С. Айдарбеков қазақстандық жастардың

құндылықтары, олардың басымдылық тұстарын, өзін айқындаудағы стратегиялары туралы қызық зерттеу қорытындыларын ұсынды [9]. Ол өз зерттеулерінде жастарды ата-бабадан мұра болып қалған мәдениетті тануға, терең түсінуге баулу жолдарын сарлап, және өзін-өзі мәдени анықтауға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. Зерттеуші руханиятты қалыптастырудың халықаралық тәжірибесін талдап, оның Қазақстан жастарына әсерін анықтайды. Қорытынды нәтижелер бойынша руханилықтың қалыптасу үрдісін терең түсіну және тиімді даму стратегияларын әзірлеу мақсатында осы салада одан әрі зерттеулер жүргізу қажеттілігін көрсетеді [10].

Л. Қасым зерттеулерінде руханиятты қалыптастырудағы құндылықтық парадигманың психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Мәселені теориялық-әдіснамалық талдау арқылы ол құндылықтық бағдарлар өмірлік перспективада маңызды рөл атқарады деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ, қоғамдағы тұрақты өзгерістер ата-бабалардан қалған рухани мұра негіздеріне әсер етпейтінін анықтады [11]. Жеке тұлғаны және оның негізгі бағдарларын қалыптастырудағы рухани құндылықтардың тұрақтылығы мен маңыздылығын көрсетеді.

А. Жүсіпова рухани дамудың ажырамас бөлігі патриоттық тәрбие берудің мәселелеріне назар аударып, Отанға деген сүйіспеншілік адамның мәнін анықтайтынын дәйектейді [12]. Н. Абдуллина мен А. Әбішева мақаласында қазақ мәдениетінің қонақжайлылық, дәстүр, құрмет, бейбітшілік, ынтымақтастық сынды негізгі рухани құндылықтары сипатталған. Оларға әсер ететін факторларға зерттеу жүргізілді, және жаһандық тенденциялардың әсерінен халықтың мәдени мұрасын сақтау бойынша ұсыныстар жасалды [13].

Г. Қоянбаева мен Л. Заурбекова өз зерттеулерінде дәстүр және олардың рухани саладағы рөліне талдау жүргізді. Олар басқа елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, қолданыстағы дәстүрлерді жаңартуды ұсынды, рухани саладағы инновациялардың болашақ өміршендігін анықтайды және жаңа әлеуметтік шындықта дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, өткен мен болашақ арасындағы байланысты нығайтады деп есептейді [14]. А.А. Демеуова дін мен руханияттың байланысын қарастырды, оның жастар қауымдастығын модернизациялау үрдісіндегі рөлін сипаттап, перспективаларын тұжырымдады. Зерттеу қорытындысы бойынша діни құндылықтар үйлесімді тұлғаның дамуына негіз болатын рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастырады деген қорытындыға келді [15].

А.А. Исмаилов пен Л.К. Омарбаеваның зерттеуінде Тәуелсіз Қазақстандағы руханияттың қалыптасу үрдісі қарастырылады. Руханиятты ұлттық дәстүрлермен байланысын талдап, модернизациялау нұсқаларын ұсынады, руханиятқа әсер ететін білім, қоғам, патриотизм сияқты факторлар да сипатталды [16]. Д.В. Лепешев пен О.Н. Билоус отбасылық құндылықтар мен руханилықтың байланысын зерттеді. Отбасы мүшелерінің рухани сенімдерін қалыптастыру үрдісінде осы әлеуметтік ұяшықтың маңызды рөлін атап көрсетті. Сондай-ақ, отбасылық діни рәсімдерге қатысу, махаббат, әділеттілік, бейбітшілік, бостандық, тектілік сияқты жоғары құндылықтар туралы әңгімелесу және ата-аналардың қолдауы мен үлгі болатын әрекеттері руханилықтың

нығаюына ықпал етуі мүмкін деген қорытындыға келді. Авторлар отбасылық құндылықтар мен руханилықтың қалыптасуы арасындағы одан әрі өзара әрекеттесу перспективаларын ұсынды [17].

Ал біздің зерттеу тақырыбымыз А.М. Қанағатованың докторлық диссертация тақырыбымен [18] сәйкес келеді, бірақ жұмыстың қайталанбастығы мен жаңалығын дәйектейтін біршама аргументтер бар: біріншіден, зерттеудің жүргізілгеніне он жылдың шамасы өтті, сонымен қатар, қазіргі заманғы жаһандану дәуіріндегі өзгерістер сағат есебінде емес, минут есебінде өзгеріп жатыр, екіншіден, зерттеу тақырыбы рухани мәдениет (театр, музыка, әдебиет, музейлер және т.б.), яғни, руханилықтың сыртқы көрінісін қарастырылса, біздің зерттеуімізде руханилықтың ішкі сипаты қарастырылады: адамгершілік, эстетикалық және этикалық сезімдер талданады.

Зерттеу бағытын таңдау Қазақстандық жастардың руханилығының қалыптасуындағы және қазіргі заманғы әлем жағдайындағы туындаған онтологиялық және гносеологиялық мәселелерді тұтастай теориялық тұрғыдан ұғыну қажеттілігі мен келешегін айқындау міндеттерімен негізделген.

Зерттеудің нысаны: Жастарды әлеуметтік топ ретінде құндылықтық талдау арқылы қарастыру.

Зерттеу жұмысының пәні: Қазіргі Қазақстандық жастар, оның әлеуметтік-дүниетанымдық рөлінің ерекшеліктері мен даму келешегі.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – жастардың қалыптасуындағы рухани факторлардың рөлі мен қазақстандық жастардың өміріндегі дүниетанымдық маңызы бар руханилықтың қалыптасу тәсілдері мен жолдарын анықтау.

Зерттеудің мақсатына сәйкес келесідей **міндеттер** қойылады:

- біртұтас руханилық ұғымының түсінігінің тұжырымдық сипатын анықтау;
- тұлғаның жас ерекшеліктері сипатына байланысты руханилығының қалыптасуын, оның даму заңдылықтарына сәйкес талдаудан өткізу;
- тұлғаның рухани дамуының ең қолайлы және оңтайлы кезеңін анықтау және жастардың рухани дамуының негізгі кезеңдерін айқындау;
- қазақстандық жастардың ортақ мән-мағыналық сипатын ашу және олардың болашаққа деген ашықтығы, қоғамдық болмыстың жаңа архетиктоникасын құру қабілетінен тұратын мағыналық анықтамасын дәлелдеу;
- қазақстандық жастардың рухани дамуы мен қалыптасуының заманауи кезеңіндегі өзгеруі және оған ұлт мәдениетінің әсер етуін көрсету;
- қазіргі қазақстандық жастардың құндылықтарының жаңа мәдени қажеттіліктерге сәйкес анықталатын екіжақты қырларын негіздеу;
- дәстүр пен модернизация арасындағы қайшылықтарды айқындау және олардың құндылықтарын мән мен мағынасы жасампаз әлеуметті қалыптастырған жағдайда ғана шешілетіндігін көрсету;
- қазақстандық жастардың рухани қалыптасуындағы жоғарғы оқу орындарындағы түрлі оқу бағдарламаларының рөлін айқындау;

– жастардың дүниетанымының бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін дәлелдеудегі әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларының маңызын көрсету.

Зерттеу жұмысының дереккөздері мен материалдық негізі. Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде өткен және қазіргі ойшылдардың руханилық мәселесіне, оның ішінде, біз қарастырып отырған жастарды әлеуметтік топ ретінде қарастыру, нақтырақ айтқанда қазақстандық жастардың руханилығының қалыптасу мәселелері мен келешегін және онымен байланысты құбылыстар мен ұғымдарға арналған еңбектер, әлеуметтік, пәнаралық зерттеулер қарастырылды. Автор өз диссертациялық зерттеу жұмысында жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижелерін негізге алды.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістемелік және әдіснамалық негіздер. Диссертациялық зерттеу жұмысын жалпы философиялық әдіс-тәсілдер мен ұстанымдар, интегралды дүниетаным, философиялық әдістер мен пәнаралық тәсілдер жиынтығы негізінде жүзеге асырылды. Қазақстандық жастардың руханилығының қалыптасу мәселесін зерттеу жүйелік, герменевтикалық, салыстырмалы әдістерге негізделді. Осы әдістерге сүйене отырып, философия тарихындағы руханилық мәселесін теориялық тұрғыдан түсінудің нақты сипатын береді. Қазіргі отандық зерттеулер қазақ философиясының жаңартылған әдіснамалық ұстанымдарынан біз қарастырып отырған жастардың руханилығының қалыптасу ерекшеліктері мен мәселелерін, келешегін ашуға ықпал етті.

Тұтастық принципі жастардың руханилығының қалыптасу ерекшеліктері мен мәселелерін, келешегін ашуға ықпал етті. Бұл зерттеудің нақты әлеуметтік-философиялық мазмұнын ашуға логикалық және тарихилықтың бірлігі принципі мүмкіндік берді.

Қазақ мәдениетіндегі руханилық мәселесін қарастыруда мәдени-тарихилық принцип маңызды рөл атқарды, атап айтқанда, зерттеуді әлеуметтік-мәдени контекстер және кейбір дәуірдің қажеттіліктерін қарастыру арқылы философиялық тұжырымдамаларды уақыт сынақтарына жауап ретінде өзектендіру үшін қажет болды.

Осы диссертациялық жұмыстың мақсаттарын жүзеге асыру үшін компаративистикалық талдау әдісі үлкен маңызға ие болды, өйткені, дәл осы тәсіл Шығыс пен Батыс мәдениеттеріндегі руханилықты түсінудегі, олардың органикалық үйлесімділігі мен озық үлгілері қарастырылды.

Эмпирикалық (әлеуметтанулық) зерттеу бөлігін жүргізу сауалнама, сұхбат, талдау, салыстыру әдістері арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

– руханилық құбылысы біртұтас, жалпы, көпқырлы, синтездеуші сипатынан тұратын ерекше әлеуметтік-танымдық, философиялық категория екендігі зерделенді;

– рухани даму біртұтас, сонымен қатар жас ерекшелігіне байланысты оның өз орны, ерекше заңдылықтары мен қырлары бар екендігі дәйектелді;

– жастар феноменін маңызды қырларын зерделей отырып, олардың көбінесе жауапкершіліктің үстірттігіне негізделетіндігі тұжырымдалды,

солардың негізінде жастардың рухани дамуының кезеңдері айқындалды: балалық кезең (стихиялық руханилық), жасөспірім кезең (амбивалентті, жанжалды) және салыстырмалы дүниетанымдық пайымдау түрінде көрініс беретіндігі көрсетілді;

– Қазақстандық жастарды әлеуметтік жағдайының әртүрлілігіне қарамастан ортақ маңызды психологиялық және рухани белгілер біріктіретіні анықталды, жастар болашаққа, жаңашылдыққа ашық, қоғамдық болмыстың жаңа архетиктоникасын құру қабілетінен тұратын мән-мағыналық анықтамасы, сондықтан жастардың рухани даму үрдісіне ерекше назар аударуды талап ететіні дәлелденді;

– қазақстандық жастардың қазіргі тарихи кезеңдегі рухани қалыптасу мәселесі этикалық жоба ретінде маңызды орын алатындығы пайымдалып, оларға дәстүрлі мәдениеттің ықпалына байланысты өзіндік ерекшеліктері айшықталды;

– Қазақстанның қазіргі жастарының жаңа мәдени қажеттіліктерімен айқындалатын құндылықтары жастық кезеңнің өтпелі сипатына байланысты әрқашан жоғары адами құндылықтарға сәйкес келмеу тиістілігі философиялық-аксиологиялық мағынада тұжырымдалды;

– «дәстүр – модернизация» немесе «ескі – жаңа» дилеммасы үнемі құндылықтық қатынастар деңгейінде қызмет атқаратындығы көрсетіліп, олардың әлеуметтегі ерекше сипаттамасы пайымдалды;

– тұлғаның рухани құндылықтарының қалыптасуында әртүрлі әлеуметтік институттардың, мемлекеттік оқу мекемелерінің бір-бірін толықтыратын бағдарламалық бағыттарының (ғылыми-зерттеу және көркемдік – шығармашылық) қажеттілігі тұжырымдалып, олардың руханилықты қалыптастырудағы анықтаушы рөлі сараланды;

– жастардың дүниетанымының бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін дәлелдеудегі әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларының маңызы көрсетілді.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

1. Руханилық – адам болмысының ең маңызды қасиеті. Адам көп қырлы тіршілік иесі болғандықтан, руханилық құбылысын өлшеу және толықтай ашып анықтау өте қиынға соғады. Руханилық психикалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық, діни формаларында көрініс табады. Сондықтан руханилықты, біздің ойымызша, оны біртұтас, жалпы, көпқырлы, синтездеуші құбылыс ретінде қарастыра отырып, осындай анықтама беру дұрыс болады. Бұл жағдайда руханилық адамға қатысты бірқатар ішкі бағынышты құрылымдар мен құбылыстардың жиынтығынан тұратын, көп деңгейлі құбылыс ретінде анықталды.

2. Рухани даму құбылысы адамның дүниетанымының біртұтас, ол барлық адамдар үшін ортақ. Сонымен қатар, адамның рухани бастауының дамуында, жас ерекшелігіне байланысты өз орны мен ерекше заңдылықтары бар. Руханилық ересек және егделік, кәрілік жастағы адамдар үшін негізінен қордалаған білімі мен өмірлік тәжірибесін басқалармен бөліскен кезде

калыптасады, ал жастық кезеңде жеке адамның түсініктері психологиялық, эмоциялық және құндылықтық бағдарларымен астасып көрініс береді.

3. Жастық шақ – адамның рухани қалыптасуының ең оңтайлы және қолайлы кезеңі, өйткені жастық шақ – махаббат, үміт, өзіне деген сенімділік, максималистік көзқарас, шығармашылық қабілеттердің бастауы әрі шыңы ретінде қарастырамыз. Сонымен қатар, жастық кезеңдегі рухани даму екі жақты сипат алады, ішкі жетілмегендік, тәжірибенің жеткіліксіздігі және шамадан тыс эмоционалдылық, үзілді-кесілді пайымдаулар салдарынан рухани құлдырауға да түсу қаупі бар. Жастардың руханилығы ширшық тәрізді дамиды – тікелей балалық кезең психологиясынан бастап, оны стихиялық руханилық деп атауға болады, жасөспірім кезеңдегі қақтығыстар арқылы, шамамен отыз жасқа қарай рухани дамудың жетілген кезеңі деп қарастырылды.

4. Қазақстандық жастар нақты әлеуметтік мәртебе тұрғысынан алуан түрлі құбылысты көрсетеді. Оқушылар мен студенттер, жұмысшылар мен ғалымдар, ауылдар мен мегаполистердің тұрғындары – алуан түрлі көрініс негізгі белгілерді жасырмауы қажет. Атап айтқанда, бұл топтардың барлығы жалпы маңызды белгілермен біріктірілген жастар әлеуметтік тобына кіреді. Жоғарыда көрсетілгендей жалпылама ерекшелік ретінде жас мәселесі ғана ескерілмеген, ең алдымен, барлық әлеуметтік топтардың өкілдеріне тән ішкі, психологиялық және рухани үрдістер мен сипаттамаларға тән сәйкестікті алға тартады. Жастардың мән-мағыналық анықтамаларының бірі – жастар болашаққа, жаңашылдыққа ашық әлеуметтік топ. Жастар қоғамның қозғаушы күші, әлеуметтік болмыстың жаңа архитектурасын жасайды. Сондықтан жастарды дұрыс тәрбиелеу өте маңызды: тек шынайы рухани даму тұрақты және үйлесімді әлеуметтік құрылымдар мен қатынастарды құра алады. Осылайша, жастардың руханилығы бір жағынан өзін сындарлы әлеуметтік бастама ретінде көрсетеді, ал екінші жағынан – аға буын өкілдерінің жанашырлығын, рухани құндылықтарды қабылдаудағы үздіксіз сабақтастықты талап етеді.

5. Қазақ жастарының рухани дамуында дәстүрлі этика мен мәдениеттің ықпалына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ философиясының өзегі этикалық сипат басым болғандықтан, дәстүрлі қазақ философиялық ойлардан қазіргі кезеңге дейін өскелең ұрпақтың құндылықтық және дүниетанымдық мәселелері ерекше орын алады. Қазақ ойшылдары мен жазушыларының адамгершілік өсиеттері, дидактикалық нұсқаулары, көркем шығармалары жаңа ұрпаққа адами қасиеттерді сіңіруге, өткеннің рухани тәжірибесін болашаққа жеткізуге бағытталған. Қазақ философиялық дәстүрінде адамгершілік, әдептілік, жоғары адамгершілік құндылықтарға әділеттілік пен адалдық сияқты маңызды да бұлжымас қасиеттер тән. Қазақ философиясы – этикалық жоба. Қазақ ойшылдары этикалық мәселелерді қарастырды, ал Батыс философтары онтология және гносеология мәселелерін аса маңызды орынға шығарды, екі өркениетке жататын мәдениеттердің арасындағы басты айырмашылық осы. Сонымен қатар, әлемге деген (салыстырмалы түрде) жақын арада ғана (посткеңестік кезеңде) ашықтықпен, әлемдік тілдерді және кез-келген шығармашылық дағдыларды меңгерудің кең мүмкіндіктерімен байланысты ерекшеліктерді атап өтуге болады.

6. Қазіргі қазақстандық жастардың рухани құндылықтары оның жаңа рухани қажеттіліктері мен сұраныстарымен айқындалады. Қазақстандық жастар арасындағы басты мәселелердің бірі – жаңа сұраныстар әрқашан жоғары адами құндылықтарға жауап бере алмауы мүмкін. Алайда, жоғарыда келтірілген жағдай жас кезеңнің өтпелі сипатымен байланысты, бұл кезеңде махаббатқа, достыққа, шығармашылыққа деген жоғары рухани ұмтылыстар өмірлік тәжірибенің жетіспеушілігімен, ішкі эмоционалды әлемді басқара алмауымен үйлеседі.

7. «Дәстүр – модернизация» немесе «ескі – жаңа» дилеммасы ескі де, жаңа да тек жағымсыз қырлары ғана болмайтынын түсінумен шешіледі. Жасампаз құндылықтар екі тараптың мазмұнында да бар екенін ескере отырып, мәселе ескіні жаңамен алмастыру емес, екі жақтың да прогрессивті қырларын мазмұндық деігейде біріктіру екенін ұғындырады.

8. Мәдениет мекемелері жастармен жұмыс жасаудағы негізгі әлеуметтік-мәдени институттардың бірі, сонымен қатар олар заманауи және дәстүрлі ақпараттық-ағарту бағдарламаларының рухани-адамгершілік гуманистік әлеуетіне сүйене отырып, тұлғаның рухани, адамгершілік, эстетикалық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бірақ өскелең ұрпақтың рухани болмысын қалыптастырудың ең маңызды модельдері мәдениет мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар Отбасы және Мектеп. Әлеуметтік тұрғыда отбасылық дәстүрлер мен мектептер өздерінің тәрбиелік бағдарламаларын, адами жақсы қасиеттерді аға буыннан жас ұрпаққа қалдырудың арнасы ретінде әрекет етуге қабілетті және міндетті. Бұл ретте рухани-адамгершілік білім берудің бір-бірін толықтыратын екі моделі – негізгі ғылыми-зерттеу бағыттағы оқу орындары мен оқу бағдарламалары және көркемдік-шығармашылық бағытты ұстанатын оқу орындары мен оқу бағдарламалары.

9. Жастар арасында руханилықты қалыптастырудағы өзекті мәселелер: өмірдің мәнін жоғалту, стресс, қоғамдағы өзгерістер, өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерінің шектеулілігімен астасып жатады. Руханилықтың денсаулыққа, көшбасшылықты дамытуға, мәдени және діни аспектілерге, бағдарламалардың тиімділігіне, әлеуметтік ортаға, жастардың ұқсастығы мен технологиялардың руханилықты қалыптастырудағы рөліне әсері зор. Солардың негізінде өмірдің мәнін іздеу, стрессті басқару және қақтығыстарды шешу бойынша қолдау бағдарламасын әзірлеуге болады. Орталықтар мен қауымдастықтар құру жастарға тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді, ал медитация тәжірибесі мен рухани зерттеулерге қатысу олардың руханилығын дамытуға және ішкі гармонияны табуға ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы. Зерттеудің теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы қазіргі қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуын философиялық тұрғыда, ең алдымен, жастардың өміріндегі руханилықтың қалыптасу тәсілдері мен жолдарын негіздеу.

Автордың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді кең көлемдегі жастар және руханилық ұғымының қиылысқанда туындайтын философиялық

мәселелерді, еліміздің әлеуметтік өмірінің жекелеген аспектілерін терең зерттеуде қолдануға мүмкіндік береді. Қазақстандық жастардың руханилығының қалыптасуын философиялық талдау гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында, атап айтқанда, тұлғаралық және басқа да қоғамдық қатынастарды реттеуге, мемлекеттік басқаруда стратегиялық бағдарламаларды жасақтауда және осы мәселемен айналысатын әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану үшін әдіснамалық маңызы зор.

Негізгі ғылыми-тәжірибелік нәтижесі жастардың қалыптасуындағы рухани факторлардың рөлін көрсету, оны қалыптастырудағы әдіс-тәсілдерді талдау, ең озық үлгілерді саралау.

Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы. Қазіргі қоғамдағы жастардың рухани-адамгершілік бағытының өзгеруімен пайда болған жаңа әлеуметтік нормалар жүйесі мен мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздігіне, оның ішінде мәдени және рухани қауіп-қатерлерінің жай-күйін қарастыруы арқылы мүмкін болатын жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік беретін танымдық құрал ретінде қолдануға болады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, тұлғааралық қатынастарды құруда, рухани тәрбие мәселелерін шешуде, талқылау және қабылдауда, оқушылар мен студенттер, білім беру мекемелерінде оқыту және тәрбиелеу үрдісінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің идеялары мен қорытындыларын «Әлеуметтік философия» сияқты арнайы курстарды оқытудың негізі ретінде қолданыс таба алады, ал зерттеу барысында қолданылған материалдарды, идеяларды философия, мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану бағытындағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің сыннан өтуі. Зерттеу жұмысында қамтылған негізгі мәселелер мен зерттеу нәтижелері отандық, халықаралық республикалық конференцияларда (2019-2025 жж.), сонымен қатар, республикалық басылымдарда: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының «Әл-Фараби», «Адам әлемі» журналдарында, Қарағанды университетінің хабаршысы, Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы (2019-2025 жж.), жарыққа шықты. Аталған мақалалар мен жарияланымдарда зерттеу жұмысының мазмұны толықтай қамтылады.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі және жариялануы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 6 аса ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында «Philosophical Analysis of the Formation of Spirituality of Modern Kazakhstani Youth: Problems and Prospects» (Pharos Journal of Theology. – Volume 106, Issue 1 - (2025). <https://doi.org/10.46222/pharosjot.106.27>), (квартиль – 2, процентиль – 55) – 1 мақала, халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының талқылануы. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасының 2025 жылдың 11 ақпанындағы мәжілісінде (№6 хаттама) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация құрылымы белгіленген мақсат пен міндеттерге сай құрылды.

Бірінші бөлімде зерттеудің әдіснамалық негіздері, шеңбері айқындалады, «руханилық» ұғымын анықтауда логикалық-әдіснамалық тәсіл арқылы көптеген философ-ғалымдардың көзқарастарына, сәйкесінше берілген анықтамалары талданады. Руханилық адамға қатысты бірқатар ішкі бағынышты құрылымдар мен құбылыстардың жиынтығынан тұратын, көп деңгейлі құбылыс ретінде, жастық кезеңнің өзіне тән рухани даму құрылымы, жүйесі нақтыланады, жастар бойындағы руханилықтың қалыптасуындағы тұжырымдамалық үлгілері қарастырылады.

Екінші бөлімде қазақ мәдениетінің тарихындағы рухани құндылықтар, қазақ философиясындағы руханият мәселесінің мәні, оның шығу тарихы қазақ ойшылдарының этикалық ілімдері және өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі қарастырылады; қазіргі заманғы құндылықтар жүйесіндегі дәстүрдің мүмкіндіктері нақтыланды.

Диссертацияның соңғы, үшінші бөлімінде қазіргі қазақстандағы рухани құндылықтардың бағдаралы, оның жаһандық жағдайдағы беталысы және дәстүршілдік ұстанымдар талданады; қазіргі қазақстандық жастар арасындағы құндылықтық трансформация мәселесі философиялық тұрғыда қарастырылады; қазақстандық қоғамның рухани бірлігін қалыптастырудағы құндылықтар сабақтастығының тәуелсіздік дәуіріндегі әлеуметтік-тәжірибелік келешегін негіздейді. Әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындылары жарияланды.

Диссертацияның құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспе, үш негізгі бөлімнен, тоғыз тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 115 бет.

1 ЖАСТАР РУХАНИЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Гуманитарлық білім жүйесіндегі руханилық: логикалық-әдістемелік аспектілер

«Руханилық» ұғымы философиялық әдебиеттегі ең күрделі және ойландыратын ұғымдардың бірі. Бұл ұғымның көптеген анықтамалары болғанымен, олардың барлығы оның нақты мәнін ашпайды. Көптеген зерттеушілер бұл ұғым рационалдық тұрғысынан түбегейлі анықталмайды деп санайды. Рухани тәжірибе субъективті және жеке, әрі даралықты сипаттауға болады, бірақ анықтауға болмайды.

Ұзақ уақыт бойы «руханилық» ұғымы тек дінге сенетін адамның психологиялық жағдайын, оның Құдайға деген ұмтылысын сипаттау үшін қолданылған. Зайырлы дүниетанымда «идеология», «саяси сана», «идеализм», «рационалдылық» және т. б. ұғымдар қолданылады.

XX ғасырда қалыптасқан жағдайда өзгерістер орын алды. Бір жағынан, көптеген идеологиялар өзінің келешегінің жоқ екендігін көрсетсе, ал иррационалдылықпен шектесетін рационалдылық арасында қарама-қайшылықтар туды. Екінші жағынан, қоғамдағы діннің жағдайы өзгерді. Нәтижесінде қоғамның рухани өмірінің маңызды негізін табу қажеттілігі туындады. Осыған байланысты «руханилық» ұғымы діни санадан тыс – адамның жалпы сипаттамасы ретінде көбірек қолданыла бастайды. Алайда, мұндай қолдану дәстүрі әлі қалыптасқан жоқ, сондықтан руханилықты зайырлы түсінуде бірқатар қиындықтар мен қайшылықтар туындайды. Мұны көптеген авторлар өз еңбектерінде айтып жүр.

Мысалы, С.Б. Токарева руханиятты түсінудің әртүрлі әдіснамалық тәсілдерін талдайды: натуралистік, метафизикалық, әлеуметтік-философиялық және діни-мистикалық және руханилықтың мәнін түсінуге ең жақын деген тұжырымға келеді. Оның діни-мистикалық түсіндірмесі руханилықты натуралистік түсінікте адамның табиғатына негізделген рухани қасиеттердің жалғасы және дамуы ретінде қарастыру тән. Бұл түсінік ежелгі философиядағы эпикуршілдіктер мен стоиктерге, Ренессанс философтарына, қазіргі философтарға сәйкес келеді.

Натурализм үшін руханилық мәселесі жалған болып табылады, өйткені руханилықтың өзі табиғи немесе жеке психологиялық деңгейге дейін төмендетеді және осы деңгейде шешіледі деген ойды алға тартады.

Руханилық метафизикалық түсініктемесінде адам болмысының әмбебап мағынасына бағдарлануын қамтиды. Рухани ізденіс кемелділікке ұмтылуда, адамның пәндік-трансформациялық белсенділігімен тікелей байланысты емес абсолютті, трансценденттік құндылықтарға көшуде көрініс табады.

С.Б. Токареваның пікірінше, «руханилық» ұғымының рухани-мистикалық түсіндірмесі өте орынды. Руханилық ұғымы мәндік-мағыналық жағынан толық болу үшін руханилықты Құдайды танудың рухани тәжірибесі ретінде түсіндірсе,

ішкі рухани адам сыртқы әлеуметтік, тіршіліктегі адамды толығымен бағындырған жоғары кемелділікке қол жеткізген адамдардың рухани тәжірибесіне сүйенеді [19, 98-99 бб.]. Рух туралы ілімнің жемісті болуы үшін ол діни сананы руханияттың қайнар көзі және тірегі ретінде тануға жетуі керек. Діндарлықтың тозуы руханияттың қайтымсыз сипатқа ие болуына әкеледі, - дейді С.Б. Токарева. Автордың пікірінше, руханилық адам өмірінің белгілі бір өлшемін белгілейді. Жан мен рухтың өзара әрекеттесуі аясында құндылықтар қалыптасатын «руханилық өрісін» белгілейтін шиеленіс пайда болады.

Руханилықты анықтауға әртүрлі тәсілдерді қолданған автордың жұмысын маңыздылығын жоғары бағалай отырып, біз әлі де осы ұғымның зайырлы түсіндірілуіне баса назар аударуға тырысамыз, өйткені дәл осы қырынан руханилық нақты анықталмаған.

Зерттеушілердің көпшілігі Руханилық құбылысының негізін қалай байланыстыратынын атап өтетінін анықтау қажет.

Біріншіден, руханилық субъектісі туралы сұрақ туындайды: руханилық жеке адамға тән бе, әлде ол тұтастай алғанда қоғамның интеграцияланған жағдайы болып табылады ма?

Атап айтқанда, орыс философиясында руханилық жеке бастауға қарсы шықпайтын, ұжымдық бірлесудің ерекше топтық түрімен байланыстырылады, бірақ өмірдің мәнін, жалпының құтқарылу жолын табуға тырысатын, тұлға өсіп шығатын адамдардың ажырамас бастапқы бірлігі ретінде әрекет етеді.

Алайда, руханилық көбінесе жеке адамның қасиеті ретінде, оның психикалық қызметінің маңызды сипаттамаларының бірі ретінде М.С. Каганның еңбектерінде [20, 91-102 бб.], Г.Е. Бурбулис және В.Е. Кемерова [21, 61 б.] және т.б. қарастырылады. Р.Л. Лившиц руханилықты жеке сапа ретінде ғана ұсынады. Оның көзқарасы бойынша, руханилық – бұл адамның ішкі бостандығы мен шығармашылығын жүзеге асыратын әлемдегі өмірлік ұстанымы. Ол адамның әлемге ашықтығын руханилықтың атрибутивті сипаты деп санайды. Р.Л. Лившиц руханилық тек адамға ғана тән деп тұжырымдай отырып, оны дүниетанымның белгілі бір түрі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, руханилық сыртқы әлемде қолданысқа ие, бірақ ішкі әлеммен толығымен анықталады [22, 29 б.].

Көптеген философтар руханилықты сананың сапалық сипаттамасы және қоғамдағы адам қызметінің өнімі ретінде қарастырады, сонымен қатар руханилық субъектінің құндылық мазмұны ретінде түсіндіріледі. Л.П. Буева адамның ішкі әлемін сипаттау үшін «руханилық» ұғымын қолдануды ұсынады. Басты мазмұн – адамның мінез-құлқы мен оның ішкі өмірін ынталандыратын утилитарлық-прагматикалық құндылықтары емес, өмірдің мәндік мәселелерін шешу [23, 3-9 бб.].

М.К. Мамардашвили руханилықты сананың кеңею күйі ретінде анықтайды [24, 87-103 бб.]. Г.С. Батищев, С.Л. Рубинштейннің идеяларын талдай отырып, руханилық субъектінің өзін-өзі тану мүмкіндігінен асып түсетін, осылайша субъективті болмыстың қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайы деп тұжырымдайды. Руханилық – бұл шексіздік пен тұтастыққа бағытталған

сананың қызметі; бұл өзін-өзі тану, сана денесіне ену жылдамдығы сана-сезімнің өзін-өзі жабуға деген ұмтылысынан асып түседі [25, 26-36 бб.].

В.Н. Шердаковтың пікірінше, руханилық – адамның ақыл-ойы мен ерік-жігері бар қасиеті, ол адамды жануарлардан ерекшелендіреді. Сана, интеллектіден айырмашылығы, адамның логикалық және шығармашылық ойлауы, бір нәрсенің мағынасын, мәнін түсіну қабілеті. Сана өзіндік мағынаны түсінуге көмектеседі, ал ерік – жануарлық инстинкті жеңу. Қалыпты салауатты өмірге зиян келтірместен жануарлық инстинкті басу қабілеті шынайы рухани еркіндікті білдіреді. Руханилық – бұл өмірдің барлық салаларында өзіңмен үнемі жұмыс жасау деп қорытады [26, 27-31 бб.].

Руханилық пен сананы бірегейлендіру үрдісі бар. Мысалы, В.С. Барулин руханилықты адамның әмбебап және ерекше жеке ерекшеліктерін біріктіретін негізгі қасиеті деп санайды; руханилық адам өмірінің барлық қырларын қамтиды, оны іс жүзінде санамен анықтайды. В.С. Барулин руханилықтың сипаттамалары әр адамға тән деп санайды. Алайда, руханилықтың ерекшелігін, оның санадағы рөлін осы тәсіл негізінде анықтау мүмкін емес [27, 159 б.].

Атап айтқанда, руханилықта адамның ішкі бостандығы және оның шығармашылық бастауы жүзеге асырылады. Мұндай қарым-қатынастың негізгі құндылықтары – өмірдің мәндік мәселелерін шешу. Бұл көзқарас адамның қалыпты салауатты өмірге зиян келтірместен жануарлық инстинкті басуға қабілеті болған жағдайда ғана мүмкін болады. Руханилық – бұл өмірдің барлық саласында өзіңмен үнемі жұмыс жасай білу қабілеті болып табылады.

Руханилықты анықтайтын фактор – бұл мәдениет. Руханилық жеке тұлғаның өрлеуі, мәдениетке ие болу деп түсіндіріледі және оны әр адам әрдайым әр тарихи уақытта өзі шешеді. Бұл үдерістегі ең бастысы – білім алу емес, олардың мәні мен мақсатын түсіну, - деп санайды Л.П. Буюева [23, 8 б.]. Руханилық – мән-мағынаны игеру мәселесі, құндылықтар, мақсаттар мен мағыналардың белгілі бір жүйесінің бар екендігінің көрсеткіші. Рухани кеңістік – бұл жоғары және төмен, жақсылық пен жамандықты қамтитын вертикаль жүйе.

Рухани даму – бұл жоғары құндылықтарға біртіндеп көтерілу және түсіну үдерісі, олардың іс-әрекеттерін моральдық және эстетикалық шарттармен байланыстыру, өзіндік болмысты, адамдар мен заттар әлемімен қарым-қатынасты түсіну және сезіну.

Руханилық – бұл адам өмірінің мазмұнын, сапасы мен бағытын, әр индивидтің адам бейнесін анықтайтын өмірлік құндылықтар саласына жататын интегративті сапа. Рухани өмір саласына мәдениет элементтері мен моральдық құндылықтарды игеру, жеке өмірлік тәжірибені түсіну жатады.

Руханилықты мәдениеттен тыс түсіну мүмкін емес. В.А. Лекторский руханилықты мәдениетті құру, субъективті объективтілікке айналдыру үдерісі ретінде түсінеді. Оның пайымдауынша, руханилық – бұл идеяларды анықтау және оның нәтижелерін тарату қызметін сипаттайтын, мәдениеттің семантикалық өрісін анықтайтын белсенділік жағдайы. Сондай-ақ руханилық діни және зайырлы болуы мүмкін екенін атап өтті. Діни және зайырлы руханилықтың ортақ сәтін атап көрсетсек, руханилық әрқашан өзімшілдік

мүдделерінен тыс шығумен байланысты, адамның мақсаттары мен өмірлік белгілері жеке құндылықтар жүйесіне негізделген деп болжайды [4, 31-35 бб.].

Кейбір авторлар «руханилық» ұғымы, ең алдымен, тұлғааралық қатынастар саласына қатысты деп санайды. Мысалы, С.С. Аверинцев руханилық тұлғааралық қарым-қатынастың тереңдігі мен мазмұнын сипаттайтынын атап өтті. Егер басқа адам менің алдымда басқа «Мен» арқылы жеке тұлға ретінде ашылса, әрі олардың арасында өзара түсіністік пен өзара жанашырлықтың белгілері пайда болса, шарттылықтар қажетсіз болып қалады, онда руханилық құбылысы орын алады. Тұлғааралық қарым-қатынастың тереңдігі мен мазмұны адам рухани жалқаулықты, немқұрайлылықты жеңіп, басқа адамның маңыздылығы мен құндылығын сезінгенде ғана мүмкін болады [28, 227-239 бб.].

Адами қатынастар жүйесі адамгершілік аспектісінің болуын болжайды. Кейбір авторлар бұл тармақты моральдық жүйені құрайтын элемент ретінде ажыратады, мысалы, Г.Е. Бурбулис және В.Е. Кемеров [21, 61 б.]. Олар руханилық пен рационалдылықты адам іс-әрекетінің альтернативті бағыттары, алдын-ала есептеу және моральдық алаңдаушылық ретінде қарастырады. Бұл адамның әртүрлі объективті адами байланыстардың призмасы арқылы өзін-өзі қарастыру, өз ұстанымын басқалармен салыстыру қабілетіне байланысты. Руханилық жеке адамның басқа адамдарға қатынасы тұрғысынан ғана жүзеге асыруға болатын, жеке тұлғаның сапасы ретінде түсіндіріледі.

Руханилық риясыздық, өз бас пайдасынан бас тарту сияқты альтруизм құндылықтарымен тығыз байланысты. Бірақ, адамның дүниеге келгенде жоғарыда көрсетілген қасиеттер бірден берілмейді, олар жеке тұлғаның жеке дамуында қалыптасады, ал бұл өз кезегінде қарапайым менменшілдікті және басқа адамдарға инструменталды қатынасты жеңуді талап етеді.

Руханилық үшін моральдық бастаудың маңыздылығын көптеген басқа да философтар өз зерттеулерінде атап өтеді. Қызығушылық тудыратын бір көзқарас бойынша, руханилық – бұл шығармашылықпен тығыз байланысты ұғым. Мысалы, И.Н. Экономцев шынайы шығармашылық квази-шығармашылыққа қарағанда Құдайлық бастаудан пайда болады деп санайды. Руханилыққа жету үшін «жаныңды тәкәппарлықтан, жаман ойлардан, күнәлардан тазарту» қажет [29, 24-26 б.], және бұл қиын жұмыс болғандықтан, ешқандай күш жұмсамай, шығармашылыққа еліктеп, жалған туындылар шығарып, квази-шығармашылықпен айналысуға азғырылады. И.Н. Экономцев, шығармашылықты «күдіретті Жаратушымен синергияның» нәтижесі деп тұжырымдайды. Тіпті автордың өзі оны түсінбесе де, шынайы жаратылыс әрқашан Құдайдан бастау алады. Руханият пен шығармашылық бір-бірін толықтырады, адам рухының ішкі қызмет саласын құрайды деген тұжырым жасайды.

Руханилық – бұл адамның сана-сезімінен тыс трансцендентация, нәтижесінде адамның шабыт күйіне енуіне негізделген, шын мәнінде шығармашылық үдерісінің терең шарттары пайда болады.

Сонымен, руханилық негізінен жеке адамға тән сапа ретінде түсінік қалыптастырады және оны адамның әмбебаптыққа ашықтығы көрінетін, тұлғаның әлемге деген көзқарасы ретінде сипаттауға болады. Руханилықта

адамның ішкі бостандығы және оның шығармашылық бастамасы жүзеге асырылады, оның арқасында адам өзінің жеке дүниетанымынан ғана емес, сонымен бірге адамзат жасаған дүниеден де асып түседі. Руханилық әмбебаппен байланыссыз қарастырылмайды. Руханилыққа қол жеткізудің маңызды және қажетті, бірақ жеткіліксіз шарттарының бірі – мәдениетті игеру, ал руханилыққа қол жеткізудің басты орны – мораль болып табылады [30, 146 б.].

Біз руханилықтың көптеген анықтамаларды саралап, оның сипаттамаларын талдадық, бірақ руханилық ең қиын, көпқырлы құбылыстардың бірі деген сенім пайда болды. Оны анықтаудың кез-келген әрекеті толыққанды нәтижеге ие бола алмайды.

Біздің ойымызша, бұл тұжырымдаманы тағы да негіздеп, нақтылауымыз қажет.

Ең бірінші, өте үстіртін болса да, «руханилық» ұғымын түсінуге жасалған қадам, руханилықты материалдыққа қарама-қарсы қою арқылы қарастыру. Бұл ең қарапайым тәсіл ғана, бірақ «рухани» ұғымының тарихи-ойлау генеалогисы мен сөздің бастапқы этимологиясына негізделгендіктен тұтастай алғанда ең дұрыс шешім болады.

Сонымен қатар, рухани бастаудың адам мәніне тікелей қатысы бар екені анық. Адам тек материя (дене), физикалық құрылым ғана емес: ол сонымен бірге жан, ол рухани тіршілік иесі. Адам екі жақты, ал руханилық оның нәзік және терең анықтамасын құрайды, ал материалдық анықтама эмпирикалық, сыртқы болып табылады.

Осылайша, басынан бастап «руханилық» ұғымына дұрыс анықтама ретінде, материалдықтан, яғни сыртқы әлемнен айырмашылығы адамның ішкі күйі, демек адамның ішкі әлемі деген тұжырым жасауға болады.

Енді біз руханилықтың жалпы түсіндірмелері қандай, оны анықтауда қандай логикалық қайшылықты пайда болатынын байқап көрейік.

Мәселен, руханилық рухани құндылықтардың өндірісі деп саналады. Басқаша айтқанда, сұлулық пен мәңгілікті шығармашылық игеру. Мұндай көзқарас өте кең таралған, бірақ ол белгілі бір қабылдамауды тудыратын сияқты. Осындай түсіндірмелерден «рухани құндылықтар» ескерткіштер, мұражайлар, ғибадатханалар, өнер туындыларын және т.б. оларды жіктеуге мәжбүр етеді. Бірақ, біз руханилықтың өзіндік анықтамаға қайшы келеміз: бұл сыртқы туындылар емес, адамның ішкі әлемі. Әрине, мұражайлар, ескерткіштер және т.б. – адамның ішкі күш-жігерінің белгілі бір нәтижесі, бірақ олар өздері дара немесе жиынтықта руханилықты құра алмайды. Олар адамның іс-әрекетінің нәтижесіндегі сыртқы болмысқа ие болған, адамның мәнінің терең анықтамасын бере алмайды.

Бұл логикалық қарама-қайшылықты келесі ойлармен де күшейтуге болады. Егер сыртқы құндылықтар адамның ішкі бағалауына жататын және белгілі бір мән-мағынасы бар болса, онда құндылықтар руханилыққа емес, мәдениетке қатысты болады. Мәдениеттің өзі рухани мазмұнға бейтарап: ол жоғары және төмен, мәдениет және «антимәдениет», «контрмәдениет», «бұқаралық мәдениет» және т.б. жіктеледі.

Руханилық көбінесе ақыл-ой, яғни сана мен интеллект ретінде, яғни, ділдік, ақыл-ой ретінде жиі қарастырылады. Бірақ, мұнда кем дегенде бір маңызды қарсылық бар.

Сананың міндеті – белгілі бір затқа, құбылысқа, жағдайға адекватты баға беру. Адекватты бағалау оның бейтараптығын, сәйкесінше, еріксіздігін білдіреді. Сана, ақыл – объективті болуға арналған қасиеттер. Сондықтан, ақыл эмоционалды бағалаудан бас тартуға тырысады. Басқаша айтқанда, сана, ойлау, ақыл-ой – құндылыққа бейтарап құбылыстар. Сонымен бірге, руханилық құндылықтармен, құнды қатынастарымен тығыз байланысты екені айқын.

Өзінің жоғары көрінісінде руханилық – басқаларға жан жылуы мен шығармашылық туындыларды риясыз және шексіз беру қабілеті.

Осылайша, біз руханилық тақырыбына экзистенциалды-тұлғалық және білім беру-педагогикалық міндет ретінде қарастырылуы керек деген тұжырымға келдік. Қысқасы, жас ұрпақтың білімі адамның рухани мәнін дұрыс және жан-жақты ескере отырып, құрылу қажеттігін тудырады. Оқыту мен тәрбиелеудің алдыңғы қатарында адамның мәні мен мақсаты туралы біртұтас түсінік қалыптастыру, адамның бойында оның сүйіспеншілік, адамгершілік сезімдерін (рухани бастаудан) ашу және шығармашылық мүмкіндіктерді жан-жақты дамыту үшін жағдай жасау керек. Адамның өзін-өзі тәрбиелеу жүйесі де осыған негізделуі қажет.

Ғылым саласына келетін болсақ, гуманитарлық білім жүйесінде руханилық ұғымы барлық жерде қолданылады. Бұл табиғи нәрсе, өйткені біріншіден, руханилық, біз көріп отырғанымыздай, көп мағыналы, өте күрделі құбылыс, оның бірқатар қырлары бар; екіншіден, адам мамандандырылған емес, әмбебап тіршілік иесі. Бұл оның мәнін анықтау оңай емес екенін білдіреді. Егер мұндай мән руханилық болса, онда руханилықтың мәнін анықтау өте қиынға түседі. Дәл осы күрделілік руханилықты айқындауға арналған көптеген анықтамаларда қарама-қайшы көзқарастарды көрсетеді.

Руханилық құбылысын кеңінен түсіндіру зерттеушіні қалаған құбылысты эклектикалық және дерексіз түсінуге оңай апаруы мүмкін. Егер руханилық ұғымына діни мазмұн, сана, құндылық және иррационалды қасиеттер кірсе, онда руханилық адамның бүкіл психикалық өмірімен еріксіз анықталады. Алайда, психикалық өмірдегі барлық нәрсе руханилыққа енеді ме? Мұндай мәлімдеме күмән тудырады.

Психикалық және рухани ұғымдар қалай байланысады? Егер руханилық тұжырымдамасында мораль тұжырымдамасы орталық нүкте ретінде тұрса, онда руханилықты психикамен сәйкестендіру жағдайында күшті психикасы, жүйке жүйесі сау және сол сияқты қасиеттері бар адам міндетті түрде адамгершілігі жоғары, қайырымды, ізгілікті болуы керек. Әрине, мұндай тұжырым дұрыс емес, нақты айтқанда логикалық қайшылыққа әкеледі. Күшті психика мен мықты ақыл-ойдың моральдық бастамасы жоқ болуы мүмкін.

Бұл жай терминологиялық қайшылық емес. Бұл таза терминологиялық алмастырулар сияқты, бірақ практикалық салдары күрделі апаттарға алып келеді. Ең үлкен апат өскелең ұрпақты, немесе адамның тұлға болып қалыптасуына зор әсер тигізетін мектепте, білім беру мен ұйымдастырушылық жағынан мықты

мектепті алсақ та, балаларды есте сақтау қабілетін дамыту, шоғырлану, реакция жылдамдығы, тәуелсіздік, белсенділік, екі жарты шардың үйлесімді жұмысы және т.б. сияқты қасиеттерді дамытуға тырысады, әрине сапалық жағынан ұтымды, бірақ бұл қасиеттерді дамыта отырып, біз бала бойындағы адамгершілікті дамыта алмаймыз. Біз зияткерлік ұлтты тәрбиелеуде жоғарыда аталған қасиеттердің өзі адамды нақты адам ретінде сипаттамайтынын және оны адамгершілікті етпейтінін сезінген және түсінген жөн. Немесе тағы бір мысал: моральдық тұрғыдан дамымаған адамдар кейде психикалық аурулары бар адамдарға теңеледі; егер олар кем дегенде клиникаларда емделуге тырысса да, қарапайым азаматтардан оқшауланбауы қажет. Ал психикалық күйзелістегі, нәзік, моральдық сезімтал адамның экзистенциалды ізденістерін өзімшілікпен, жеке қасиеттерінің көріністермен түсіндіреді, осылайша оны қорлайды және қазірдің өзінде нәзік психиканы бұзады. Біздің бетбұрыс дәуірінде, психикалық күйзеліс күрт және жаһандық әлемде күшейді, бұл үлкен көлемдегі теріс салдарға әкелуі мүмкін.

Әрине, бұл екі әлем – психика мен мораль – бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан адамды осы мағынада бөліп, жеке дара қарастыруға болмайды. Алайда, сонымен бірге олардың байланысы бұзылмайды деп айту дұрыс болмас еді.

Қазақстан философтары руханиятты нақты және тұтас түсіну бойынша үлкен жұмыс жүргізуде. Мысалы, А.Б. Капышев пен С.Ю. Колчигин рух онтологиясының түпкі мағынасын ашуға тырысты және оны болашақ философиясы ретінде қарастыра бастады. Жан, рух, руханилық мәселесіне арнайы арналған кітабында авторлар руханилықтың табиғи-эгоистік сипатқа ие инстинкттерден шығарылмайтындығын; ол өзінің объективтілігінде ақыл-ойдың көріністеріне бағынбайтындығын көрсетті. «Руханилық – бұл біздің ішіміздегі моральдық заңның шындығы, ол қоршаған ортаға қатысты ең болмағанда абсолютті бейтараптықты талап етеді, ал максимумында болмыстың жаңа, жоғары үйлесімі үшін шығармашылық өзін-өзі тануды талап етеді» [31, 117 б.]. Жалпы, егер сіз жанды (рухани бастау) *differentia specifica* деп түсінсеңіз, сонымен қатар адамның ең маңызды сипаттамасы болса, онда бұл бірқатар маңызды салдарды қамтиды. Олардың ішінде: білім беру мен өнердегі этикалық бастаулардың дамуы (өз алдына рухани реализм), нақты-тұтас гуманитарлық синтез, сонымен бірге ғылыми психологияның негіздерін айтарлықтай қайта қарау, сайып келгенде, біртұтас шынайы дүниетанымды қалыптастыру.

Соңғы жиырма-жиырма бес жыл ішінде қазақстандық ғалымдар руханилық мәселесін әр түрлі жағынан зерттеді. С.Е. Нұрмұратов рухани құндылықтарға арналған ауқымды әлеуметтік-философиялық талдау жасады [32], ал И.Е. Ерғалиев, философияны руханилықтың бір формасы ретінде зерттеу қажеттілігі туралы ойға келді [33]. Қазақстанның философиялық қауымына танымал ғалымдар А.Г. Косиченко, А.А. Хамидов, С.Ю. Колчигин руханилықты шынайы философияның ажырамас сапасы ретінде жүзеге асыру идеясын, философияның адамның рухани дамуындағы рөліне арналған ұжымдық монографияны жазып шығарды, қазақстандық ғылымның маңызды қадамдарының бірі деп бағаланады [34].

Осы және басқа авторлар ресейлік әріптестер қатарлы руханилықтың әртүрлі анықтамаларын берді. Бұл ретте, біздің ойымызша, белгілі қазақстандық философ Р.С. Сартаева берген дефинициясын руханилықтың неғұрлым дәл және толық анықтамасы деп есептеуге болады. Ол былай деп жазады: «Руханилықты адамның мәні ретінде... тек қана зияткерлік немесе таза мораль ретінде емес, адамның өзінің болмыс ақиқатына қатыстылығы мен пропорционалдылығын сезінуі, ғарыш пен адам болмысының біртұтас терең-онтологиялық негізін тану арқылы адамның өзін-өзі анықтауға деген ішкі ұмтылысы ретінде түсіну ұсынылады» [35, 6 б.]. Р.С. Сартаеваның тұжырымынан руханилықтың жалпыланған түсінігінде адамгершілік, ақыл және әлемге сакралды қарым-қатынасының бірлігі туралы келешек нұсқамасы бар екенін көруге болады.

«Руханилық» ұғымын анықтауда логикалық-әдіснамалық тәсіл арқылы көптеген философ-ғалымдардың көзқарастарына жасалған шолу нәтижесінде белгілі бір қорытынды жасауға болады.

Руханилық – адам болмысының ең маңызды қасиеті. Адам көп қырлы тіршілік иесі болғандықтан, руханилық құбылысын өлшеу және оны толықтай ашу өте қиынға соғады. Руханилық психикалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық, діни формаларында көрініс табады. Сондықтан руханилықты, біздің ойымызша, оны тұтас, жалпы, көпқырлы, синтездеуші құбылыс ретінде қарастыра отырып, анықтама беру дұрыс болады. Бұл жағдайда руханилық адамға қатысты бірқатар ішкі бағынышты құрылымдар мен құбылыстардың жиынтығынан тұратын, көп деңгейлі құбылыс ретінде анықталады [36, 82-83 бб.].

Адам бойындағы руханилық екі параллель сызықта дамуы қажет. Адамды бүтін, физикалық болмысы (материалды) және жанның (идеалды) жиынтығы ретінде қарастырсақ, физикалық дене мүшесімен, оның санасының дамуына қажет білімді енгізе отырып, адам бойындағы руханилықты осы білім аясында дарыту ұсынылады. Білімді адам ізгілікті адам деп қарастыруға болмайды, немесе ізгілікті адамды кемел, жетілген, жоғары адам ретінде қарастыра алмаймыз. Демек, руханилықты дамыту адам бойындағы барлық қасиеттер мен іс-әрекеттердің жиынтығының кемелденуін тұтастай қарастыруды қажет етеді.

1.2 Жастар әлеуметтік топ ретінде: сыртқы және ішкі сипаттамалары

Бұл бөлімде қолданылатын тәсілді екі жақты бірлікте деп атауға болады: бір жағынан, жастардың әлеуметтік рөлі мен мәртебесі тұрғысынан бейнесі, екінші жағынан, олардың ішкі тәжірибесі мазмұнының негізгі аспектілерін экзистенциалды-феноменологиялық тұрғыдан қарастыру. Басқаша айтқанда, жастар сияқты күрделі құбылысты жан-жақты зерттеу жүргізілуі қажет, әйтпесе жастар бізге ішкі мазмұны жоқ объект ретінде немесе оның ішкі мазмұнын тасымалдаушы субъектінің жойылуы қауіпі бар.

Жастар дегеніміз кім, ғалымдар бұл ұғымға қандай нақты мағына береді? Жалпы қабылданған анықтама келесідей.

Жастар – жас шеңберінен, қоғамдағы мәртебесімен ерекшеленетін негізгі әлеуметтік топ: балалық шақтан жастық шаққа өтудегі әлеуметтік жауапкершілікке көшу кезеңі.

Кейбір ғалымдар қоғам жастардың әлеуметтік дамуына мүмкіндік беретін, оларды жеңілдіктермен қамтамасыз ететін, бірақ белгілі бір салаларына белсенді қатысу мүмкіндігін шектейтін жастардың жиынтығы деп түсіндіреді. Әр елде адамдарды жастар тобына жатқызатын жас ерекшелігіне байланысты жас шеңбері әртүрлі болып белгіленеді. Жастардың төменгі жас шегі 14 – тен 16-ға дейін, жоғарғы – 25-тен 30-ға дейін және одан да кешірек белгіленуі мүмкін. Мысалы, осы тақырыпта халықаралық тәжірибені «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының жүргізген зерттеуін көруге болады. Орталықтың мәліметінше, ДДҰ мен БҰҰ жіктеуі бойынша жастардың жоғарғы шегі ретінде 44 жас болып белгіленген. Бірқатар Еуропа елдерінде (Греция, Италия, Португалия, Кипр, Румыния), сондай-ақ Оңтүстік - Шығыс Азия елдерінде (Сингапур, Вьетнам) жастар-15 пен 35 жас аралығындағы адамдар. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ 2021 жылғы 21 қыркүйек пен 1 қазан аралығында «жастардың жасын 35 жасқа дейін арттыру» тақырыбында әлеуметтік зерттеу жүргізді. Бұл зерттеу бойынша әрбір бесінші қазақстандық жас шегінде төмен жылжыту әлеуметтік сенімділік, оптимизм беретінін белгілеген, сәйкесінше отбасы құру жасы ұлғаятынын болжайды. Қазіргі таңда Қазақстанда 16 жас пен 29 жас аралығындағы әлеуметтік топты жастар тобы деген шек қойылған. Бірақ, ғылым саласындағы жас ерекшелік бұл көрсеткіштен белгілі жағдайларға байланысты төмен түсірілген, ғылыми атағы бар жастардың үлес саны аз болғандықтан бұл шек 40 жасқа дейін аралықты қамтиды. Немесе мемлекет жүзеге асырып отырған жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету әлеуметтік жобаларда жас шегі 35-ке дейін ұлғайтылған. Демек, қоғамдағы салалық жастардың жас ерекшелігінің ресми шегін 16 жастан 35 жасқа дейін ұлғайту тәжірибеде болса, ресми бекіту қажеттілігі туындайды.

Жастар – әлеуметтену кезеңінен бастан кешіп жатқан, білім алып жатқан, бір бөлігі білім беру, кәсіби, мәдени және басқа да әлеуметтік функцияларды меңгерген және кемелдену жасына жетіп қалған адамдардың ұрпағы. Жастар ұғымына нақты, жан-жақты анықтаманы И.С. Кон берді: Жастар – жас, әлеуметтік жағдайдың ерекшеліктері және әлеуметтік-психологиялық қасиеттердің жиынтық сипаты негізінде бөлінетін әлеуметтік-демографиялық топ [37, 288 б.]. Нәтижесінде, жастар әлеуметтануында негізгі анықтамаға айналды.

Жастар белгілі бір кезең, ретінде биологиялық тұрғыдан әмбебап өмірлік цикл кезеңі, бірақ оның нақты жас шеңбері, онымен байланысты әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары әлеуметтік-тарихи табиғатынан бастау алады және осы қоғамға тән әлеуметтену заңдарға, әлеуметтік жүйеге, мәдениетке бағынышты.

Соңғы жылдары жастардың ғылыми зерттеулерінің ішінде ювенология сияқты ғылым бағыты маңызды рөл атқара бастады. Кейбір Ресейдің университеттерінде ювенология кафедралары ашылды. Жастар қазіргі қоғамның өзекті құбылысы ретінде, жастармен жұмыс жасау технологиясы, сондай-ақ

жастар саясаты саласында мамандар даярлау туралы интеграцияланған курстарды оқыту мен оқытуға басты назар аударылған.

Қазіргі уақытта жастар әлем халқының 18% құрайды; әлем жастарының 85% - ы дамыған, дамушы елдерде өмір сүріп жатыр, олардың 209 миллионы күніне 1 доллардан аспайтын қаражатқа өмір сүруге мәжбүр, ал 515 миллион адам күніне 2 доллардан аз ақша табуға мәжбүр. Қазіргі жастардың ұрпағы адамзаттың алдыңғы тарихында ең білімді болғанымен, бүгінде 113 миллион бала мектепке бармайды. Бұл сан қазіргі әлемдегі 130 миллион сауатсыз адамдар тобымен салыстыруға болады.

Жастар жаһанданған еңбек нарығында бәсекеге түсуге мәжбүр ететін, үнемі өсіп келе жатқан қысымды сезінеді. Алайда, жастардың жағдайы туралы Дүниежүзілік баяндамада икемділігі ең жоғары және жаһандану үрдісі әрбір қоғамға беретін жаңа мүмкіндіктерде тез бейімделуге және пайдалануға ең үлкен қабілеттерге ие жастар дер көрсетілді.

XX ғасырдың 60-70 жылдардағы американдық қоғамда орын алған «дауылдық сипаттан» кейін жастарды «бүлікші ұрпақ» ретінде атаған жоқ, өткен ғасырдың соңында және әсіресе XXI ғасырдың басында жас ұрпақ революцияшыл емес, конформистік, тез бейімделуге ұмтыла бастады. Америка Құрама Штаттарының жастар ортасында есірткіні тұтыну, жастар қылмысы, жұмыссыздық, нәсілдік дискриминация (кемсіту), жас мигранттардың жағдайы мәселелері бар, олардың шиеленісуі он-он бес жыл бқрынғы статистикаға қарағанда салыстырмалы түрде төмен. Қазіргі уақытта АҚШ-та жастарды қолдау мен қорғаудың 300-ден астам әлеуметтік, оқу, жұмыспен қамту бағдарламалары жүзеге асырылады. Қазіргі таңда Америка Құрама Штаттарында ең көп таралған – жастарды қорғау Лигасы, «Кампустың шексіз мүмкіндіктері лигасы», «Аштыққа жол жоқ», «Көшемен бетпе-бет жүздесу», 20 жасқа дейінгі жалғызбасты аналарға арналған «Help (Көмек)» бағдарламасы, «Қалалық мәселелерді шешудегі жастардың үлесін арттыру» және құтқару армиясының бағдарламалары жас тұрғындарының әртүрлі санаттары мен елдің барлық кәсіби оқу орындарында жүзеге асып отыр.

2006 жылғы тамызда өткізілген АҚШ-тың халық санағы бюросы жариялаған мәліметтеріне сәйкес, 2005 жылдың аяғында 18 жасқа дейінгі 12 миллионнан астам американдық кедейлік шегінен төмен өмір сүрді. Орташа алғанда, әрбір 6-шы жас адам мен жасөспірімге 1 әлеуметтік көмекке мұқтаж жан келеді: АҚШ-тағы жалпы халық санының 17,6 пайызын және әлеуметтік көмекке мұқтаж американдықтардың жалпы санының 35,2 пайызын кедейлік деңгейінде өмір сүретін жасөспірімдер мен жастар құрайды.

2021 жылғы Countrymetres сайтындағы ақпаратқа үңілсек, 15 жастан 65 жас аралығындағы жалпы халықтың 66,8% құрайды, 15 жастан 24 жасқа дейінгі азаматар жастардың әлеуметтік тобына кіреді. Жастар арасындағы сауаттылық деңгейіне сәйкес ерлер мен әйелдер үшін 99% және 99% құрайды. Жастар арасындағы сауаттылықтың жалпы деңгейі 99% құрайды. Жастардың күндік күн көрісі сағытына 4 доллар 25 центті құрайды [38]. Демек, жүзеге асырылған бағдарламалардың жемісті аяқталуын осы нәтижемен айқындауға болады.

Егер біз әлемдегі басқа ірі держава – Қытайдағы жастардың жағдайына көз жүгіртсек, 2004 жылы Синьхуа агенттігінің материалдарында айтылғандай, жас ұрпақты моральдық тәрбиелеу мәселесі Қытай жұртшылығының назарындағы басты мәселеге айналды. Қытай жастары арасындағы қылмыстың өсуінің негізгі себептерінің бірі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын зорлық-зомбылық пен порнография, ал порнографиялық мазмұндағы компьютерлік ойындар мен мультфильмдер қауіпті фактор болып саналады. 2011 жылғы ақпарат "Оксфорд аналитика" ағылшын журналының зерттеуі бойынша Қытай халқының 28% – 372 миллион адам – 15 пен 35 жас аралығындағы топты құрайды, деп жазады. 23% жастар ата-анасынан қаржылық тәуілді, ал XX ғасырдың 90-80 жылдары жастар шетелдік компанияларда қызмет атқаруға ниетті болса, 2011 жылы жастардың көпшілігі мемлекеттік қызметке талпынады, бұл жалпы көрсеткіштің 1,4 млн тең. Ауылдық жерлерден қалаға көшу, яғни урбанизация процесі 18 бен 30 жас аралығында 70% қамтып отыр. Демек, жастардың алдыңғы үлесі қоғамдағы процестерге қатысуға белсенділігі артты делінген, бірақ 2004 жылғы статистикадағы қозғалған мәселелер әлі де өзекті болып табылады, дәйек ретінде, ақша үнемдемеу, қарыздың 12,4% жастарға келеді, онлайн сауда, интернет желісіндегі тауарларды тұтыну, халықтың барлық топтарындағы Қытай жастары (ең шалғай аудандарды қоспағанда, барлық жерде) интернетті пайдаланады. 457 миллион қытайлық интернет қолданушыларының жартысынан көбі 30 жастан кіші [39]. Статистика сүйене отырып, жалпы жастарды моральдық тәрбиелеу мәселесі бар екенін аңғаруға болады.

2016 жылдың 13 наурыздағы ЮНЕСКО-ның статистика Институтынан алған ақпаратқа сүйенсек, 15 жас пен 65 жас аралығындағы азаматтар халықтың 73,6 құрайды. Халықтың сауаттылық жалпы деңгейі 96,36% , жастар арасындағы сауаттылық деңгейіне сәйкес ерлер мен әйелдер үшін 99,74% және 99,71% құрайды. Жастар тобының жас шегі 15 жастан 24 жас аралығы. Біз қозғаған екі жақтың бірлігі деген осы, жастар білімді болса, ішкі мазмұнның бос болу мәселесі пайда болады.

Қазақстандық жастарға келетін болсақ, олар нақты әлеуметтік мәртебе тұрғысынан алуан түрлі құбылысты көрсетеді. Оқушылар мен студенттер, жұмысшылар мен ғалымдар, ауылдар мен мегаполистердің тұрғындары – бұл алуан түрлі көрініс негізгі белгілерді жасырмауы қажет. Атап айтқанда, бұл топтардың барлығы жалпы маңызды белгілермен біріктірілген. Жоғарыда көрсетілгендей жалпылама ерекшелік ретінде жас мәселесі ғана ескерілмеген, ең алдымен, барлық әлеуметтік топтардың өкілдеріне тән ішкі, психологиялық және рухани үрдістер мен сипаттамаларға тән сәйкестікті алға тартады.

Жасөспірім кезеңнің психикалық жаңа жағдайлары және оның жасөспірімнің психикалық өмірі мен мінез-құлқындағы рөлі туралы көп зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеулердің ішіндегі орыс философы А.С. Арсеньевтің еңбегі ерекше орын алады [40]. Әдетте зерттелетін факторлар осы жастың екі бетбұрысты кезеңімен байланысты: біріншісі, психофизиологиялық – жыныстық жетілу және осы өзгеріспен байланысты барлық нәрсе, екіншісі, әлеуметтік – балалық шақтың аяқталуы, ересектер

әлеміне бейімделу үрдісі. Жасөспірімнің өзін қабылдауы, өзгені қабылдауы сияқты философиялық мәселелер пайда болады. Екінші жағынан, бейқам өмір сүрген балалық кезеңнен ересектер әлеміне өтуі, әлеуметтік бәсекелестік, өмір сүру мен қоғамның заңдылықтары, қоғам алдындағы міндет пен жауапкершілік мәселелері туындайды.

Жоғырыда көрсетілген бетбұрысты кезеңнің біріншісі ішкі гормоналды және физиологиялық өзгерістермен тығыз байланысты, сонымен қатар, жасөспірімнің дене бітімі, эмоционалды-сезімдік қабылдауы да өзгеріске ұшырайды. Жасөспірімнің саналы көзқарастары, ұстанымдарының бір-біріне соқтығысатын кезеңінде жаңа сезімдердің, тілектердің, мотивтердің және т.б. және олармен байланысты тұрақсыздық, көбінесе жасөспірімнің өзі үшін күтпеген, оның тәжірибелері мен әрекеттерінің стихиялылығы ғылыми, көркем әдебиеттерде психологиялық әрекеттер ретінде жақсы сипатталған.

Екінші мәселе – балалық шақтың аяқталуы және ересектер әлеміне ену кезеңі – қазіргі психологтар мен педагогтардың түсіндірмелерінен қарағанда әлдеқайда күрделі процес. Ол жасөспірімнің санасында сыни рефлексиялық ойлауды дамытумен байланысты, оның психикасындағы айқындаушы жаңа формация. Бұл жасөспірімнің өміріндегі негізгі жетекші қайшылықты тудырады.

Жасөспірім ересектер әлеміне өту кезеңінде әлеуметтік шындықпен бетпе-бет жүздесу барысында қарама-қайшылықтарға сыни және сөзсіз наразылықпен қарайтын жаңа форма, рефлексияның жаңа кезеңі пайда болады. Ересектер әлемінде күнделікті кездесетін «ақиқаттар» жасөспірім санасында сыни ойлауы мен логикасы арқылы сыналғанға дейін күмән тудырады. Жалпы қабылданған заңдылықтарымен келіспеуі де мүмкін.

Осы жаңа формация жасөспірім санасында максимализмге деген белгілі бір тенденцияны тудырады, оның жолында достықты құрбан етуі, жақын адамдарымен антагонистік қатынастарға түсуге мәжбүр етеді. Оның басты талаптарының бірі – оны ересек адам ретінде қабылдау.

Жасөспірімнің ішкі әлемі қарама-қайшылыққа толы және шатасқан, белгілі бір дәрежеде хаос сипатында болуы мүмкін. Жоғарыда айтылған «өзгерісті кезеңнің себептерін» ұмытпаған жөн, жыныстық жетілумен байланысты, ол сезімдердің, тілектердің, эмоциялардың күшті импульстарында көрініс табады. Ересектерге арналған бейімделу кеңестері бұл жағдайда жұмыс жасамайды..

Балалық шақ әлемінен, ересектер әлемінен де бөліне отырып, өз қатарындағылармен бірге жаңа әлем құру үрдісі байқалады, содан кейін жастардың контрмәдениеті пайда болады. Оның бағыттарының, мотивтері мен көріністерінің әртүрлілігі жасөспірімнің жан дүниесінің күрделілігі мен қайшылықты болуымен түсіндіріледі. Жасөспірім жеке өмір жағдайларына, жеке априорлық бейімділіктер мен қасиеттерге деген түрлі реакциясының біріне баса назар аударатын бағыттар ретінде қарастыруға болады.

Ересектердің қазіргі әлемі – өзара келісімге толы (компромисті): адамдардың барлығы әлеуметтік салада технологиялық-материалдық қатынастардың үстемдігіне байланысты жеке өмірінің негізін құруға тырысады, технология мен материалдылық адами қатынастарға да енеді, мысалы, ересектер белгілі бір дәрежеде материалдық үстемдікті жасыра отырып, адами

қатынастарды жасанды деңгейге жаткізеді, дегенмен, тұлғалық әлеуеті жоғары адамдар ғана бұл тенденцияға қарсы тұра алады.

Жасөспірім ішіндегі максимализм жалпы қабылдаған мәмлеге келісім бермейді және жасөспірімдік контрмәдениеттегі өзіндік наразылық формалары пайда болады. Қоғамдағы субмәдениеттер, контрмәдениеттер, антимәдениеттер жасөспірімдер жалпыға қабылдаған әлеуметтік жүйелерге, қатынастарға, құндылықтарға қарсы наразылығын білдіру мақсатында пайда болады және олардың талап-тілегін білдіреді деп есептейді.

Сондай-ақ, жасөспірімнен жастық кезеңге өту этикалық сананың айтарлықтай өзгеруімен байланысты екенін атап өткен жөн. Жасөспірім моральдық нормалардың қажеттілігін мойындауды, оларды жүзеге асыруды талап етуге дайын болады.

Бірақ жоғарыда аталған жасөспірім мен жастық максимализмнің арасында қарама-қайшылық бара екенін атап өту керек. Жасөспірімнің максимализмі – оның логикасына, дұрыс және әділеттілік туралы идеяларымен келіспейтін, рационалдылықтың қатаң шеңберінде түсінілетін барлық нәрсені теріске шығару, қабылдамау. Жастық шақтың максимализмі – әлемді тұтастай алғанда ақыл-оймен оң, шартсыз қабылдау, жанның максималды ашықтығы, өз бойындағы және әлемдік трансцендентальды ашуға деген ерекше құштарлық жастық романтизмде көрініс табады.

Бала үшін Әлемді бөлінбеген, бейсаналық, ерекше қуанышпен қабылдауы ең алдымен, анасына деген көзқарасымен байланысты (сондықтан, ең алдымен, анасы, содан кейін айналасындағы басқа ересектер баланың әлемін жасайды). Жастық шақ үшін де осылай түсініктеме қалыптасады, бірақ «соңғы сұрақтар» туралы ойлануға негіз болады.

Үш кезеңдеде онтогенез кезеңдері қызық жүзеге асырылады, аталғандарға қарама-қайшы, көбінесе жетістікке, бәсекелестікке, прагматизмге, діни немқұрайлылыққа, кейде конфессиялық салт-жораларды ресми орындаумен байланысты болады.

Бірақ жасөспірім азғыруға бой алдырып, адам баласына қарсы дүниені қабылдаса да, оның сана-сезімі, оның терең «Мені» оны наразы мінез-құлық түрлеріне, соның ішінде есірткі тұтынуға, зорлық-зомбылықтың әртүрлі формаларына және негізсіз әрекеттерге итермелейді. Нашәқорлық, психикалық есірткі қабылдау – шектеулі материалдық формалардың шегінен шығып, қоғамнан оқшаулану формаларының бірі. Бірақ, бұл махаббатқа, шығармашылық пен жасампаздыққа апаратын жол емес, оны ақылсыздық пен өзін-өзі құлдыратуға әкеледі. Жалпы батыс өркениетінің дағдарысының бір көрінісі ретінде қарастыруға болатын мәселе.

Бұл жерде жыныстық қатынас ләззат алу әдісі ретінде алдыңғы құндылықтық орынға шығып, тиісті технологияларды құрастыруды талап етеді. Жыныстық қарым-қатынасқа түсудің әдістемесі бойынша көптеген нұсқаулықтар, курстар мен оқулықтар жасалды, оларды барлығы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарнамаланады, мектеп бағдарламаларына енгізілгені де бар. Бағынышты басыңқының қызметін атқарғанда осындай үлкен мәселе туындайды, адамдар арасындағы рухани қатынастарда бағынышты

болатын технологиялық қатынас алдыңғы орынға шығуы адамның құндылығын төмендетені анық.

Біздің жасөспірімдерді батыстық өмір сүру салтының таралуынан тек қазіргі батыстың үстірт құндылықтарымен жасөспірімнің жан дүниесін тереңірек және толығымен баурап алатын құндылықтарды салыстыра отырып, қорғауға болады. Алдын-алу шараларын ұйымдастыруда жасөспірімнің өзінде бар алғышарттарды ескеру қажет. Бұл алғышарттар теріс деп саналатын қасиеттерге сәйкес келеді: мысалы, сананың бұлыңғырлығы радикалды жаңа, шексіздікке ашықтығын білдіреді. Бұл қасиеттер жеке тұлғаны әлеуметтендіруде белгілі бір теріс рөл атқарады, бірақ жеке тұлғалық дамуына қажет.

Жастық кезеңге көшу адамға тән рухани және психикалық әлеуеттің жүзеге асу дәрежесімен байланысты. Осы жасқа сәйкес форманы табу қажеттілігі туындайды. Көптеген зерттеушілер, соның ішінде Л.С. Выготский «Дамудың белгілі бір бағыты үшін маңызды болып табылатын қоршаған ортаның нақты әсерлері дамудың белгілі бір сәтінде қолданылған кезде ғана әсер етеді, ал одан бұрын және кейін қолданылған болса, бірдей негізсіз болып шығады» деп ұтымды қорытады [41, 23 б.].

«Жастар» термині қолданылған кезде, бұл ұғым әлі де абстрактілі екенін түсіну маңызды. Өйткені, жастар тобына әлеуметтік жетілудің үш жас кезеңі бірден еніп кетеді. Олардың біріншісі – балалық шақ, екіншісі – жастық шақ (немесе ерте жастық шақ), үшіншісі – жетілген жастық кезең. Осы кезеңдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Бұл үштік иерархияны есте ұстаған жөн, дегенмен біздің зерттеу барысы үшін маңызды емес. Біз үшін жастық шақтың жалпы белгілерін әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде түсіну маңызды.

Ең алдымен, жас сана әрқашан үздіксіз ізденісте болады. Бұл үдеріс кейде жас сананы баурап алатыны соншалықты, «философиялық интоксикацияны» сезіне бастайды. Сана әлемдегі адам болмысының мәңгі сұрақтарына жауап іздеуге қарқынды, кейде ауыр ізденістерге әкеледі, әлемді түсінудің бірлігіне жетуге тырысады, оның калейдоскопиялық әртүрлілігін таным процесі арқылы өткізеді, бірақ ақиқатқа жете алмайды. Сондай-ақ, өзін-өзі іздейтін жас сана бірігуден, бірегей көзқарастан қорқады. Ол осы бірлікте қандай бірегейленуді сезінеді, бір жағынан дүниетанымдық зеріуге әкеледі деп есептейді, сондықтан антагонизмге бас ұрады.

Өзінің бастапқы кезеңінде сана белгілі бір «идея» және онымен байланысты идеал қалыптасқан кезде ашықтық пен романтикалық көзқараспен сипатталады. Санада идеал идеалға, қандай да бір жетілуге айналады (шын мәнісінде, мүмкін болмаған) және шынайлыққа қарама-қарсы. Осы тұрғыда сананы табиғи құпия құбылыс деп атауға болады.

Қайталанатын сана фазасында идеал мен шынайлық арасындағы келіспеушілік күшейіп, адамды өмірдің мәнін іздеуге асығуға мәжбүр етеді. Тағы бір кезең, егер ол адамды жаңа деңгейге көтермесе, онда кез келген жағдайда өткеннің бәрін қорытындылайды, жалпыға бірдей сана ретінде өзінің субъективті және объективті жағдайына қарама-қайшылықты алып тастайды.

Онтогенездегі сананы тек қана өрлеу деп түсінуге болмайды. Сондай-ақ

төмендеу, бұралу немесе тығыз спираль сияқты күйде де болады. Абсолютте салыстырмалы түрде сөзсіз тәжірибе бар. Соқтығысулар мен байланыстардың алуан түрлілігі сонша, мәні бойынша, байланыстардың тұтас желісі: гипер немесе супержелі деп атайды. Бұл сансыз ассоциация-байланыстардың реттілігі, әртүрлілігі және серпінділігі, сана барлық қозғалыс түрлерімен сипатталатынын көрсетеді. Ал өз кезегінде сана болмысқа тек эквивалентті емес, оның тұрақты сақталуы үйлесімділігі мен үнемі өзгерісте тұратын шығармашылық ретінде теңдікті құрайды [42, 3–11 бб.].

Гегель «Рух философиясы» еңбегінде «Алдымен жас жігітке өзінің идеалды өмірінен азаматтық қоғамға көшу филистерлік өмірге апаратын қиын ауысу сияқты көрінеді. Осы уақытқа дейін тек жалпы мәселелермен айналысып, тек өзі үшін жұмыс істейтін жас жігіт, уақыт өткенде ересектің (муж) әлеуметтік рөлін орындай отырып, тәжірибелік өмірге еніп, басқалар үшін іскерлігін танытып, ұсақ-түйек мәселелерді шешу қажеттілігі туындайды. Бұл өмір заңдылығы болса да, егер әрекет ету қажет болса, онда жекеге қарым-қатынасқа түсу орын алады, алайда адам үшін қатынасты бастауы ауырлық тудыруы мүмкін және өз идеалдарын немесе идеяларын тікелей жүзеге асыра алмау ипохондрияға батыруы мүмкін. Бұл ипохондрия – көптеген адамдарда қаншалықты елеусіз болса да, ешкім оңайшылықпен құтыла алмаған... мұндай ауыр жағдайда адам өзінің субъективтілігінен бас тартқысы келмейді, шындыққа, шынайлыққа деген жиіркенішін жеңе алмайды, сондықтан ол нақты қабілетсіздікке оңай айнала алатын салыстырмалы қабілетсіздік жағдайында болады» - деп жазады [43, 89 б.].

Гегельден үзіндіні алып, өзі жас сананың көріністеріндегі барлық ерекшеліктерді егжей-тегжейлі ашпаса да, дамып келе жатқан сананың осы өтпелі кезеңдегі көріністердің барлық мәні қамтылды деп ойлаймыз. Біздің мақсатымыз тек «идеалды өмірден» «азаматтық қоғамға» ауысу фактісі ғана емес, сонымен бірге жалпы ер жету (өсу, даму, жетілген жастық кезеңге өту) фактісі: өмірдің бұрын белгісіз болған жаңа экзистенциалды тәжірибесі туралы жеткізу.

Келесі кезең – рухани трансформация кезеңі – осы уақытқа дейін қолданысқа түспеген қабілеттердің оянуымен және шығармашылықтың шарықтау кезеңімен сипатталады.

Трансформацияланған сана (толық болмаса да, жоғары дәрежеге қарай жетілу процесі жүріп жатыр) оның әлеуметтік болмыстағы орны оқшаулану, оны өзінен бөлек объект ретінде қарастыру емес, өзін болмыспен эквиваленттілігін, бірегейленуін түсіне бастайды. Бостандыққа сана өзінің ішкі еркіне ие бола бастайды. Дәлірек айтсақ, ішкі ерік сананың бостандыққа шығуы арқылы өзін толық жүзеге асырады. Осы кезден бастап оның келешектегі ерік-жігері алға қарай бағыттайды. Енді санаға бұрын жабық болған көптеген нәрселер бағынышты бола бастайды.

Сонымен қатар, өз күшін сезінген сана белгісіздікті іздеуде, сананың құпияларын ашуда көрініс табады. Трансформацияланған сана енді өз күшінің көмегімен қорқыныш пен қауіп-қатерді жеңе алады. Тіпті сана ұйқы кезінде де

рефлексиялық қабілет өшірілгендей болып көрінсе де, пайда болған мәселені жеңе алады.

Бірақ сананың трансформацияланған күйлері тек медитацияның күшімен, немесе адам түсінде ғана пайда болмайды. Олар жиі ояу немесе салыстырмалы түрде ояу сана жағдайында өздігінен көрініс табады.

Сананың дамуының осы кезеңінде тағы бір маңызды логикалық құрылымымен терең, байыпты ойлауды қалыптастыру үдерісі жүреді. Осы уақытқа дейін сана біршама шашыраңқы және тіпті бытыраңқы күйінде болады, пікірлерге және әртүрлі реактивті эмоцияларға бой алдырды. Енді санаға ойлауды үйрену қажеттілігі туындап отыр. Шынында да, өзінің бытыраңқылығы мен үстірттігін жеңу үшін сана зейінін шоғырландыруды, зерттелетін және қабылданатын нәрседегі басты нәрсені бөліп көрсетуге, танылатын нәрсені құрылымдауға және иерархиялауға, қарым-қатынастарды, байланыстарды, қайшылықтарды және оларды шешу жолдарын көруді үйренуі керек.

Диссертациялық жұмыстың осы бөлімшесінде жүргізілген талдаудың алдын-ала қорытындысы төмендегідей.

Қазақстандық жастар нақты әлеуметтік мәртебе тұрғысынан алуан түрлі құбылыс екені көрсетілді. Дегенмен, әртүрлілік көрініс негізгі белгілерді жасырмауы қажет. Жоғарыда көрсетілген бөліністердің барлығы жалпы маңызды белгілермен біріктірілген жастар әлеуметтік тобына кіреді. Біз диссертациялық жұмыста жастар тобынан ерекше бір топты бөліп қарастырмаймыз, бізге тақырыпты ашу үшін жалпы қарастыру өзекті. Сондықтан, жалпылама ерекшелік ретінде жас мәселесі ғана ескерілмеген, ең алдымен, барлық әлеуметтік топтардың өкілдеріне тән ішкі, психологиялық және рухани үрдістер мен сипаттамаларға тән сәйкестікті алға тартамыз. Әрбір жастық кезеңнің өзіне тән рухани даму құрылымы, жүйесі бар екенін көрсетуге тырыстық.

1.3 Жастар руханиятын қалыптастырудың тұжырымдамалық үлгілері

Тәуелсіз Қазақстанда жүргізіліп жатқан түбегейлі реформалардың тиімділігі – рухани және дені сау, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиесімен тікелей байланысты.

Білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие жұмысы жан-жақты дамыған ұрпақтың рухани қалыптасуының негізі болмақ. Сондықтан оның тиімділігін арттыру мәселелері ерекше маңызға ие.

Рухани мәдениетті жастар ең алдымен өздерін әлеуметтік және рухани тұрғыдан қорғай алады. Яғни өз көзқарасын, мінез-құлқын және әлеуметтік жағдайын басқарады. Біріншіден, мұндай жастар әлеуметтік қорғауға мұқтаж болса да, өз жағдайынан ұялмайды. Оны жеңудің тиімді жолдарын өздері іздеп табады және содан кейін ғана басқалардың көмегін орынды пайдаланады. Екіншіден, олар әлеуметтік қорғауды қажет ететін халық топтарының

психологиясын, ішкі күйзелісін және жағдайын жақсы түсінеді. Сондықтан осы топтардан шыққан қатарластарына қолдау көрсетуге ұмтылады.

Білім беру жүйесінде оқу-тәрбие үдерісін оңтайландырудың негізі – рухани мәдениетті жоғары жастарды, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мен дамытуда жатыр. Зерттеулер көрсеткендей, оқу-тәрбие үдерісін оңтайландыру үшін бірқатар педагогикалық қағидаларды қолдану қажет. Олардың ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- білім беру мен тәрбиенің мазмұны, формалары мен әдістері, педагогикалық-психологиялық жағдайлар, факторлар мен құралдар арасындағы өзара байланыстарды қамтамасыз ете отырып, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу;

- тәрбие бағыттарын, қалыптасатын қасиеттер мен артықшылықтардың өлшемдерін анықтау және соларға бағытталған тәрбиелік әрекеттерді жүзеге асыру;

- жастарды тәрбиелеу үдерісін демократияландыру мен ізгілендіру;

- тәрбиенің формалары, әдістері мен құралдарының тұлғаның жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болуы;

- ғылыми-әдістемелік негіздерді қамтамасыз ету;

- теория мен тәжірибенің, бұқаралық ақпарат құралдарының, жаңа ақпараттық технологиялардың және олардың бірлігін тиімді пайдалану;

- отбасы мен азаматтық қоғамның басқа да институттарының өзара іс-қимыл үдерісінде мақсатты және сараланған тәсілдерді қолдану;

- оқу пәндерін оқытуда интеграция тәсілін қолдану;

- ұжымдық және жеке іс-шаралар өткізу арқылы бос уақытты тиімді пайдалану;

- тәрбиелік үдеріске ғылыми қағидаттар негізінде қарау;

- оқу-тәрбие үдерісін қамтамасыз етуге қоғамның белсенді қатысуы;

- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды үйлестіру негізінде әлеуметтік, отбасылық дәстүрлерді, сондай-ақ өңірлік және аумақтық мүдделерді ескере отырып, тәрбиелеуге кешенді тәсіл қолдану және т.б.

Көріп отырғанымыздай, жастардың руханиятын қалыптастыру – ұзақ мерзімді және жақын арадағы шаралардан тұратын кешенді міндет, оны жүзеге асыру тәрбиешілерден үлкен күш-жігер және елеулі рухани қайтарымды талап етеді.

Үздіксіз білім беру үдерісінде жан-жақты дамыған ұрпақты қалыптастыру нәтижелерінің тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар: жан-жақты дамыған ұрпақтың моделін жасау, ақпараттың сенімділігі, теориялық білімнің тәжірибе қажеттілігіне сәйкестігі, заманауи ақпараттық технологиялар мен тиімді тәрбиелеу үдерісін қамтамасыз ететін механизмдер, әдістер, құралдар және тәсілдерді кеңінен тарту.

Жастардың рухани мәдениетін тәрбиелеудің маңызды шарттарының бірі – оқу-тәрбие үдерісінің басым бағыттарын жетілдіру мен дамыту жоспарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Оларды төмендегідей жіктеуге болады:

- жастардың рухани мәдениетін қалыптастырудың тиімділігін арттыруда органикалық тұтастық пен сабақтастықтың сақталуы;
- білім беру мен тәрбиелеу үдерісінің мазмұнына оқытылатын пәннің ерекшеліктерін ескере отырып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды енгізу;
- ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру мен тәрбиелеудің халықаралық тәжірибесін пайдалану;
- қазіргі тәрбие үдерісінің қажеттіліктеріне сәйкес оқыту үдерісінің мазмұнын жаңарту (оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдары);
- жаңа оқу-әдістемелік, озық педагогикалық технологиялар негізінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру;
- электронды үлгідегі байланыс жүйесін және қашықтан оқыту әдістерін пайдалану;
- халықтың бай рухани мұрасын, оның интеллектуал әлеуетін және жалпыадамзаттық құндылықтарды кеңінен қолдану;
- білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің ақпараттандырылуы, ақпараттық технологияларды пайдалану, әлемдік компьютерлік ақпараттық желіге қосылу;
- оқушыларға кітаппен жұмыс істеу дағдыларын сіңіру. Ол үшін білім беру жүйесіндегі ақпараттық-ресурстық орталықтар мен кітапханаларда қажет отандық және шетелдік оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- педагогикалық шеберлікті арттырудың жолдары мен құралдарын анықтау, педагог кадрлардың үздіксіз өзін-өзі жетілдіруі;
- педагогтың шығармашылық әлеуетін арттыру (сөз мәдениеті мен шешендік өнер, этика, функционалдық, коммуникатив аспектілері);
- оқу орындары мен қоғамның барлық әлеуметтік институттарының рухани тәрбиелеу ісінде жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеу бойынша бірлескен жұмысын жүзеге асыруға арналған тұтас тұжырымдама әзірлеу және т.б.

Үздіксіз білім беру жүйесінде жан-жақты дамыған, жоғары рухани мәдениетке ие ұрпақ тәрбиесінің нәтижелерін педагогикалық тұрғыдан зерттеу ерекше маңызға ие. Мұнда өзін-өзі тану дағдыларын дамыту, өз іс-әрекетінің нәтижелеріне объектив көзқараспен қарау, оны жоспарлау мен жүзеге асыруда ата-аналар, тәрбиешілер, оқытушылар, қоғам өкілдерінің рөлі маңызды. Сондай-ақ, қоғамдық пікірді зерттеу, оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелеріне мониторинг жүргізу, оның мазмұнын жетілдіру, тәрбиелік жұмыстардың формалары мен әдістерін дұрыс таңдау қажет. Осыған байланысты мынадай ұсыныстар: жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеу үдерісінің және оның нәтижелігінің педагогикалық және психологиялық талдауы бойынша арнайы бағдарлама әзірлеу; олардың әдістемелік негіздерін анықтау; осы үдерісті жүзеге асырудың тиімді әдістерінің мазмұны мен ұстанымдарын, оны талдау, қорытынды жасау және ұсыныстар даярлау ұстанымдарын айқындау. Рухани және дені сау, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиесінің тиімділігіне кепіл болатын нәрсе – тәрбиелік

үдерістің маңызды субъектілері ретінде отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, БАҚ, баспасыз, жастар ұйымдары мен бірлестіктері және басқалардың қатысуы мен өзара әрекеттесуінің табыстылығына мониторинг жүргізу.

Жастардың дұрыс көзқарасын, ойлау жүйесін және сенімін қалыптастыруға жоғарыда аталған дереккөздерді әрбір іс-шараның ерекшеліктеріне сәйкес қолдану қажет. Тек осы жағдайда ғана оң нәтиже береді. Әйтпесе, тәрбие-білім беру әрекеттері нәтижесіз болуы мүмкін.

Осылайша, білім беру жүйесінде жоғары рухани мәдениеті бар, жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеу үшін білім беру мен тәрбиенің мазмұнын, формаларын, әдістері мен тәсілдерін жетілдіру қажеттілігі өзекті мәселе ретінде алға шығады. Бұл үдерісті тиімді жүзеге асыру жауапкершілігі тек білім беру мекемелерінде ғана емес, сондай-ақ азаматтық қоғамның барлық институттарына жүктеледі.

Жастардың руханиятын тәрбиелеудің нақты моделі ретінде ақпараттық-ағартушылық қызмет арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру қарастырылуы және қолдануы мүмкін әрі тиіс. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен ақпараттың тез таралуына байланысты бұл модель өте өзекті болып отыр.

Студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі моделінің мазмұнды құрамдас бөлігі – олардың адамгершілік-аксиологиялық әлеуетін белсендіруді көздейді. Ол үшін адамгершілік-ғылыми көзқарасты білімді (адамгершілік көзқарасты, сенімді және т.б.) және адамгершілік құндылықтарды (тұлғааралық қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу құндылықтары) қалыптастыру қажет.

Ұйымдастырушылық әрекет моделінің құрамдас бөлігі студент жастарды әлеуметтану-мәдени қызмет үдересіне тартумен сипатталады және өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі жетілдірумен тығыз байланысты. Ол белсенді оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешу, бастамашылық таныту, шығармашылық ойлауды дамыту және зияткерлік қабілеттердің тиісті деңгейін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Студент жастардың модельді іске асыру үдерісінде тек белгілі бір теориялық білім жиынтығына ие болып қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени қызметті жүзеге асыруға арналған тәжірибелік міндеттерді шешу барысында алған білімді саналы түрде қолдану дағдыларын жетілдіруі қажет. Студент жастарға тәрбиелік ықпал етуді ұйымдастыру формалары топтық та, жеке (жеке түзету жұмыстары) түрде де болуы мүмкін. Студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі – бұл тұлғаның терең, мәнді құрамдас бөлігі (руханиятты) мен оның моральдық, әлеуметтік тұрғыда айқындалған құрылымының (адамгершілігі) үйлесімін қамтамасыз етуге бағытталған және «Мен» бейнесін қоғамда жүзеге асыруды шарттайтын үдеріс.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесінде әлеуметтік белсенді әдістерді (мінез-құлық тренинг технологиялары, рольдік ойындар, пікірталастар және т.б.) және студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қамтамасыз ететін әдістерді теңгерімді қолдану қажет: түсіндірмелі-иллюстративті, рефлексивті, мәселе бойынша ізденіс жұмыстары, коммуникативті, және имитациялық-рольдік.

Осылайша, осы модельдің мәндік ерекшеліктерін толыққанды концептуал түсіну тұрғысынан, модель іске асырудың шарты екі бастаудың үйлесімді тепе-теңдігіне қол жеткізу екенін есте сақтау маңызды: біріншісі – жалпыадамзаттың мораль нормалары, екіншісі – студент тұлғасының «Мен» бейнесін бекітетін жетістіктерге деген жеке ұмтылысы.

Адам руханиятының дамуы оның рухани мәдениетін қалыптастыруды білдіреді. Онда құндылықтарды таңдау, құбылыстарды бағалау, іс-әрекет мақсаттары мен құралдарын әзірлеу, өмірлік жоспарларды құру, өмірлік ұстаным мен стратегияны айқындау жүзеге асады. Руханияты бар тұлға мәдениеттің асыл қазыналарын, өнер туындыларын, адамгершілік тәжірибесін меңгереді. Адамзаттың ғасырлар бойы жетістіктерін бойына сіңіреді. Ғылымның, өнердің, діннің әлеміне бойлай отырып, ол бұл рухани еңбегінле құрбандық немесе қоғамның талаптарына мәжбүрлі түрде берілген даналықты көрмейді. Керісінше, өз қажетілігіне жауап бере отырып, жеке руханиятының айғағы ретінде бұл үдерістен ләззат алады. Бұл рухани жұмыста мұндай тұлға өзін жайлы сезінеді.

Адамдағы руханияттың көрінісі әртүрлі. Олар адамдардың іс-әрекетіне сапалық анықтама, маңыздылық береді. Бұл тек жеке тұлға үшін ғана емес, сонымен қатар, қоғам үшін де маңызды әрі олар мәдени игіліктерді тұтынушыларға қатысты рөлдік функцияларына қарай классификациялануы мүмкін:

- рухани құндылықтарды өндіру;
- рухани құндылықтарды тарату;
- мәдениеттің рухани қажеттіліктерін сақтау.

Қазақстан қоғамының рухани дамуының көпқырлылығы мен маңызын ескере отырып, бұл феноменді әлеуметтік-мәдени салада ақпараттық-ағартушылық қызметте практикалық қолдану үшін түсіну қажеттілігі туындады. Руханият мәселесі әсіресе соңғы кездері гуманитарлық ғылымдардың орталық мәселелерінің біріне айналып жатыр. Соның ішінде әлеуметтік-мәдени қызметтің теориясы, әдістемесі және ұйымдастырылуы. Бұл термин қоғамда, мәдениетте және адамда болып жатқан түрлі үдерістерді сипаттау үшін кеңінен қолданылады. «Рухани жаңғыру», «рухани даму», «рухани әлем», «рухани қызығушылықтар», «рухани күштер» сияқты тіркестер әдеттегідей болып, ғалымдармен ғана емес, сонымен қатар саяси және қоғамдық қайраткерлермен де жиі қолданылып жүр.

Руханият феноменін зерттеу кезінде дәстүрлі түрде мәдени-антропологиялық контекстке жүгінеді. Онда руханият адамның ішкі, субъектив әлемнің, тұлғаның рухани әлемінің сипаттамасы ретінде көрінеді. Мұнда руханият әдетте ойлау деңгейі, білім деңгейі және білім алу әдістері, сондай-ақ белгілі бір танымдық және мәдени қажеттіліктердің болуы ретінде түсіндіріледі. Дегенмен, руханиятты тек адам мәдениет әлемін рационалды тұрғыда қарастыру мүмкіндігі айқын көрінеді деп ойлаймыз. Руханият ең алдымен, өмір мәні, адам болмысының мәңгілік мәселелері, өз «Менін» анықтау, адамның әлем мен қоғамдағы орны. Мақсаттар мен іс-әрекеттің мәнін таңдаушарттары, тұлғалық өсу мүмкіндіктері мен шектеріне негіз болатын құндылықтарды қамтиды.

Рухани даму жолы – шындық, жақсылық және әділеттілікке жету жолында көтерілу ретінде көрінеді. Осы жолда адам өз қажеттіліктері мен тілектерін басқа адамдардың қажеттіліктері мен тілектерімен салыстыра білу, өзін адамзат құндылықтар әлемімен байланыстырғанда өз орнын көре білу дағдыларын игереді.

Дәстүрлі түсінікте руханият үш бастаманы қамтиды: танымдық, адамгершілік және эстетика. Осы бастамаларға сәйкес келетін үш адам қызметінің саласы, үш рухани құндылықтар саласы бар – шындық, жақсылық, сұлулық. Осы үш бастама адам дамуының деңгейін анықтайтын критерийді құрай отырып, рухани тұлғаны қалыптастырады.

Рухани құндылықтарды тарату және сақтау ісінде мәдениет мекемелерінің ерекше рөлі бар. Олар мәдениеттің рухани құндылықтарын құрастырады, сақтайды және пайдаланушыларға ұсынады. Мәдениет мекемелерінде клубтар, кітапханалар, театрлар, білім беру мекемелері, мұражайлар және басқалар жатады. Олар өз әсерін халық арасында пайдаланушыларға қызмет көрсетудің прогрессив формалары арқылы көрсетуі керек. Азаматтарға әлемдік ақпарат көздерін еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Қазіргі жағдайда мәдениет мекемелерінің негізгі қызмет бағыттарының бірі – ақпараттық-ағартушылық қызмет. Бұл ең алдымен, адамның мәдениет, өнер, бос уақытында жаңа сала, шығармашылық ақпарат алу қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейді. Ақпараттық-ағартушылықтың қызметінің соңғы мақсаты – тұлғаның рухани өзін-өзі жүзеге асыруына көмектесу, жеке қабілеттерді дамытуға ықпал ету арқылы соның нәтижесінде адамдар адамзаттың жинақтаған рухани тәжірибесін меңгеріп арттырады.

Мәдениет мекемелерінің басты міндеті – мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа сақтау және жеткізу. Дәл осы мекемелер бұрынғы, бүгін, келешекті өздерінің практикалық тәжірибесінде жинақтап, әлеуметтік топтар мен жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына жауапты. Халықтың, әсіресе жастардың рухани дамуы жөніндегі мақсат-міндеттер мәдениет мекемелерінің ақпараттық-ағартушылық қызметін инновациялық тұрғыдан дамытуға, жұмыс істеудің жаңа жолдарын іздеуге, сыртқы ортамен жаңа қарым-қатынастарды ұйымдастыруға түрткі болды. Қалыптасқан жаңа әлеуметтік-мәдени жағдай рухани өмірдің едәуір жандануымен, адамдардың тікелей қарым-қатынас аясындағы ақпараттық сұраныстары мен қажеттіліктерінің тереңдеуімен, халықтың мәдени өмірге белсенді араласуға деген ұмтылысының күшеюімен сипатталады.

Пайдаланушыларға қызмет көрсетудің әртүрлі формаларын және адамдардың бос уақытын ұйымдастыруды пайдалана отырып, әлеуметтік-мәдени институттардың ұйымдастырушылық формасы болып саналатын бұл мекемелер адамгершілік тұрғыдан жоғары дамыған тұлғаны қалыптастыруға, оның рухани әлемін байытуға, прогрессив құндылықтар мен дәстүрлерге бағыттап, жалпы қоғамының дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Рухани дамуда көркем шығармалардың атқаратын рөлі айрықша, себебі олар жас адамға тірі нақты бейнелерді жеткізеді, сезімдерін оятып, толғандырады, рухани дамудың негізін құрайтын элементтерді ұшқындайды. Рухани әрі адамгершілік тәрбиедегі ең басты міндет – көркем шығармалар арқылы тиісті сезімдер тудыру,

жеке өмірлік тәжірибені жаңғырту. Тек сол тәжірибе негізінде, сондай-ақ адамдардың жеке эстетикалық толғаныстары арқылы жалпыадамзаттық адамгершіліктің қасиетті кітаптарда бекітілген өсиеттерін ұстану дағдысы қалыптасады.

Рухани құндылықтарды қалыптастыру мәдениет мекемелеріндегі ақпараттық-ағартушылық қызметтің әдістемесіне жаңа мазмұн береді. Әлеуметтік-мәдени қызметтің түрлі тәсілдерін ақпараттық-ағартушылық бағдарламаларды әзірлеуде жүйелеу олардың мазмұнын мынадай түрде жіктеуге мүмкіндік береді: біріншіден, ғылыми білім беретін бағдарламалар, екіншіден, мазмұны көркемдік бейнелеу құралдарымен ұштастырылған бағдарламалар.

Ғылыми білім беретін бағдарламаларға студенттер аудиториясында өткізілетін дәрістер, әңгімелер, баяндамалар, пікірталастар, талқылау клубтарын жатқызуға болады. Олар берілген тақырыптарды, пайдаланылған фильмдерді, әдеби және көркем шығармаларды немесе онда қозғалған жекелеген мәселелерді жан-жақты әрі терең талдауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынас барысында рухани құндылықтарды терең меңгеруге, ішкілендіруге (интериоризация) және оны сыртқа шығаруға (экстериоризация) мүмкіндік береді. Жетекші маманның бағыттауымен пікірлер, идеялар, құндылықтар алмасу нәтижесінде өнер туындысы мен оның құндылығы жайлы қоғамдық пікір қалыптасады.

Әңгімелесу, диалог барысында екіжақты сұхбат жүргізіледі: тыңдаушылар жүргізушінің сұрақтарына жауап береді, өздері де сұрақтар қояды, пікірлерін білдіреді. Коммуникация лидері рөлін жүргізуші атқарады: ол әңгімені бастайды және қажетті мақсатқа бағыттайды, соңында қорытынды немесе түйін жасайды. Заманауи әдебиет пен өнерге қатысты рухани құндылықтарға аудиторияның бірімәнді қарамауы, оларды үнемі нақтылау қажеттілігіне байланысты қарастырылған форма өте тиімді. Себебі әңгімеден кейін тыңдаушылардың белгілі бір бөлігі өзінің көркемдік көзқарастары мен бағалауларын оң бағытта өзгертсе, мысалы, әңгіменің соңында дауыс беру арқылы тексеріледі.

Ғылыми білімнің бір түрі болып саналатын ғылыми-көпшілік дәрістің басты мақсаты – көрсетілген көркем-адамгершілік мәселенің теориясын ашып көрсету, оны дамытудың ықтимал жолдарын соңғы ғылыми жетістіктермен ұштастыра ұсыну. Сондықтан, ғылыми-көпшілік дәріс жеткілікті дайындық пен ақпараттану деңгейіне ие аудиторияға арналады.

Ақпараттық-ағартушылық қызметтің ең сипатты формаларының бірі – әдеби жаңалықтарды талқылау. Ол адамдардың белсенділігін ынталандырып, сыни ойлау біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, өнер туындысымен өз бетінше жұмыс істеуге, сондай-ақ, эстетикалық көзқарастар мен талғамдарды, рухани және адамгершілік құндылықтарды дамытуға септігін тигізеді.

Ақпараттық-ағартушылық қызметтің екінші тобына мазмұны көркем бейнелеу құралдарымен ұштасатын бағдарламалар кіреді: ауызша журналдар, әдеби оқулар, тақырыптық кештер, кітап және көркемөнер көрмелері, т.б.

Өңірлік деңгейде поэзия және музыка бірлестіктеріндегі кездесулер, талқылаулар мен шығармашылық алмасулар өз танымалдылығын әлі де жоғалтқан жоқ. Мысалы, Қостанай және Қостанай облысы ақындарының

«Берега» деген танымал бірлестігін атап өтуге болады. Мұндай бағдарламалар көркем-адамгершілік құндылықтар жүйесін бейнелі-сезімдік орта арқылы меңгеруге кең мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, көркем әдебиеттің жаңалықтары, мерзімді басылымдар, баспаға дайындалып жатқан кітаптар мен жаңа музыкалық бағыттар жайлы жылдам ақпарат ұсынудың бір тәсілі. Мұның бәрі жастар аудиториясының рухани және адамгершілік құндылықтарымен қатар эстетикалық талғамын дамытуға ықпал етеді.

Ақпараттық-ағартушылық қызметтің тиімді бір түрі – әдеби оқулар. Онда көркем әдебиет туындыларын мәнерлеп оқу мен талқылау қамтылады. Жас оқырмандар мұндай оқуларға әсіресе кітап желісімен фильм түсірілген кезде, ол фильм теледидардан көрсетілген жағдайда ерекше ықыласпен қатысады. Соңғы уақытта «сөйлейтін кітаптар» (аудиокітаптар) кеңінен таралып жатыр. Оларды тақырыптық кештің негізгі мазмұнына айналдыруға болады. Бұл ретте классикалық әдебиеттің әлеуеті зор, себебі ол кейіпкерлердің күрделі ішкі әлемі арқылы рухани құндылықтарды ашады.

Ақпараттық-ағартушылық бағдарламалар көбіне кітап көрмелерімен сүйемелденеді. Өйткені бұл – оқырманға кітапты таныстырудың ең дәстүрлі көрнекі түрі. Кітап көрмесінің негізгі мақсаты – оқырмандардың әдеби жаңалықтарға назарын аудару. Көрмелерді ұйымдастыру кезіндегі шығармашылық ізденісті жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы ынталандырады. Көрменің компьютер арқылы ұсынылатын ақпараттық тұсаукесерін қабылдау жастардың мұндай бағдарламаларға деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, «Қазақстандағы түрлі этностардың ұлттық мәдениеті» атты виртуал көрмені талдауға болады. Компьютерлік бағдарламада арнайы әзірленген осы виртуал көрмені негізге ала отырып кітап әдебиетін таныстыру, Қазақстан Республикасында өмір сүретін түрлі мәдениеттер мен ұлттардың дәстүрлеріне жастардың қызығушылығын оятуға қосымша мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемде мәдениет мекемелерінің тірі қарым-қатынасқа негізделген дәстүрлі жұмыс түрімен қатар, ағартушылық ақпарат электронды форматта да ұсынылады. Ақпараттық-компьютерлік технологиялар өте жылдам дамып, ақпарат тарату үдерісін мейлінше жеделдетуде, сондықтан қазіргі қоғам бұл технологияларсыз өмір сүре алмайды. Бүгінгі әлеуметтік-мәдени институттардың міндеті – ақпарат таңдауға жәрдемдесіп қана қоймай, электрон әлемде бағыт-бағдар беріп, пайдаланушыларға, соның ішінде жастарға, рухани дамуға ықпал ететін ақпаратты іздеуге және таңдауға көмектесу. Жастар – интернет желісіндегі ақпаратты ең жиі пайдаланатын топтардың бірі.

Қазіргі таңда көптеген бұқаралық ақпарат құралдары жастар санасына руханилықтан ада ықпал жасап отыр. Шын мәнінде теле және радио бағдарламалары, мерзімді баспасөз материалдары мемлекет тарапынан цензураға ұшырамайтындықтан, кей жағдайларда жастарға және олардың тәрбиесіне қатысты бұқаралық коммуникация институттары тарапынан шектен тыс еркіндік пен жауапсыздық туындайды. Мұндай ақпараттың әсерінен қорғаудың жалғыз жолы — адамның адамгершілікке негізделген ішкі сезімі. Осы сезімді қалыптастыруға мәдениет мекемелерінің жүйесі рухани құндылықтар

туралы материалдар мен ақпараттық-ағартушылық бағдарламаларын ұсынып, ықпал етуге тиіс.

Мәдениет мекемелері жастармен жұмыстағы басты әлеуметтік-мәдени институттардың бірі болуымен қатар, заманауи және дәстүрлі ақпараттық-ағартушылық бағдарламалардың рухани-адамгершілік, гуманистік әлеуетіне сүйене отырып, жеке тұлғаның рухани, адамгершілік және эстетикалық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында білім адам өмірінің басты құндылықтарының бірі ретінде айқындалып, ел азаматтарының барлығына кепілдік беріледі. Сонымен қатар, Мемлекеттің Негізгі Заңына сәйкес білім біріздендірілген, адамның мүмкіндіктерін шектейтін дайын үлгі ретінде қарастырылмайды. Конституция басқа елдерде қабылданып, сынақтан өткен білім беру жүйесін Қазақстанға күштеп енгізуді көздемейді, керісінше, бұл салада шығармашылық таңдау жасау құқығын қарастырады.

Әрине, республиканың Негізгі Заңы қоғам өмірінің барлық қырын түгелдей емес, тек ең маңызды қағидаттары мен ұстанымдарын ғана айқындайды. Сондықтан ел азаматтарының міндеті – біріншіден, осы басты қағидаттар мен ұстанымдарға сай болу, екіншіден, оларды нақты тәжірибеде көпқырлы әрі жеке-дара мазмұнмен толықтыру.

Қазақстандағы білім беру саласында бұл тұрғыдан жағдай қалай? Мұнда қиындықтар аз емес. Мәселен, қала мен ауыл, астана мен өңір, элиталық және қарапайым білім беру мекемелері арасында сапалы білімге қол жеткізу мүмкіндіктері айтарлықтай тең емес. Сондай-ақ дарынды жастардың батыстағы зияткерлік орталықтарға кетуі де байқалып отыр. Бұған қоса, мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларының көп уақыты бітпейтін әрі титықтататын бюрократиялық есептерге жұмсалатыны да өткір мәселе. Мектеп бағдарламасына ағылшын тіліндегі міндетті сабақтарды енгізу сияқты тағы басқа да сұрақтар туындайды. Дегенмен біз білім беру жүйесін ұйымдастыру мен оның жұмысындағы мәселелерге емес, ең алдымен білімнің негізгі міндеттері мен сол саланың стратегиясына назар аударып көрейік.

Қазіргі таңда бұл стратегияның басты міндеті – таяу болашақта сұранысқа ие болатын инновациялық технологиялар мен жаңа мамандықтарды игеру қажеттілігі. Қазақстандағы білім беру стратегиясы білімді, шын мәнінде, экономиканың бір саласы ретінде қарастырады және қазіргі жаһандық үрдістерге байланысты қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуін талап етеді.

Ең алдымен, білім беру туралы, яғни оқыту жайында – белгілі бір мамандықты игеру, жас адамды кәсіби қызметке дайындау туралы болмақ. Бұл түсінікті әрі орынды. Алайда күмән тудыратын жайт бар: кейде «мектеп пен жоғары оқу орны тек білім берумен ғана айналысып (оқытып), ал тәрбие отбасының міндетіне жүктелуі тиіс» деген үстірттеу пікірді естиміз. Әрине, балалар мен жастарды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы мен міндеті екені рас және бұл Қазақстан Республикасының Конституциясында (27-бап, 2-тармақ) әділетті түрде атап көрсетілген. Дегенмен білім беру ұғымының өзі «адам бейнесін» қалыптастыруды көздейді. Мектеп пен жоғары оқу орны тек «білім

беру қызметін көрсетумен» шектелмей, қолынан келгенше адамды жан-жақты әрі үйлесімді дамыған тұлға етіп тәрбиелеуге, қалыптастыруға атсалысуы тиіс.

Ең алдымен, білім адам үшін өздігінен мақсат не жай ғана зияткерлік капитал болмауы тиіс. Ақыл-ойды толықтай рухани дамуға және адамгершілік негіздегі шығармашылыққа жұмылдыру қажет. Ол үшін атақты педагог М.П. Щетинин айтқандай, тынымсыз күн сайынғы «сезімдер гимнастикасы» керек: бұл адамды тыңдауға және естуге, қарауға және көруге, басқа адамның әлемін, оның көзқарасын, ұстанымын құрметтеуге үйретеді [44].

Осы тәрбиелік бағытта мектеп пен жоғары оқу орны нақты не істей алады? Ең алдымен, болашақ педагогтардың бойында ең үздік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған кадр саясатын жүргізуі қажет. Тәрбие мен оқыту күнделікті педагогикалық тәжірибеде және оқу материалында оң бейнелерге сүйеніп, негізделуі тиіс.

Жаңашыл педагогтер білім беру үдерісінде дүниеге деген сүйіспеншілік қарым-қатынасты өздігінен іске асырады. Көрнекті ұстаз Ш.А. Амонашвили өткен ғасырдың сексенінші жылдарында: «Махаббат – адамзаттың күн сәулесі» деп айтқан. Күн жылу мен жарық сыйлайды, онсыз жер бетінде тіршілік болмас еді. Ал ұстаз болса, адамның бойына гумандық қасиетті дарыту үшін адамгершілік пен сүйіспеншілікті сәуле етіп төгуі керек. Сүйіспеншілік – тәрбиенің жеңілдеуінің бірден-бір жолы, өйткені дәл сол ғана балаға жан дүниесінің жарастығын сыйлап, оның өсуіне, бір-бірін түсінуіне және айналадағы адамдарға ізгі ниетпен қарауына ықпал ететін қайырымды күш. Сондықтан педагогиканың шынайы анықтамасы – балалардың жан дүниесі мен жүрегіне адамзатқа деген жарқын махаббатты, сонымен қатар сол адамдар үшін шабыттана еңбек ету қажеттілігін сіңіретін дана ғылым ретінде түсіну болмақ» [45, 167-179 б.].

Жаңашыл педагог өзге бір еңбегінде былай деп ерекше атап көрсетеді: «Адамдар бір-бірі үшін өмір сүреді, ал дәл осында олардың адамгершілігінің ең биік мәні жатыр» [46, 494 б.].

Ш.А. Амонашвилимен үндес пікірді Е.Н. Ильин өз еңбектерінде жазады. Ол өзінің педагогикалық еңбектерінде руханилықты адамгершіліктің биік көрінісі, «тіректердің тірегі» ретінде тәрбиелеудің маңызын атап көрсетіп, сонымен қатар, сол руханилықтың өзімен — адамға, оның сыртқы және ішкі өмірінің барлық қырларына деген рухани қызығушылықпен тәрбиелеу қажеттігін баса айтады» [47, 158-161 б.].

Жастардың сезімдерін тәрбиелеу үшін ең қолайлы орта ретінде дәстүрлі түрде әдебиет, тіл, эстетика, өнердің бастаулары мен шығармашылық еңбек сабақтары қызмет ете алады. Адам расында да толық меңгеретін нәрсе – бұл шығармашылық жасауға деген ынтамен байланысты дүниелер. Мұнда осындай еңбек деп кез келген өмірлік жағдайға шығармашылық көзқараспен қарауды (шығармашылық адам – тіпті тұрмыста да суреткер) және жеке тұлғаны дамытудағы өзіндік ұстанымды түсінеміз.

Сондықтан адамды қалыптастыруда ең негізгісі – ең алдымен нақты шеберлік пен қолөнерді өнер ретінде игере отырып, шығармашылыққа бойлау. Материалдық-практикалық іс-әрекет дағдыларын дұрыс ұйымдастыру адамның

денсаулығын сақтап, күш-қуатының теңдігін ұстап тұруға, ойлау қызметін жандандыруға ықпал етеді. Бұдан да маңыздысы – бұл тәсіл тек қаржылық игілікті көздейтін эгоистік масылдық ұстанымдардан бас тартуға мүмкіндік беріп, адамның өз дарынын өзгелермен бөлісуге деген ынтасын арттырады [48, 5 б.].

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, қазіргі әлемде жастардың руханиятын қалыптастырудың қандай үлгілері бар деген сұрақ туындайды.

Негізінен екі үлгі бар. Олардың біріншісі қоғамның интеллектуалдық элитасын қалыптастыруға бағытталған. Мысалы, Назарбаев Зияткерлік мектептері, сондай-ақ математика, IT-технологиялар, шет тілдері және т.б. бойынша тереңдетіп оқытатын бейіндік мамандандырылған мектептер осы үлгіге жатады.

Жастардың руханиятын қалыптастырудың басқа бір тұжырымдамалық үлгісі ең алдымен, тұлғаны тәрбиелеу жағына басымдық беретін білім беру мекемелерінде жүзеге асырылады. Мұндай мектептерге мысалы, Монтессори мектебі, Амонашвили мектебі, сондай-ақ еліміздегі «Бөбек» орталығының өзін-өзі тану мектебі және т.б. жатады.

Бұл үлгілердің әрқайсысының өз артықшылықтары мен қоғамдық маңызы бар. Ал идеал тұрғыда, келешекте әр үлгінің артықшылықтарын өзара ұштастыратын органикалық бірлік қажет.

Ең бастысы – Қазақстанда жаңашыл педагогтер, шынайы педагогикалық таланты бар мамандары үзбей пайда бола беруі тиіс. Олар тәжірибе жасап, ізденіп, тұлғаны тәрбиелеудің ерекше де бірегей әдістерін интуитивті түрде табады. Өздері де тұлға ретінде әрекет ететіндіктен, ашқан әдістері олардың жеке болмысына тығыз байланысты авторлық тәсілдер саналады. Олар өз тәжірибелерімен үлгі болып, ой мен түйсікке қозғау сала алады, бірақ басқа педагогтер немесе ұжымдар бұл әдістерді сол күйінде көшіріп немесе механикалық тұрғыда иемдене алмайды.

Бұл бөлімшеде жүргізілген талдаудан туындайтын қорытындысының тұжырымдамасы төмендегідей болады.

Мәдениет мекемелері жастармен жұмыстағы басты әлеуметтік-мәдени институттардың бірі болуымен қатар, заманауи және дәстүрлі ақпараттық-ағартушылық бағдарламалардың рухани-адамгершілік, гуманистік әлеуетіне сүйене отырып, жеке тұлғаның рухани, адамгершілік және эстетикалық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың руханиятын қалыптастырудың ең маңызды үлгілері – мәдениет мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, отбасы мен мектеп. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, отбасылық дәстүрлер мен мектептер өздерінің тәрбиелік бағдарламалары арқылы аға буыннан жас ұрпаққа адамзаттың ең ізгі қасиеттерін жеткізетін және жеткізуге міндетті арналар ретінде қызмет атқарады. Осы ретте бір-бірін толықтыратын рухани-адамгершілік тәрбиенің екі үлгісі ерекшеленеді: біріншісі – негізгі бағыты ғылыми-зерттеу сипатындағы оқу орындары мен бағдарламалар болса, екіншісі – көркем-шығармашылық бағыттағы оқу орындары мен бағдарламалар.

Жастардың мән-мағыналық анықтамаларының бірі – жастар болашаққа, жаңашылдыққа ашық әлеуметтік топ. Жастар қоғамның қозғаушы күші, әлеуметтік болмыстың жаңа архитектурасын жасайды. Сондықтан жастарды дұрыс тәрбиелеу өте маңызды: тек шынайы рухани даму тұрақты және үйлесімді әлеуметтік құрылымдар мен қатынастарды құра алады. Осылайша, жастардың руханилығы бір жағынан өзін сындарлы әлеуметтік бастама ретінде көрсетеді, ал екінші жағынан – аға буын өкілдерінің жанашырлығын, рухани құндылықтарды қабылдаудағы үздіксіз сабақтастықты талап етеді.

2 ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ

2.1 Қазақ философиясындағы руханият мәселесі: мәні мен генезисі

Бұл бөлімнің міндеті – қазақ халқы мен оның мәдениетіндегі терең рухани әлеуетті ашып көрсету.

«Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы», «Әр халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылық-тары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі» [49, 184-190 бб.]. Сондықтан хақымыздың мәдениетіндегі дәстүрлі құндылықтық басымдылықтарды қарстыруымыз қажет.

Түркі даналығының бастаулары Қорқыт пен Асан Қайғы тұлғаларымен тығыз байланысты. Олар – даналықтың бейнесі әрі оның тасымалдаушылары. Сол мәдениеттегі адам болмыстан ажырамаған, өркениет арқылы жанамаланбаған, табиғатпен біте қайнаған. Алайда бұл өмірдің онтологиялық мәнін гносеологиядан бөліп қарастыратын таза натурфилософия емес, керісінше этика. Сондықтан да көшпелі қазақ дәстүрі терең антропологиялық және этикалық сипатқа ие. Адам өмірінің мәні – өзге адаммен өзара әрекеттесуде жатыр. Қазақ үшін адам бойындағы қасиеттер бәрінен биік тұрады.

Қазақстандағы философия тарихы өзіндік бір дүниетаным үлгісін көрсетеді. Тәңіршілдік өзінде кейбір маңызды рухани негіздерді қамтиды. Тәңіршілдікті зерттеуші Нұрмағамбет Аюпов былай деп есептеген: «Триада – Көк ең жоғарғы әкелік рухани бастау ретінде, Жер – аналық пен махаббат көрінісі ретінде, ал ата-баба рухына табыну – болмыстың адамгершілік бастауы, міне, осының өзі Тәңір...» [50, 25 б.].

Әртүрлі халықтардың дүниетанымдық сипаты негізінен сол халық ең биік деп санайтын, адамның өмірлік іс-әрекетіне бағдар мен мақсат болатын идеалды анықтайды. Мәдениет тарихында осындай үлгі-идеалдың жалпылай айтқанда үш түрі болған. Бұл болмыстың төменгі және жоғары деңгейлерінің жер мен көктің, эмпирия және трансцендент дүниенің арақатынасына байланысты үш түрлі ықтимал нұсқамен айқындалады. Бірінші нұсқада адам абсолютке сіңісіп, жердегі өмірден мүлде қол үзуге бейім. Бұл үнді дүниетанымына тән. Екінші нұсқада адам жоғары бастауға толық бағынуға, тіпті өз еркіндігі мен шығармашылық бастамасынан бас тартуға (у-вэй, яғни «әрекет етпеу» ұстанымы) дейін барады. Мұндай көзқарас көне Қытай философиясында ең алдымен даосизмде басым. Ақырында үшінші нұсқа жоғары бастауды адамдар арасындағы қарым-қатынаста іске асыруды көздейді. Яғни адам өз адамдық табиғатынан не о дүниелік, не осы дүниелік мақсаттар үшін бас тартпауы тиіс.

Мұнда әлдеқайда маңызды саналатыны – жер бетінде өмір сүре отырып, ең жоғары құндылық мағыналық міндеттерді адамдар арасында және ортақ игілікті жүзеге асыру мақсатында орындау.

Сондықтан қазақ философиясы жоғары және төменгі деңгейлерді біріктіретін интегралды үлгіге бейім. Мұндай дүниетаным қазақ мәдениетінің тарихына айрықша тән, оны орынды түрде «этикалық» деген бағамы берілген [51, 95 б.].

Мұны этикалық маңызды идеялардың бірі ретінде ғана емес, қазақ философиялық ойлауында бәрін қамтитын, қазақ философиясының өзіндік альфасы мен омегасы іспетті болатын идея деген мағынада түсіну керек [52, 65-74 бб.].

Қазақ философиясы Құдайдың әлемге қатынасынан (мысалы, бұл мәселе ортағасырлық араб мәдениетінде ерекше мән беріледі) немесе адамның тұлға ретінде өзі-өзіне деген қатынасынан гөрі, адамның басқа адаммен – яғни рухани-практикалық тұрғыдағы қатынаспен тереңірек айналысады. Ал мұндай қатынас «іштен сыртқа қарай» қозғалыссыз жүруі мүмкін емес: адамның өз бойындағы онтологиялық алғышарттардан бастап, сол ішкі рухани-онтологиялық қайнар көз анықтайтын сыртқы байланыстар мен іс-әрекеттерге ұласуы қажет. Басқаша айтқанда, Қазақстандағы философия «тігінен» немесе жай ғана «көлденеңінен» бағаланбайды; керісінше, бір жағынан көлденеңінен басталып, біртіндеп тік бағытқа көтеріле беретін қозғалыс түрінде түсініледі. Тап сол сияқты бұл өрлеуші сызықтың бастауы әуел бастан-ақ «жоғарыда», тік осьтің шыңында орналасқан деп ұғындырылады.

Айталық, қазақ философиясында онтологиялық мәселелер үнді-буддалық, антикалық, ортағасырлық батыстық және арабтық, классикалық немістік немесе Хайдеггер философиясындағыдай соншалықты айқын орын алмайды. Сол сияқты адамның ішкі әлеміне феноменологиялық бойлау да мұнда Кант немесе Гуссерль, Шелер немесе Сартр еңбектеріндегідей кең тарала қоймаған. Әрине, классикалық және постклассикалық концепциялардағы онтологиялық, гносеологиялық, феноменологиялық және философиялық-антропологиялық тақырыптарды талдауда теңдессіз биіктерге жеткені рас. Бірақ дәл осы жағдай тірі мазмұнның белгілі бір дәрежеде босап кетуіне әкеліп соқтырады. Ал Қазақстанда «идеалдылық» ұғымы көбіне «заттық емес» мағынасына қарағанда, таза формалардың антиподы сияқты жетілген. Ізгілік толық мәніндегі: этикалық, эстетикалық, онтологиялық және психологиялық сипаттағы көрінісі ретінде қабылданған.

Қазақстанда философия дәстүрлі түрде философияның екі типінің – объективті және субъективті бағыттарының шектен шығуын жоюға, дәлірек айтқанда, соған жол бермеуге бағытталып келді деп айтуға болады. Қазақ философиясының қандай да бір артықшылығын білдірмейді. Шектен шығуда да ұлы дүние көрініс табады. Өйткені, шектен шығу – трансценденттікке және абсолюттікке жақындау, ақыл-ойды барынша терең әрі мұқият түрде талдап саралау. Батыс пен Шығыстың екеуі де бізге осындай терең және ұқыпты талдаудың мысалдарын ұсынады. Сондықтан әңгіме «Қазақстандағы философия Батыс пен Шығыс философиясынан жақсырақ» деген емес, кез келген басқа

философия сияқты оның да өзіне тән ерекшелігі, өзіндік бірегейлігі бар екендігі туралы болып отыр. Ал бірегейлік ең алдымен, болмыстың тұлғааралық қатынастарды түсінуден тұрады. Оны этикалық, рухани-практикалық, сакралды-адамгершілік және т.б. деп атайды.

Алдағы қазақ философиялық ойы адамның өзін-өзі тануға бағытталады. Қазақ дүниетанымында поэтикалық формаға сүйенген осы антропософияның сан қилы бағыттары туындап, бар тереңдігімен ашыла түседі. Бұл – жарқын форма мен терең мазмұнның рухани байланысының айғағы.

А.М. Амребаевтың көзқарасы бойынша нағыз қазақ көшпелі даналығының классикасы «Зар заман» дәуірінде қалыптасқан және ол қазақ көшпенділердің ой-сезім жүйесі мен өмір салты дағдарысының көрінісі. Дәл осы кезеңде көшпелі даналық дәстүрі өзінің рухани шиеленісінің шарықтау шегіне жетті. Олардың әлеуметтік философиясы халықтың тікелей трагедиясын бейнелейді. Бұл ерекше ұлттық ширығу уақыты. Себебі қазақ халқы XVIII ғасырда «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» замамында жоңғар (ойрат) шапқыншылығының қасіретін бастан өткерді. Бұл – ұлттық рухтың шекаралық философиялық ахуалы. Яғни көшпенді адамның бұрынғы тірек жүйесі (ойлау мен сенім жүйесі) күйрей бастағанын меңзейді. «Зар заман» ойшылдары көшпенділердің цикл, табиғи уақытының дағдарысын атап көрсетті. Бұрынғы өмір сүру салты мәңгілік қайталанып тұратын тарих дөңгелегінің әміріне толықтай тәуелді болса, оның орнына жаңа өлшем – нысаналы, сызықтық уақыт келеді. Ол енді тәжірибелік мүдде мен пайданың аясында жаңа шындықты қалыптастырады. Руханият пен адалдық, ар мен абырой, сенім мен ұяттың орнын материалдық, бірақ рухани негізі әлсіз жайлылық, конформизм және қандай жолмен болса да мақсатқа қол жеткізу, жалған сенім мен ар-ұяттан айрылу басады. «Зар заман» ақындары дәл осы гуманитарлық Апокалипсисті сезініп, болжап береді [53, 21-22 бб.].

Нағыз рухани-ағартушылық идеология XX ғасырда Қазақ даласындағы мәдени парадигманың ауысуымен қатар келді. Өмір сүрудің, шаруашылық жүргізудің және тұрмыстың жаңа форматтары қазақ халқының озық өкілдерін тың білім салаларын игеруге жетелейді. Соның нәтижесінде ғалымдардың, қоғамдық, саяси және мәдени қайраткерлердің тұтас бір шоғыры пайда болды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатов жетекшілік еткен «жаңа толқын» мәні жағынан қайта өрлеу үлгісіндегі мәдениет саналды. Сонымен қатар, олар қазақ дәстүріне сүйеніп, бір мезгілде алдымен Ресей империясының кейін Кеңес Одағының әлеуметтік-мәдени жаңалықтарын бейімдеді. Осы қазақ зиялыларының түрлі салаларда жаңа ұлттық мәдени дискурсты қалыптастыруда орасан зор еңбек сіңірді. Ұлттық рухани мәдениет дәстүрлерін сақтап қалуға жәдитшілдік («усул-и джадид» – «жаңа әдіс») деп аталатын мәдени-ағартушылық қозғалыс ерекше ықпал етті. Ол дәстүрлі діни білім беру жүйесіне зайырлы ағартушылық элементтерін кіріктіруге мүмкіндік берді. Бұл – діни негіздегі рухани мәдениеттен зайырлы, ғылыми дүниетанымға және соның нәтижесінде ғылыми-философиялық білімнің институционалдануына көшудегі маңызды кезең болды. Алайда ұлттық мәдениет қайраткерлеріне қарсы басталған репрессиялардың салдарынан бұл кезең ұзаққа созылмады.

Қазақстанның егемендік алуы философияның институционалды және дәстүрлі «бейнесін» ықпалдастыруға мүмкіндік беретін жұмыстарды бастауға жол ашты. «Мәдени мұра» ұлттық бағдарламасын іске асыру философиялық білімнің ішкі шоғырлануына ғана ықпал етіп қоймай, өзіне тән бірегей сипатқа ие болып келе жатқан қазақ ұлттық философиясының замануи философиялық мәдениет әлеміне енуіне де мүмкіндік берді. Қазақстандағы философиялық зерттеулердің әлеуеттілігін көрсететін маңызды белгі – ұлттық даму дискурсын қалыптастыру, ұлттың даму бағытын айқындау және оның мазмұндық мәнін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында іске асыру.

Қазақтардың этикалық ой тарихын талдау оны әлемдік философиялық және этикалық ойдың бір бөлігі деп санауға негіз береді. Мұның дәлелі – қазақ этиктері талдаған сұрақтар, мәселелер және идеялар. Қазақ философиялық этикасы әлемдік философиялық ойдың жалпы бағытында дамыды және оны тек әлемдік қозғалыс, соның ішінде түркі тарихы мен Алтын Орда тарихы аясында ғана түсінуге болады.

Қазақтардың этикалық ойы ешқашан тоқыраған емес: әлеуметтік-мәдени аясы өзгерген сайын қазақ философиялық этикасы да өзгеріп, дамып отырды. Өз дәуірінің жаңа мәселелері мен сын-қатерлеріне сәйкес үнемі эволюцияланды. Қазақ этикасы тарихының барлық маңызды кезеңдері жаңа әрі маңызды идеялардың қалыптасуымен тығыз байланысты болды. Сол идеялар арқылы дала ойшылдары өз халқының тағдырын жақсартуды үміт еткен.

Көшпелі өмір салты дүниетанымды ерекше ойлау тұстары, идеялармен және бейнелермен ұштастыра отырып, өзіндік менталды әлемді, рухани ғарышты қалыптастыруға ықпал етті. Мысалы, көшпенділер ғаламды, тарихты, уақытты, кеңістікті, «адам-қоғам» және «адам-табиғат» қатынастарын, материалдық және рухани-адамгершілік құндылықтардың иерархиясын, өмір идеалын, ар-намыс кодексін және тағы басқа көптеген ұғымдарды өзінше түсінді [54, 33-34 бб.].

Түркі этикалық ойының ерекшеліктерінің бірі – оның бастапқыда дұрыс өмір сүру өнері ретінде, шынайылыққа практикалық қатынастың үлгілерін ұсынған даналық қағидалары түрінде пайда болуы.

Түркі этикалық ойының бастауында тұрған данышпан – аңызға айналған ойшыл Қорқыт ата. Ол түркі халықтарының негізгі этикалық құндылықтарын, олардың рухани және философиялық ізденістерін, сана эволюциясының жаңа биіктерге көтерілуін бейнелеген тұлға ретінде ұрпақ жадында қалды. Бұл этикалық құндылықтар ерте діни жүйелерде қалыптасып, тарихи үдерісте ұзақ уақыт бойы жетілдіріліп, сансыз соғыстар мен төңкерістердің от-жалында шыңдалды. Қорқыт атаның этикалық идеялары біздің заманымызға дейін жетіп, уақыт өзі іріктеп алған жалпыадамзаттық сипатқа ие жақсылық пен әділет идеалдарын сақтап қалды.

Қорқыт өмір бойы адам болмысының шынайы құндылығын іздеп, өзін-өзі алдаудың үйреншікті жолдарынан құтылуды қалады. Өмірдің аяусыз баламасы – өлімді қабылдамады. Ол өлімге қарсы у іздеп, оны жеңудің әртүрлі жолдарын ойлап тапты. Өз психикасында өлмес өмірдің рәміздерін қалыптастырды. Қорқыт үшін мәңгіліктің символы оның жасаған қобыз аспабы болды. Өйткені

аңызға айналған музыка атасы өнер арқылы адамзатқа қызмет етуде өлмес өмірін тапты. Қорқыттың адамды орталыққа қойған этикалық ілімі, өлім мен мәңгілік, жақсылық пен жамандық, болмыстың дуализмі, жарық пен түнектің күресі жайлы философиялық толғаныстары қазақ этносының рухани құрылымының негізіне енді және қазақ этикасының басты тақырыптарына айналды.

Қорқыттың этикалық әлемі – ұрпақтар арасындағы байланыс жібі, адамгершілік дәстүрлерінің тірі тамыры, оптимизмнің сарқылмас көзі және даналық қазынасы. Осыдан қазақ халқы айналадағы табиғатқа, туған Отанына және оның қаһармандық өткеніне деген сүйіспеншілікті бойына сіңірген. Қазақтардың өмір сүруінің рухани негіздерін, олардың ұлттық болмысын және ерекшелігін түсіну түркі ойшылдарының рухани мұрасына қайта оралуды талап етеді. Бұл мұра болмыстың толықтығын сезіну және адамның бұл дүниедегі мәні мен мақсатын іздеу рухымен суарылған этикадан тұрады [54, 39 б.].

Қазақстандық зерттеушілер «Түркілік рухани құндылықтар қазіргі қоғамның жаңаруы жағдайында ұлттық код пен ділге негізделген іргетас. Түркілік ой-толғаулардың идеялық негізін құрайтын: адалдық, әділдік, уәдеге беріктік, намысшылдық қатарлы рухани-мәдени философиялық құндылықтар солғын тартқан қазақтың өзіндік санасының архетиптерін оятуға әсер етеді. Сондықтан түркілік ой жауһарларын философиялық тұрғыдан талдау, оның этикалық, эстетикалық қырларын ашу – бұл ұлттық түп тамырдан тарқатылған рухани әлемді танып қана қоймай, болашаққа бағдар ретінде тиянақ болатын негіз» деп пайымдайды [55, 44-59 бб.].

Әлемді, адамды, оның өміріндегі орын мен рөлін философиялық-этикалық тұрғыдан түсіну – қазақ ойлау дәстүрінің айрықша ерекшелігі. Адамның мәні, оның этикалық және эстетикалық келбеті қазақ ақындары мен жырауларын терең толғандырған. Бақыт, жақсылық пен жамандық, борыш, ар-ұждан, адамның мақсаты, мәні мен өмірлік мұраты мәселелері қазақ философиялық ойының өзегін құрайды. Патриотизм идеялары, қазақ халқының бірлігі мен ынтымағы туралы армандар, жеке тұлға еркіндігі, адамның құқықтары мен махаббаты үшін күрес – ақындар мен жыраулардың этикалық көзқарастарының негізгі тақырыптары. Олардың дүниетанымы – әлем мен табиғаттың үйлесімін сақтауға бағытталған, ішкі даму серпіні бар. Сондықтан адамның еріксіз араласуын қажет етпейтін өмірді түйсінудің үлгісі. Дала даналарының поэтикалық формада бейнеленген этикалық ой-толғаулары адамды биіктетіп, оны болмыстың күнделікті күйбеңінен жоғары көтерді. Бұл ойлар барлық қазақ ойшылын толғандырған түпкі идея – өз халқына қызмет ету идеясымен айқындалды.

Жыраулар өздерінің этикалық пайымдауларында жақсылықты адамгершілік қасиет пен қадір-қасиеттен айырылған өмірге мән беретін құндылық ретінде анықтады. Тек белгілі бір моральдық талаптарды сақтаған адам ғана шындыққа жетіп, игі істер жасай алады. Жақсылық ата-ананы құрметтеу, отбасына адалдық, батылдық, әділдік, адамсүйгіштік, ел игілігі үшін ерлік жасау сияқты қасиеттердің болуын көздейді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында «бақыт» этикалық категориясы ерекше маңызға ие болды. Көптеген қазақ ақыны мен жырауы бақытты өздігінен бар, өзіндік болмысы бар нәрсе деп санаған. Ол құс секілді «ұялайтын» орнын өзі таңдайды.

Бұқар жыраудың айтуынша, бақыт – бақытсыздыққа қарама-қарсы барлық нәрсе. Қазақ этиктері бұл ұғымның мазмұнын арнайы түсіндіріп жатпайды. Алайда оның мәнін былай тұжырымдауға болады: Құдайға сеніп өмір сүру, өз болмысыңды сақтап қалу, абыройыңды жоғалтпау, еркін болу, шарасыз жағдайларға түспеу, ар-намысты сақтау, құрметке лайықты өмір сүру және қорлық көрмеу. Ойшылдың этикалық көзқарастарына сәйкес, осылардың барлығы адам бақыты мен бақытты өмірді білдіреді.

Бақыт ұғымы мен материалдық игіліктердің байланысын ашу барысында қазақ ақындары мен жыраулары байлық немесе адамдар бақытпен байланыстырған материалдық игіліктердің тұрақсыз әрі өткінші нәрсе екенін аңғарды. Себебі байлық мәңгілік емес: бай адам кедейге айналуы мүмкін, ал кедей адам байып кетуі мүмкін.

Дала данышпандары бақытты отбасылық өмірмен байланыстырған. Оны бақыттың маңызды құрамдас бөлігі деп санаған. Олар адамның тағдыры оның жақындарының тағдырымен тікелей байланысты деп есептеген. Бақыттың бір факторы ретінде отбасылық өмірге жүгіну және адамдар арасындағы қарым-қатынасты отбасы қатынастары арқылы түсінуге тырысу – дұрыс көзқарас. Бақытты өмір жаныңда саналы адамдар болғанда ғана мүмкін. Ақындар мен жыраулардың пайымдауынша, бақыт – рухани байлыққа, ізгілікке және парасаттылыққа негізделген өмірге деген саналы қарым-қатынастың нәтижесі.

Қазақ ағартушылығына келер болсақ, оның гуманистік үнінде және ең жоғары құндылығы – адамның жаңаруын, жетілуін іздеуде жатыр. Қазақ ағартушылары адамды оның тегіне, қоғамдағы орнына, атақ-даңқы мен байлығына қарап емес, адамдарға не беретініне, рухани әлемінің қандай екеніне қарап құрметтеуге шақырды. Қазақтың ұлы ойшылы және ағартушысы Абай Құнанбайұлы: «Рухани қасиеттер – адам өміріндегі ең басты нәрсе. Тірі жан мен сезімтал жүрек адамды жетелеп отыруы керек, сонда ғана оның еңбегі мағыналы, ал табысы орынды болады», – деп атап көрсеткен [56, 17 б.].

Қазақтардың этикалық қағидаттары ежелгі дәуірден бастау алып, ізгілік пен мейірімділік секілді жоғары жалпыадамзаттық идеяларға толы. Қазақтардың философиялық этикасында руханилық, адамгершілік, мейірімділік және төзімділік негізгі құндылықтар ретінде айқындалады. Мұнда әрдайым зорлық-зомбылықсыз әрекет ететін тұлға, ең алдымен, өзін және қарсыласын моральдық зұлымдықтан, өтіріктен, өшпенділіктен, жалғандықтан, өзгелерді құрметтемеуден және әділетсіздіктен қорғайды деген ой баса айтылған [54, 55-56 бб.].

Питеер Мурсеп бірнеше мақалаларында [57] ғылыми зерттеулерді білімнен гөрі даналыққа бағыттау қажеттігін түсіндіреді. Ал даналық біздің қазақ ойшылдарының этикалық, жалпы философиялық иұрасында тұнып жатыр.

Ж.К. Дарбаева мен С.Т. Болатбек зерттеу мақаласында ұлы Абайдың көркем мұрасының рөлін және оның отбасы, еңбек, адамгершілік, достық, махаббат, дәстүр мен патриотизм арқылы руханиятты қалыптастыру үрдісіне әсерін зерттеді. Сондай-ақ, Абай Құнанбаевтың шығармаларына негізделген философиялық-педагогикалық көзқарастары талданды. Зерттеу нәтижесінде біртұтас тұлғаны дамытуға бағытталған қозғалыс траекториясы құрылды. Бұл

тұжырымдар Абайдың көркемдік мұрасының және оның руханиятты қалыптастыру мен тұлғаны дамытудағы философиялық-педагогикалық көзқарастарының маңыздылығын көрсетеді [58].

Ұлттық философиялық сананың рухани бағыты XX ғасырдың басында қазақ философиялық-этикалық ойының көрнекті тұлғасы – Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығында ерекше айқын көрініс тапты.

Шәкәрімнің философиялық ізденістерінің басты нысаны – адам. Ойшылдың рухани ізденістері мен толғаныстары дәл осы адамға бағытталған. Философ адамның болмысын ғарыштық өлшемде ақтайтын руханилықты қалыптастыру жолдарын жанқиярлықпен іздейді.

Белгілі қазақ философы О.А. Сегізбаевтың пікірінше, Шәкәрімнің философиясы теологиялық гуманизмді білдіреді. Өйткені, ол «адамды адамгершілікке тәрбиелеудің теологиялық негіздемесін толығымен беруге бағытталған» [59, 386 б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлының философиясы толеранттылыққа, кез келген концепцияны қабылдауға негізделген. Сонымен қатар, әрбір дүниетанымдық форманы сыни тұрғыдан ой елегінен өткізе отырып, шындықты іздеуге бағытталған ойлау тәсіліне сүйенеді. Ойшылдың пікірінше, біржақтылық адамның ойлау қызметін шектеп, оның дүниетанымын тар, әрі бір өлшемді етіп жібереді.

Шәкәрім өзінің жан туралы тұжырымдамасын атеистік материалистік дүниетанымға қарсы қояды. Бұл ретте ар-ождан философиялық категория ретінде ұсынылды. Философтың сенімі бойынша дәл осы ар-ұждан адам болмысының, ғылым мен философияның мәселелерін шешуге, сондай-ақ адамның руханилығын қайта жаңғыртуға қабілетті.

Ойшылдың әлеуметтік-философиялық көзқарастарында адамның және қоғамның гуманизациялау үдерістерінің өзара шарттылығы мен өзара байланысы туралы түсінік байқалады. Ол адамның кемшіліктерін жоюдың қажетті шарты – қоғамның өзін гуманизациялау деп санады. Алайда жеке тұлғаның рухани саулығынан бүкіл қоғамның рухани-адамгершілік келбеті тәуелді екенін де терең түсінген.

Шәкәрім саяси билікті реттеуге көмектесетін әлеуметтік шараларды да ұсынады. Оның пікірінше, бұл адамдарды жоғары моральдық қасиеттерге ие тұлғалар арасынан сайлау және тағайындау арқылы жүзеге асуы керек. Сонымен қатар, заң шығару қызметіне гуманистік бағыт беру қажет. Бұдан бөлек Шәкәрім ғылыми негізделген жаңа оқу пәнін – ар ғылымын енгізуді ұсынады. Философтың ойынша, оның басты мақсаты мен міндеті – өскелең ұрпақты рухани тәрбиелеу. Бұл тәрбие адамның ізгі қасиеттерін дамыту мен адами кемшіліктер мен төмен әрекеттерге жиіркеніш сезімін қалыптастыруды қамтиды.

Руханият – Шәкәрім Құдайбердіұлы философиясының басты тақырыбы мен негізгі мәселесі. Руханиятты ол адамды адамгершілікке жетелейтін негіз және қоғам дамуына гуманистік бағыт беретін шарт ретінде анықтайды. Қазақ ойшылы адам мен қоғамның рухани қалыптасу жолдары мен тәсілдерін ағартушылықтың, тәрбиенің және мәдениеттің күшінде деп санады. Бұл жарық

жеке тұлғаның санасын гуманистік құндылықтар мен идеалдармен нұрландырып, қоғамның ілгерілеуіне ықпал етеді.

Осы бөлім бойынша негізгі қорытындыны келесі тұжырым ретінде қалыптастыруға болады.

Қазақ философиясы негізінен этикалық сипатқа ие болды. Қазақ философиялық дәстүріне гуманизм, этикалық және жоғары моральдық құндылықтарға бағытталу сияқты маңызды әрі ажырамас қасиеттер тән. Логикалық тұрғыда қазақ философиясы негізінен этикалық жоба деп айтуға болады. Осы мәселелерді қазақ ойшылдары дамытса, ал Батыс философтары үшін онтология мен гносеология мәселелері маңыздырақ болды.

2.2 Қазақ ойшылдарының этикалық ілімдерінің өскелең ұрпақтың дүниетанымының қалыптасуына ықпалы

Дәстүрлі қазақ қоғамында жасы үлкендерді, олардың руы, тайпасы, жүздік немесе ұлттық тиесілігіне қарамастан, құрметтеу культі болған. Барлық мерекеде үлкендерге құрметті орындар берілетін. Жиындарда олар маңызды рөл атқарып, олардың айтқанын жастар сөзсіз тыңдайтын. Жас адам үшін ақсақалдың қолынан ортақ табақтан бір уыс ет алуы үлкен мәртебе саналды. Кіші бауыр ешқашан ағасынан рұқсатсыз дастарханға отырмады. Кіші ешқашан үлкеннің жолын кесіп өтпейді. Бұл ереже әйелдердің ер адамдарға қатысты әрекетінде де қолданылды. Жасы кішіге үлкендерге дауыс көтеру қатаң тыйым салынған. Әңгіме барысында кіші үлкеннің сөзін бөлмейді. Жасына үлкен адамды сөзбен ренжіткен адам оған шапан сыйлап немесе аяғына бас иіп кешірім сұрауға міндетті болған.

«Көшпелілер өркениетінің моральдық ұстанымдар жүйесін жаңғыртуда жалпы адамзаттық құндылықтарды ерекше атап өткім келеді, мысалы: үлкендерге құрметпен қарау, қонақжайлылық, әрине, бұл жиынтық әр түрлі халықтар арасындағы қарым-қатынастың сипатын айқындайды, бірақ бұл моральдық қағидалар ереже ретінде орындалып, сақталды және қазақ әдет-ғұрып құқық нормалары аясында реттелгені туралы айтып отырмыз» [60, 41 б.].

Ұлы Даланың ежелгі тұрғындары ғасырлар бойы өзіндік тәртіп ережелерін қалыптастырды. Тыйымдар – көшпенділердің халықтық педагогикасының бір қыры. Олардың көмегімен үлкендер өмірлік құндылықтардың маңыздылығын өскелең ұрпаққа байыпты түрде жеткізіп отырды.

Қазақтардың өмірі әрқашан көпқырлы болған. Сондықтан тыйымдарды өмірдің барлық қырларын қамти отырып, жіктеуге болады. Негізінен қатал климаттық жағдайларда өмір сүрген қазақтар аман қалудың өзіндік ережелерін қалыптастырды. Осыдан болмыс туралы түсінік бастау алады. Оның негізі – адам, ал одан үлкенге құрмет көрсету және кішінің оған сөзсіз бағынуы туындайды. Үлкендерді құрметтеу – көшпенділердің «алтын ережесі». Ол өмірдің барлық қырларынан көрініс тапқан. Бұл ережеге қатаң дала халқының өмір салтымен талап етілген, себебі мұндай қағидасыз тіршілік ету қиын болған. Бұл «алтын ереже» ғасырлар бойы беріктігін дәлелдеп келді. Қазақтар бүгінгі

күнге дейін үлкендермен «Сіз» деп сөйлеседі. Адам – қазақ дүниетанымының басты құндылығы. Мұны тыйымдар да растайды. Міне, олардың кейбірі:

Жасы үлкеннің сөзін бөлме;

Жасы үлкеннің жолын кеспе;

Ата-анаңа қайда барасыз деп сұрама;

Үлкенге сыртыңды беріп отырма .

Кісі жолын кеспе;

Қазақтардың жас жұбайларға қоятын басты талабы – күйеуінің немесе келінінің ата-анасын құрметтеуі және бұл талап бүгінге дейін сақталып келеді. Бұл ең алдымен, көшпелі өмірде болмыстың негізгі тірегі болған отбасын сақтап қалуға тырысқан. Сол үшін тыйымдар арқылы болашақ өмірлік серіктің ата-анасына, күйеуі мен әйеліне деген дұрыс қарым-қатынасты алдын ала тәрбиелеген. Сондай-ақ, бұл тыйымдар оларды түрлі бақытсыздықтардан қорғауға бағытталған:

Ата-ененің төсегіне отырма;

Ата-ененің жатқан жерге жатпа.

Көшпелі өмір салты қазақтардың рухани әлеміне, дүниетанымына, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне өз таңбасын қалдырды. Қазақ мәдениетінің ұзақ тарихи дамуында бай рухани мұра қалыптасты. Басқа көшпелі халықтар сияқты қазақтарға да мифтер, аңыздар, хикаялар, эпостар, шежіре арқылы ақпаратты ауызша жеткізу тән болды. Көшпенділер өздерінің мәдени дәстүрлерін мұқият сақтап, басқа этностардың мәдени ықпалын дерлік қабылдамады. Сол арқылы бүгінгі күнге дейін байқалатын рухани негізді сақтап қалды.

Көшпелі өмір салтының қиындығы өскелең ұрпақты тәрбиелеуге де әсер етті.

Ғасырлар бойы патриархалды қазақ отбасы қоғамның негіздерін және дәстүрлі құндылықтарды қалыптастырды. Бұл құндылықтар табиғатқа, қоршаған әлемге деген адамгершілік қарым-қатынаста, отбасының ұйытқысы ретінде әйел-ананы құрметтеуде, отбасының басшысы және әулеттің жалғастырушысы ретінде әкені қастерлеуде, ата-баба рухын – Аруақты ардақтауда және өткен ұрпақтардың естелігіне құрмет көрсетуде көрініс тапты.

Қазақ отбасы көпдеңгейлі құрылымға ие болған. Әдетте бірнеше ұрпақ бірге өмір сүрген – ата-әжелер, әке-шешелер, бойдақ ағалар мен әпкелер, балалар. Қазақ қоғамында үлкендердің өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі ықпалы зор. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Жеті атаға дейінгі некеге тыйым салу шариятта жақын туыстар арасындағы некеге рұқсат етілгеніне қарамастан, қасиетті заң болып қала берді. Қазақтар балалық шағынан бастап өз шежіресін жеті атаға дейін жақсы білді. Бұл мәселені үлкендер – ақсақалдар қадағалаған.

Әке-шеше шаңырағы балалар үшін қасиетті орын саналды. Отбасы құрған кезде әке ошағының оты ұлына беріледі. Қыз тұрмысқа шығып, тұңғышын дүниеге әкелгеннен кейін міндетті түрде тұңғышымен бірге ата-анасының үйіне келеді. Келіндер мен абысындар күйеуінің ата-анасының шаңырағына кіргенде, ата-бабаларына деген құрмет белгісі ретінде міндетті түрде иіліп сәлем жасайды.

Дәстүрлі қоғамда неге жасы үлкендерге құрмет көрсету қағидасы қатаң сақталды? Әлеуметтік факторлардан бөлек мұнда бірнеше басқа жайттар да маңызды рөл атқарды. Біздің ойымызша, жастарға деген ізгі қарым-қатынас – үлкендерді құрметтеудің әлеуметтік-психологиялық негіздерінің бірі. Әйтпесе, үлкендерге құрмет көрсету тез арада бос әдет-ғұрыпқа, жазадан қорқу, пайда табуға ұмтылу сияқты себептерден туындайтын екіжүзді қарым-қатынасқа айналып кетер еді.

Қазақ отбасында жастарға, балаларға деген қарым-қатынас ерекше ілтипатты болған. Ал тұңғыш балаға ерекше орын беріледі. Баланың дүниеге келуі мен тәрбиесіне байланысты көпғасырлық тәжірибе мен ежелгі нанымдарға негізделген көптеген салт-дәстүрлер қалыптасқан.

Оқыту мен еңбекпен қатар, ойын адам қызметінің ерекше түріне жатады. Қазақтардың өмірінде мерекелер мен ойындардың қоғамдық маңызы зор болды. Олар тәрбиелік, әскери-спорттық, ритуалдық, эстетикалық және коммуникациялық қызметтер атқарды. Ат жарыстары мен ойындар жастарда күш, ептілік және ерлік қасиеттерін дамытуға ықпал етті. Сондай-ақ, әскери-қолданбалы өнердің дамуымен садақ атудан жарыстар ұйымдастырылды. Халық арасында күрес (қазақша күрес), жастар ойындары қыз қуу, алтыбақан, ақсүйек және бәйге үлкен танымалдыққа ие болды. Бұл ойындар әдетте ірі мерекелер мен тойлар кезінде өткізіліп, өте әсерлі еді.

Ұл отбасын құрған кезде, оны жеке шаруашылыққа бөліп шығарады. Бірнеше отбасы ауыл құрайтын, ал жеті атаға дейінгі туыстық байланысы бар бірнеше ауылдар тармақты (атаны) құрайтын. 15–20 тармақ бір руды құрайтын және т.б. Осындай туыстардың бірге өмір сүруі көшпенділердің аман қалу мүмкіндігін арттырды.

Болашақ ер азаматтардың мойнына жастайынан шаруашылықты жүргізу жауапкершілігі жүктеледі. Әдетте, қазақ отбасындағы балалардың әрқайсысының өзіне тән міндеттері және олар сол міндеттері үшін отбасы басшысы – әкесі алдында толық жауап береді. Ұл балалар аналарына да белсенді түрде көмектеседі. Ал ана культі қазақ отбасында қасиетті саналды. Ер адамдар – көшпенділер жиі отбасынан жырақта жүретін: жаңа жайылымдарды барлап, мал бағып, күзетте тұрып немесе қарсыластармен шайқасқа қатысады.

Қазақ отбасында қыз балаларды – болашақ аналарды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлді. Бір жағынан, қыздар сүйіспеншілік, мейірімділік пен адамгершілік атмосферасында тәрбиеленді. Қазақ қыздарына нәзіктік, сыпайылық, ақкөңілділік сияқты қасиеттер тән болуы керек деп есептеледі. Екінші жағынан, қыздарды «ана», «келін» – «отау иесі» рөлдерін орындауға дайындайды. Мұндай әлеуметтік рөлдер қыздардан физикалық шынығуды, табандылықты, еңбекқорлықты және шыдамдылықты талап етеді.

5–6 жасынан бастап қыздар өздерінің аналары мен әжелерінен әйелдерге тән қолөнерді, тамақ дайындауды, азық-түлік сақтауды және т.б. үйренеді. Киім тігу секілді қарапайым жұмыстардан бастап, олар киіз бұйымдарын жасауға, тоқыма мен төсеніштер тоқуға машықтанады. Қыз ұзатылмай тұрып, өз қолымен кілем тоқуы тиіс еді. Әдетте, оған бұл істе рудағы әйелдер көмектеседі.

Қыз бала ата-анасының үйінде қонақ күту ережелерін үйренуі керек, себебі қонақжайлылық – көшпелі өмір салтына тән ерекше дәстүр. Қазақ қыздары дастарханды дұрыс жабдықтауды, қонақтарға дәм дайындауды, шай құюды, қонақтармен сыпайы қарым-қатынас жасауды және аз сөйлеуді үйренеді. 13–14 жасқа келгенде олар өз бетінше өмір сүруге толық дайын болады, себебі қазақтарда 13 жас – есею жасы саналады, «13-те – отау иесі» дейді халық мақалы.

Осылайша, көшпелі өмір салтында балалар мен жастар тәрбиесі ерекше практикалық сипатқа ие болды. Ерте жастан еңбексүйгіштікке, дербестікке баулу, физикалық төзімділік, табиғат құбылыстарына мұқият болу, қолөнер мен кәсіптерді, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды білу – тәрбиелік үдерістің негізі болды. Жастар өз руының абыройы мен қорғаушыларына айналып, үлкен қауымдастықтың лайықты мүшелері болуы тиіс еді.

Дәстүрлі әдеп жастардың бүкіл өмірін, олардың ата-аналарымен, құрдастарымен, үлкендермен және балалармен, әйелдермен, көршілермен қарым-қатынасын, қоғамдық орындардағы мінез-құлқын және т.б. реттеп отырған. Жастардың жүріс-тұрысы қоғамдық және отбасылық кодекстің қатаң ережелері, этикет пен қоғамдық моральдың нақты талаптары шеңберінде болды. Әсіресе, мінез-құлықтың әдептік қасиеттерін қалыптастыру ерекше маңызды еді.

Дәстүрлі қоғамдағы жастардың мәртебесі мен жастар субмәдениеті мәселелерін қарастыру этнос тарихы мен психологиясын зерттеу үшін маңызды. Сондай-ақ мәдениеттің берілу және сабақтастық механизмін ашуға мүмкіндік береді.

Гуманитарлық білім саласында мәдениет, субмәдениет және олардың арақатынасы ұғымдары кеңінен зерттелген. Субмәдениет деп мінез-құлық стильдерінің, қызығушылықтарының, стереотиптері мен құндылықтарының ортақтығына ие белгілі бір әлеуметтік топтың мәдениеті ретінде түсініледі. Субмәдениет доминантты мәдениеттің құндылықтарымен де, нақты әлеуметтік топқа тән құндылықтармен де байланысты аралас құндылықтарға ие болуы мүмкін. Дәстүрлі қоғамда субмәдениеттер көбіне доминантты құндылықтар жүйесінің көріністері, ал оған қайшы келу немесе одан ауытқу ретінде қарастырылмайды. Олар жат құрылым емес, жалпы әлеуметтік-мәдени аясы қарастырылады.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жастардың әлеуметтік мәртебесі, ең алдымен, осы жас санатының өмірін реттейтін кең ауқымды мінез-құлық нормаларымен байланысты болды және гендерлік сәйкестікке – ерлер мен әйелдердің болашақтағы қоғамдық функцияларын, әлеуметтік рөлдерін түсіну және меңгеруге негізделді. Өмірдің алғашқы жылдарынан бастап қалыптасып, белгілі бір рәсімдер арқылы бекітілген еркектік пен әйелдікке тән мінез-құлық модельдері мен стереотиптері бүкіл дәстүрлі қоғамға ортақ болды. Олар айқын көрініс тапқан құндылықтар жүйесінің белгілеріне ие болып, бүкіл қоғамдағы гендерлік құндылықтар иерархиясы туралы түсініктерді ұғынуға ықпал етті.

Бұл идея дәстүрлі халықтық педагогика жүйесін де айқындап отырды. Қазақтардың балаларды тәрбиелеудегі басты құрамдас бөліктері – адамгершілік тәрбиесі, еңбекке баулу, дене шынықтыру және әртүрлі халық ойындарына

катыстыру болды. Қазақ баласы жасөспірім шағында-ақ отбасы мен қоғамдағы мінез-құлық ережелерін меңгеріп, жан-жақты дайындықтан өтеді.

Қазақ жігіттеріне жастайынан жылқыға деген сүйіспеншілік дарытылып, оларды ерте жастан атқа мінуге, жылқыны күтуге, суатқа апаруға үйретеді. Әсіресе, шабандоздық өнерді меңгеру жоғары бағаланатын – бұл атты бағындыру мен қаруды шебер қолдану дағдыларын көрсете отырып, шабандоз арнайы жаттығулар жасайтын жарыстың бір түрі.

Дәстүрлі дене жаттығулары мен ойындар халық мәдениетінің ажырамас бөлігі болып, өскелең ұрпақтың дене тәрбиесін, олардың толыққанды ересек өмірге дайындығын қамтамасыз ететін және үлкен тәрбиелік әлеуетке ие болған.

Әрине, Батыстағы білім беру картинасы толық идилиядан, идеалдан алыс. Мұнда тек білім сапасында ғана емес. Батыс насихаттайтын және басқа елдер мен халықтарға тануға тырысатын жалпы идеалдар мен құндылықтар мәселесі бар. Бұл Қазақстан жастарының батыс білімін алу мәселесі көтерілгенде ескеру қажет.

Батыс дегеніміз не және оның ең маңызды құндылықтары қандай?

Белгілі болғандай, мәдени-философиялық категория «Батыс», «Шығыспен» қарама-қарсы қойылғанда, адамның әлемге деген қатынасының мұндай көріністерін қамтиды: әрекеттілік, рационализм, утилитаризм (пайда), сыртқы әлемді практикалық түрде өзгерту, табиғатты бағындыруға деген ұмтылыс, оның заңдарын өзіне қызмет етуге бағындыру.

Әрбір мәдениет өзіне тән, әлемдегі орнына (Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс, Батыс, Евразия, құрлықтық, теңіздік, таулы, жазық және т.б.) және әлемдік тарих ағысында болуына, сондай-ақ жинақталған тарихи тәжірибесіне негізделген құндылықтық ерекше өзегіне ие. Осы өзек арқылы мәдениеттің бүтіндігі, оның

кайталанбас келбеті қамтамасыз етіледі. Демек, Батыс – бұл белгілі бір құндылықтар жүйесі. Олар сынға ұшырағанда, сынға түскендер адамдардың өздері емес, оларды бейнелейтін мәдени типі екенін ескеру қажет. Адамдар барлық жерде адам, бірақ олардың өмір сүру қағидалары, құндылықтар жүйесі шынымен де әртүрлі және кейде айтарлықтай өзгешеленді.

Басында Батыс өз тарихында үлкен, жоғары мәдениетті қалыптастырды. Бірақ тарихи Батыс сарқылды, оның құндылықтары көп жағынан тозып кетті.

Бұл жағдайдың мүмкін себептері қандай? Біріншіден, тарихи шаршау О.Шпенглер мен Л. Гумилев өз зерттеулерінде кез келген мәдениет дамудың бірнеше кезеңдерінен өтетінін көрсетті: бастапқы, толық энергия кезеңінен бастап, соңғы, финалдық кезеңге дейін, онда пассионарлық энергия әлсірейді. Екіншіден, инновацияларға, техника мен технологиядағы жаңалықтарға деген ұмтылысқа айналған әрекетшілдік. Бұл өмірдің роботтануына және ойлаудың стандарттарға сәйкес болуына, адамның жанын шығармашылық бастауын өлтіруге әкелді.

Бүгінгі таңда Батыстың ең маңызды құндылықтарының бірі – толеранттылық, бірақ оның шекаралары мен шынайы шексіздігі, шын мәнінде қазіргі американизацияланған әлемде ашық индивидуализм қағидасына негізделген қоғамда мүмкін емес. Құндылықтар мен дүниетанымдар бір-біріне қайшы келген әлемде толеранттылық не жалған, не деформацияланған және абсурдты көріністерге жетелейді.

Бұл шынайы картина батыс аксиологтарының идеализацияларында қалай көрсетілген?

Құндылықтар мәселесі философияда, әлеуметтануда, антропологияда және психологияда (Э. Дюркгейм, Дж. Дьюи, П. Сорокин, К. Льюис, Т. Парсонс) жеткілікті терең зерттелген.

Питирим Сорокиннің пікірінше, дәл құндылық әрбір мәдениеттің негізі. Қай құндылық басым болса, ол барлық мәдени суперсистемаларды үш типке бөледі: идеационалды, сезімдік және идеалистік. Осыған байланысты қазіргі мәдениет типін П.Сорокин сезімдік мәдениет деп атайды. Ол объектив шындық пен оның мағынасы сезімдік негізде болады деп санайды. Тек біз көріп, естіп, сезіп, татып, қабылдай алатын нәрселер ғана шынайы, мағыналарға ие. Осы сезімдік шындықтан тыс ештеңе жоқ немесе біз сезіне алмайтын нәрселер бар, ал біз сезіне амайтын нәрсе шынайылықтан алыс, бар болмайтын нәрсеге тең. Қазіргі «сезімдік» мәдениет Сорокиннің ойынша, құлдырауға ұшырауы тиіс. Себебі, ол адам баласының құлдырауына, барлық құндылықтарға салыстырмалы сипат енгізгеніне жауапты [69].

Шынымен де, біздің ойымызша, бүгінгі мәдениетті ерекше атап өту керек: қазіргі мәдениет – сезімдік мәдениеттің апофеозы. Бұл материалды-сезімдік мәдениет, көңіл көтеру мен рақат алуды қамтамасыз ететін, оны ынталандыратын мәдениет, ол надандықты, мәдениетсіздікті және руханилықтың жойылуын қолдап, дәріптейді, ал өз кезегінде бұл кемшіліктер көбінесе жастарға тән.

Құндылықтарды зерттеудің дәстүрлі формаларынан бөлек, барлық әлем құндылықтарының шолуы деген ұғым бар (World Values Survey) [70].

Бұл зерттеу жобасы әлем бойынша әлеуметтанушыларды біріктіріп, құндылықтарды және олардың әлеуметтік және мәдени өмірге әсерін зерттейді. WVS (бұл Стокгольмде орналасқан Ассоциацияның штаб-пәтері) 97 елде әлеуметтік зерттеулер жүргізді. Олар жалпы халықтың 90%-ын қамтиды.

Бұл зерттеулер адамдардың дүниетанымындағы өзгерістерді, олардың өмірден не күтетінін көрсетеді. Әлеуметтанушылар халықтың барлық топтарының өкілдерімен сауалнамалар жүргізеді. Стандартқа сәйкес сауалнамалық парақтарды пайдалана отырып, олар дін, жынысаралық қатынастар, еңбек мотивациясы, демократия, елдегі басқару жүйесі, әлеуметтік капитал, саяси өмірге қатысу, толеранттылық, қоршаған ортаны қорғау және субъективті әл-ауқат сезімі сияқты құндылықтардағы өзгерістерді өлшейді. Әлеуметтанушылар қоғамы бұл құндылықтардағы өзгерістердің елдердің экономикалық дамуына, азаматтардың өмір сапасына және демократияға әсерін талдайды. Зерттеу авторларының айтуынша, халықтың өмірге деген көзқарастары оның экономикалық дамуы, демократиялық институттардың пайда болуы мен жұмыс істеуі, жыныс теңдігі мен басқарудың тиімділігіне үлкен рөл атқарады.

Зерттеулер әртүрлі саяси режимдегі, экономикалық дамудың түрлі кезеңдеріндегі (кедей елдерден бастап, өте бай елдерге дейін) және мәдени формалардың алуан түрлілігін көрсететін елдерде жүргізіледі.

Зерттеушілер елдерді екі үлкен категорияға бөлінген құндылықтар бойынша салыстырады: Өмір сүру құндылықтары (өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтары) және Дәстүрлі (секулярлы) рационал құндылықтар:

– Өмір сүру құндылықтарына экономика және физика қауіпсіздігі, материалдық құндылықтар, басқаша ойлаушылар мен ксенофобияға төзбеушілік, еркіндік пен адам құқықтарының төмен бағалануы, авторитаризмді қабылдауға дайындық, мойынсұнушылық, ғылым мен техниканың шексіз мүмкіндігіне сену сияқты қасиеттер жатады. Өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтарына – жеке тұлғаның еркіндігі, адам құқықтарының, материалдық игіліктердің, табыстың жоғары бағалануы, экономия мәселесіне алаңдаушылық, жыныс теңдігіне деген назар аудару жатады.

– Біздің ойымызша, өмір сүру құндылықтары теріс болып көрінеді. Мысалы, ең алдымен біз өзіміз басқа адамдар үшін қауіпсіз болуымыз керек, әйтпесе халықтар арасындағы бөлініс тек тереңдей түседі. Өкінішке қарай, дәл осы «кері жағдай» бүгінгі таңда абсолютті түрде басымдыққа ие.

– Дәстүрлі (секулярлы) рационал құндылықтар категориясында дәстүрлі құндылықтарға дін, отбасы, билікке құрмет, абсолютті стандарттар, әлеуметтік конформизм, келіспеушіліктерге қарағанда келісімнің артықшылығы жатады; ал секулярлы-рационал құндылықтарға – рационал мінез-құлық, табысқа жету, зайырлы мемлекеттің артықшылығы, діннің әсерін және рөлін шектеу жатады.

Біздің диссертация тақырыбы аясында маңызды бір жайтты атап өту керек: ұрпақ алмасуы барысында өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтарының кеңінен таралып жатқандығы анықталды. Сондықтан зерттеу авторларының пікірінше, авторитарлық режимдегі елдер 15-20 жылдан кейін либерал болуға мүмкіндік алады. Ал демократия деңгейі халықтың өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтарына

сәйкес келмейтін елдер уақыт өте келе нағыз демократия елдеріне айналуы мүмкін.

Құндылықтардың шынайы мәнін жалған құндылықтармен ауыстырудың негізгі контингенті – жас ұрпақ, яғни ерте балалық шақтан бастап жасөспірімдік кезеңге дейінгі жастар. Жасөспірімдік кезеңде құндылықтар мен мақсаттар саласында трансформация орын алады. Идеал мен басымдықтар өзгереді. Жасөспірім үшін идеал – ересек адамдар. Оны әрине, сындарлы түрде қабылдамайды. Ересек өмір оған шынайы және көмфортты өмір сүруге мүмкіндік беретіндей болып көрінеді, бірақ оған ену мүмкіндігі әлі жоқ: объективті түрде ол оған әлі жетпеген. Ересектер оны өздерінің жастағы тобына қабылдамайды, тіпті аралары үш-төрт жыл ғана бөлетін жасөспірімдер мен қыздар да қабылдамайды. Әрине, жасөспірімді қынжылтады және айқын әділетсіздік ретінде қабылдайды. Осы жағдайда ерекше, тек жасөспірімдерге тән сананың қалыптасуы орын алады. Онда логикалық ойлау эмоциялық ойлау түрімен бірігіп, осы сананың және жасөспірімдік өмірдің ішкі антиномиясын тудырады. Ескеретін жайт, жасөспірімдік және ерте жасөспірімдік кезеңдер тек психиканың тұрақсыздығымен ғана емес, сонымен қатар дүниетанымдық және құндылықтық бағдарлардың шатқалдылығымен де ерекшеленеді.

Дәл осы жас тобына ересек өмірдің ұстанымдарына деген нигилизм мен құндылықтардың максимализмі тән. Және дәл осы жас топтары жаһанданудың стратегиялық ойлаушылар мен әрекет етушілердің тарапынан олардың санасымен мақсатты түрде манипуляцияға ұшырайды. Бұл жас тобының санасы жаулық насихатқа сөзсіз сенуге, қылмыстық, сектанттық, террористік және басқа құрылымдардың ықпалына берілуге бейім. Жастар – ұлттық мемлекеттің болашағы әрі дәл осы жастар манипуляторлардың сананы бұзуымен шынайы жолдан тайса, ол – баяу әрекет ететін бомбаға айналады. Жаһанданудың елшілері дәл осы жастарға арқа сүйейді. Олар жастардың санасынан негізгі құндылықтарды, ал соңында – құндылықтардың өзін жоюды мақсат етеді. Мысалы, жоғары құндылықтардың бірі ретінде түрлі ойын-сауықтарға уақыт өткізуді насихаттайды.

Қазіргі Қазақстанның жағдайы ғаламдық өркениеттік дағдарыс тұрғысынан қалай болып жатыр? Кеңес Одағында болған ыдыраудан кейін халықтың едәуір бөлігі құндылықтар дағдарысына ұшырады. Бұл мемлекеттегі саяси және экономикалық бағыттың күрт өзгеруіне байланысты болды. Этика, саясат, мамандықтарына сұраныс, бірегейлік дағдарыстары және т.б. пайда болды. Бірақ уақыт өте келе адамдар жаңа жағдайларға бейімделіп, көптеген дағдарыстарды еңсерді.

Сонымен қатар, кеңеске дейінгі және кеңес уақытында қазақтар, орыстар, белорустар және басқалар сияқты, ұжымшылдық, өзара көмек құндылықтарының үстемдік еткен жағдайында өмір сүрді және бұл құндылықтар қазіргі уақытқа дейін сақталды. Дәл осы шынайы құндылықтар Қазақстан азаматтарына қазіргі Батыс Еуропаны жаулап алған жалған құндылықтарға қарсы тұруға мүмкіндік береді. Зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, Қазақстанда жалпы алғанда жоғары құндылық көзқарастары, өмірді қуаттайтын және бейбіт идеалдар басым. Қазақстандықтардың көпшілігі

отбасылық құндылықтарға, денсаулыққа және шығармашылық еңбекке, рухани-адамгершілік идеалға басымдық береді.

Нақты әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелерінде көрсетілген мәліметтер бойынша, қазақстандықтардың дүниетанымы, сенімдері және оларға байланысты құндылықтық таңдаулары айтарлықтай қарама-қайшы. Тіпті ұқсас сұрақтар бойынша пікірлердің айырмашылығы өте үлкен. Бұл соның ішінде, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кіруі арқылы келіп жатқан және әртүрлі бастапқы ақпарат көздерінен алынған ақпараттың орасан зор көлемімен байланысты. Мысалы, либералдық құндылықтар мәселесінде белгілі бір шатасулар орын алып жатыр. Көптеген адам осы сұрақтың абстрактылы қойылымын (либералды құндылықтар – бұл жұмсақтық, жақсылық, толеранттылық, диалогтылық және т.б.) либерализмнің нақты-тарихи шындықпен, Батыстық интервенция ретінде дәстүрлі құндылықтық ұстанымдарды жою стратегиясы көзқарасымен шатастырады.

Құндылықтар дағдарысын жеңудің басты тәжірибелік міндеттерінің бірі – білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымын түбегейлі өзгерту. Адамды тәрбиелеу мен оқытудың басты мақсаты руханилық болуы тиіс, ол – шартсыз адамгершілік, барлық нәрсеге деген махаббатпен шығармашылық көзқарас ретінде түсінілуі керек. Ал қазіргі уақытта Қазақстан мен әлемде білім беру негізінен тек технологиялық пайда мен адам-компьютер тәрізді типті адамның құрылуына бағытталған.

Білім беру мен тәрбиелеу саласында гуманизация және гуманитаризация қажет. Мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына «этика», «эстетика», «психология», «экология» сияқты пәндер бойынша курстарды кеңінен енгізу, сондай-ақ Қазақстанның мәдениет пен әлеуметтік-экономикалық өмір саласындағы тиісті мамандарды тарту саласын кеңейту қажет. Адам тұлғасын, оның құндылықтары мен мақсаттарын тәрбиелеу ерте балалық шақтан басталады. Сондықтан балалардың ерте жасынан бастап – қызықты түрде, ойындар мен нақты өмірлік жағдайлар арқылы – ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес этика императивін қалыптастыру қажет. Осылайша оқу материалы, оқулықтар, техникалық құралдар мен көмекші құралдарды гуманистік құндылықтар мен әдістемелер негізінде құру қажет, оның ішінде қарым-қатынас пен оқушылардың бірлескен әрекетінде басқа адамды басымдыққа алуды қамтитын қағида болуы керек. Сонда ғана гуманистік құндылықтар қайта жаңғыртылады, ал онымен бірге этикалық, эстетикалық, танымдық, діни құндылықтар да қалыптасады. Бұл шынайы толеранттылықты қалыптастыруға, өзара жауапкершілік императивін қалыптастыруға, түрлі экстремизм түрлеріне, ең алдымен, діни экстремизмге қарсы иммунитетті дамытуға ықпал етеді.

«Адам жанын тәрбиелеу және оның дүниетанымын қалыптастыру үшін әлемдік және дәстүрлі діндердің рухани құндылықтарын тиімді қолдану маңызды болып саналады. Дінтану пәні дәстүр мен жаңашылдыққа, оның үйлесімді дамуына, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне және жауапкершілікке, отансүйгіштікке, мәдениеттер үнқатысуына, ұлыстардың ерекшелігін түсіну мен сыйлауға, өзге діндегілерге құрметпен қарауға, діндердің құндылықтық негіздерін үйретуі тиіс. Сонымен қатар, еліміздегі қалыптасқан

діни жағдайды, шетелдік жат діни ағымдардың теріс ықпал әсерін, экстремистік және террористік бағыттағы діни топтардың зиянды ұстанымдарын үнемі назарға алынуы керек. Дінтану пәнін оқыту процесінде Қазақстандағы діндердің тарихы мен діни іліміне, ғибадаттық ерекшеліктеріне ерекше тоқталу қажет. Қазақстандағы сүнниттік ислам және христиандық православиялық бағыттың елімізге келуі мен таралуын жан-жақты қарастыру бұл ислам мен христиандықтың еліміздегі дінаралық татулық пен келісімдегі атқаратын қызметін ашып көрсетуге бағытталуы тиіс. Дәстүрлі ұлттық діндердің қоғам өмірінде және ұлттардың рухани мәдениеті мен дүниетанымдық ұстанымдарындағы алатын орнын саралау қажет. Еліміздегі мұсылман халықтарының басым бөлігі ұстанатын Әбу Ханифа мәзһабының ерекшеліктерін жас жеткеншектерге үйрету халқымыздың ауызбіршілігі мен ынтымақты өмірінің шарты десек, діни ұстанымдағы татулық пен көзқарастың бірегейлігі рухани тұтастықты нығайта түседі» [71, 56-57 бб.].

Қазақстандық БАҚ мәдениет пен тәрбиелеу саясатын одан әрі жүйелі жүргізуге міндетті. Әрине, бұл жас қазақстандықтардың санасына жоғары құндылықтарды насихаттау мен күшпен енгізу туралы емес, ақпаратты қабылдаушыларға шынайы гуманистік көзқарас қалыптастыру туралы сөз болып отыр. Мысалы, Қазақ радиосымен ұсынылатын мемлекеттік радио хабар тарату бағдарламасын біз, әрине, айтарлықтай әртараптандыру қажет деп санаймыз, оған әдеби және философиялық әңгімелер мен кездесулер, музыкалық шолулар мен мастер-класстар, қызықты адамдармен, Қазақстанның шығармашылық элитасының өкілдерімен сұхбаттар қосылуы тиіс. Жақсы әрі әртүрлі бағдарламаларды балалар мен жастарға, олардың ішінде жақсы адамгершілік сезімдер мен қасиеттерді өнегелік, әрі табиғи түрде тәрбиелеуге көбірек арнаған жөн.

Қазіргі зерттеулер, соның ішінде әлеуметтік зерттеулер, бүгінгі күні посткеңестік кеңістікте бірнеше құндылықтық бағдарлар жүйесі қатар өмір сүретінін көрсетуге негіз бар. Олардың біреуі постиндустриал индивидуалистік құндылық үлгісімен жақындасады (батысқа қарсы типтегі өкілдер – астаналар мен ірі қалалардың тұрғындары). Екінші жүйе дәстүрлі қазақ ділінің өкілдерінен тұрады және патриархалды құндылық үлгісіне бейім (Қазақстанның кіші қалалардың, үлкен қалалардың маңында шоғырланған тұрғындар). Жоғарыда аталған екі құндылықтық бағдар үлгісінен басқа, анық байқалатын үшінші бағдар қалыптасып келе жатқан діл (менталитет) типі бар – аралас, әлі анықталмаған құндылықтық сана типі (орташа өлшемді қалалар мен орталықтан алыста орналасқан өнеркәсіптік аймақтар тұрғындары). Бұл топ батыс типті құндылықтарға белгілі бір дәрежеде ұнамдылығын білдіреді, бірақ оларды мүмкіндігінше дәстүрлі құндылықтар жүйесінің негізіне бейімдеуге тырысады.

Соңғы екі онжылдықтағы либерал реформалар қазіргі жастардың құндылық бағдарларының өте әртүрлі екенін және ол білімге, әлеуметтік тегіне мен жағдайына, аймақтық факторларға, ұлттық-этникалық топқа тиістілігіне, діни сенімдеріне және тағы басқа көптеген факторларға байланысты екенін көрсетті. Бұл өзгерістер әлі де болса қазақстандықтардың отбасылық құндылықтар, балалар, достар, жұмыс, дін сияқты негізгі мәдени

құндылықтарына фаталды түрде әсер етпеді. Дегенмен, экономика мен саясаттағы тұрақсыздық, әлеуметтік дифференциацияның тереңдеуі, дағдарыстан шығудың ұзаққа созылған ізденістері белгілі бір деңгейде халықтың, оның ішінде жастардың менталитетіне әсер етті. Болашаққа деген сенімсіздікті және әлеуметтік, құқықтық нормалардың тиімділігінің төмендігі (аномия) күшейтті.

Халықтың, оның ішінде жастардың негізгі құндылықтық бағдарларының өзгерісін үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең – кеңейтілген реформалардың басталуы (80-жылдардың соңы – 90-жылдардың басы). Осы жылдары, әдеттегі өмір сүру жағдайларының ыдырауы мен материалдық мәселелердің шиеленісуіне қарамастан, адамдардың құндылық бағдарлар иерархиясы дерлік өзгеріссіз қалды. Көшбасшылық құндылықтардың қатарына адамның ішкі әлемнің жайлылығымен байланысты құндылықтар кірді: тыныш ар-ұждан, отбасы, қызықты жұмыс. Аутсайдер құндылықтар арасында үстемдік еткендер: пайдакүнемдік, билік, бәсекелестік. Материалдық сипаттағы құндылықтар орташа маңыздылықта деп бағаланды, бұл ресейлік мәдениетке тән сипат.

Екінші кезең – 90-жылдардың ортасы мен екінші жартысы. Бұл жерде әлеуметтік зерттеулер посткеңестік кеңістіктегі дәстүрлі құндылықтық жүйелердің біршама бұзылғаны байқалады. Рухани-адамгершілік құндылықтарды ығыстырып, оларды материалды-прагматикалық құндылықтар парадигмасымен ауыстыру үрдістері белсенді түрде жүре бастады. Реформалардың алғашқы жылдарында халық әлеуметтік-саяси мәселелерге белсене қызығып, еркіндікті құндылық ретінде жоғары бағалады. Бұл өз кезегінде дәстүрлі ділге (менталитетке) тән емес сипаттарды көрсеткен еді. Алайда 90 жылдардың ортасына қарай халықтың көпшілігі материалдық әлауқатты еркіндіктің құндылығынан жоғары бағалай бастады.

XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басы үшінші кезеңнің бастамасы болып, қарапайым адамдардың ешнәрсеге әсер ете алмайтыны, олар теріс үрдістерді тоқтата алмайтыны жөнінде сенімнің қалыптасуымен байланысты болды. Халық арасында оның ішінде жастар арасында басқарудың қатаң әдістеріне қолдау көрсету артты. Көшбасшы тұлғасының маңызы өсті, ол қажетті харизмасы бар, елді хаостан шығара алатын қасиеттерге ие болды; жастардың дүниетанымдық көзқарастарында және құндылықтық бағдарларында теріс тенденциялар пайда бола бастады. Адам өмірінің маңызды құрамдас бөліктері – танымға ұмтылыс, еңбек, білім беру және т.б. айтарлықтай маңызын жоғалтып, құндылықтар иерархиясында материалдық қамтамасыз етілу үстемдік ететін болды. Қазіргі жастардың басым көпшілігі ұстанатын қатал индивидуализм мен прагматизм қоғамда эгоизм, цинизм, экстремизм және агрессия сияқты теріс құбылыстардың артуына әкеледі.

Келесі онжылдықтарда қазақстандықтардың көпшілік санасының дәстүрлі құндылықтық бағдарларға қайта оралу тенденциясы байқала бастайды. Баяу болса да, білімнің, рухани дамудың, қызықты жұмыстың, еркіндіктің маңызы артып жатыр. Осылайша, Қазақстан мен басқа посткеңестік республикалардың

тұрғындарының негізгі құндылықтарындағы трансформациялық өзгерістер бастапқы парадигмаға қайта оралып жатыр.

Профессор В.Е. Семенов, «Соңғы 30-40 жылда жастардың еңбекке деген құндылықтық бағдарларында айтарлықтай өзгерістер болғанын ескеру керек; әсіресе бұл еңбектің маңыздылығына қатысты. Кеңес кезінде, 1960 жылдардың соңынан 1970 жылдардың бірінші жартысына дейін жастар арасында жұмыстың құндылығы бірінші орында тұрған, оны респонденттердің кемінде 2/3 бөлігі таңдаған; қазір ол төртінші орынға төмендеді. Бұл соның ішінде, реформалар барысында ерекше қоғамдық маңызға ие еңбек идеологиясының жойылуымен байланысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында адал еңбекшінің, өндіріс озатының, жалпы кез келген жұмысшының бейнесі жоғалып кетті. Еңбекші, техник, инженер болу өз мәртебесінен айырылды. «Еңбек қаһармандары» «тұтыну идеалдарына» (поп-жұлдыздар, юмористер, пародистер, астрологтар, сән журналисі және т.б.) ауысты. Қазіргі жастардың құндылықтық құрылымындағы қолайсыз фактор – жұмыс пен ақша арасындағы анық байланыстың болмауы. Кеңес дәуірінде бұл байланыс «теңгерушілік» көріністері нәтижесінде әлсіреген болса, қазір ол мүлде жоқ. Себебі, біреулер ақша табу үшін авантюралар мен манипуляциялар жасайды, ал басқалары – ауыр еңбекпен (кейде бірнеше жұмыс орнында) жұмыс істей отырып, жұмыстың көлемі мен төленетін жалақысы сәйкес келмейтін қиындықтарға тап болады. Жасөспірімдер мен жастар бұл жағдайды жақсы аңғарып отыр» [72, 37-38 бб.].

Сонымен қатар, Ресейлік әлеуметтанушы, К.Э. Циолковский атындағы Ресей мемлекеттік технологиялық университетінің кафедра меңгерушісі Л.А. Гегельдің пікірінше, «...әлеуметтік зерттеулер нәтижесі бойынша: жастар санасында, ешқашан шешілмейтін қарама-қайшылық бар, ол иллюзия (армандар) мен шындық арасындағы қайшылық бар екенін айқын көрсетеді» [73, 10-19 бб.].

Жастарға тән ерекшелік – қарттар буынына қарағанда, ұлттық белгі бойынша төзімсіздіктің жоғары деңгейі, сондай-ақ байлық пен кедейлік, білімділік пен сауатсыздық, денсаулық құндылығы, спортқа деген қызығушылық және нашақорлық, темекі шегу, алкоголизм сияқты қарама-қайшылықтардан туындаған мәселелер.

Бір қызығы, аға буынның өскелең ұрпаққа деген сыны барлық уақытта болған, бірақ біздің ойымызша, жастар буынының өз-өзіне аға буыннан қарағанда әлдеқайда көп сыни көзбен қарайтыны жаңашылдық.

Жас ұрпақтың өз жасына тән және өмірлік тәжірибенің болмауына байланысты сондай-ақ өзінің әлеуметтік нормасын қалыптастыру үшін ішкі критерийлердің тұрақсыздығына байланысты ең осал топ екенін ұмытпау керек. Жас ұрпаққа бүгінгі Қазақстандағы жаңа әлеуметтік құбылыстар мен жағдайларда «ауруды» «сау» деп айыру оңай емес. «Тіршілік етуге бейімделу» жас ұрпақтың толыққанды әлеуметтенуі деп санала алмайды. Оның еліміздегі жағдайға, әсіресе қарттарға қарағанда, салыстырмалы түрде жоғары бейімделгіштігі әлеуметтік оптимизм үшін біржақты әрі қарапайым себеп болмауы тиіс.

Соңғы жылдары жастар санасында жаңа тенденция байқалып отырғанын назардан тыс қалдырмау керек: негативті құндылықтардан гөрі позитивті құндылықтарға басымдық беру. Мысалы, бұл өзін-өзі маңызды деп есептейтін бағыттарды тандауда, жалпы адамзаттық құндылықтармен, мысалы, еңбекқорлық, адалдық, принципшілдік, жалпы мәдениет, өзінің мүмкіндіктерін сын көзбен бағалай алу сияқты құндылықтармен байланысты тандау туралы сөз болып отыр.

Докторанттың шетелдік тағылымдама барысында жүргізілген бақылау қорытындыларын ұсынамыз (жеке бақылау).

Франциядағы жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің ерекшеліктері. Жас француз ұрпағының ұлттық сипаты мен рухани-адамгершілік тәрбиесінің ерекшеліктері тарихи, табиғи факторлардың, саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың, білім беру жүйесінің дәстүрлері мен білім берудің инновациялық идеяларының әсерінен қалыптасады.

Француздар ең жаңа сән – жаргонды, киім мен өнердің соңғы үлгілерін, түрлі техникалық өнертабыстарды, жақсы тағамдар мен шарапты жақсы көреді. Ұлттық өндірістік бағыттың негізгі салалары осымен тығыз байланысты. Француздар үшін құндылық-ең инновациялық талаптардың биіктігінде қалу. Оларға өмір энергиясы, стиль және сән өзгергіштігі ұнайды.

XXI ғасырдың басында эксперименттік мектептер мен еркін білім беру мектептерінің өкілдері біртұтас тұлғаны қалыптастыру идеясын теориялық тұрғыдан негіздеді педагогикалық процестің объектісі мен субъектісі. Олар адамгершілік тәрбие бағдарламасын ұсынды. Мүгедек балаларды оқыту аспектілеріне көп көңіл бөлінеді. Бұл бағыт қазіргі заманғы тәрбие мектебінің жұмысында маңызды болып табылады. Франциядағы қазіргі заманғы рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі – жеке тұлғаның адамгершілік қалыптасуы. Алайда, бұл үрдіс өте қайшылықты. Бір жағынан, білім беру үрдісінде авторитарлық тұжырымдаманың негізгі дәстүрлері сақталады, ал екінші жағынан дербестіктің, коммуникативтіліктің, мәдени және адамгершілік салалардың даму үрдістері жеке индивидті белсенді дамытуға мүдделі. Педагогикалық авторитаризмнің басымдықтарына қарамастан, адамгершілік тәрбие үрдістері қарқын алуда. Өскелең ұрпақтың өмір сүру жағдайларына назар аударылуда. Тәрбиенің ұжымдық формалары белсенді түрде жүзеге асырылуда, мұғалімдер, студенттер және ата-аналар қызметінің бірлескен сипаты жүзеге асырылуда.

Батыс елдерінде эмоционалды тәрбиелеудің белгілі бір әдісі кең таралған. Бұл әдіс ойын түрінде еркін жағдайды, оқушы-тәлімгердің серіктестік формасында жүргізіледі.

Латвиядағы рухани-адамгершілік тәрбиенің ерекшеліктері

Қазіргі Латвиядағы рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі – тұлғаның рухани және адамгершілік қалыптасуы. Алайда, бұл процесс жеткілікті қарама-қайшы, өйткені жастарды авторитарлық тәрбиелеудің жалғасып келе жатқан дәстүрлерімен қатар, тәуелсіздікті, коммуникативтілікті, мәдени және адамгершілік жақтарын дамытуға бағытталған тенденциялар жиі кездеседі.

Қазіргі уақытта Латвия педагогикасы әлемдік қауымдастықтағы көшбасшылардың бірі болып табылады. Бұл білімнің жоғары деңгейімен, жоғары білімді азаматтардың үлкен пайызымен, бүкіл әлемде танылған университеттердің көптігімен расталады. ХХІ ғасырдың басында Латвияда жоғары білім беру желісі күрт өсті. Студенттердің әлеуметтік құрамы айтарлықтай өзгерді, ол демократиялыққа жол аша бастады.

Оқу орындары санының өсуі білім беру сапасының төмендеуіне әкелді. Осы мәселені шешу мақсатында жоғары мектептің жұмысын мемлекеттік бақылау механизмі жүзеге асырылатын. Дәстүрлі педагогикалық авторитаризм адамгершілік тәрбиесінің қарқынды тенденцияларына қайшы келеді. Білім алушының өмір сүру жағдайына көңіл бөлінеді. Жастардың психологиялық атмосферасын арттыруға деген ұмтылыс артып келеді. Бұл жастарды жетістікке, шығармашылық және танымдық белсенділікке, қоғам үшін қолайлы бейімділіктер мен мүдделерге ынталандыруды білдіреді. Бүгінгі таңда білім алушы мен оқытушының ынтымақтастығына негізделген білім беру үлгісі үздік деп танылды. Сонымен қатар, ұжымдық тәрбие (оқытушылар, студенттер және олардың ата-аналар) формалары жүзеге асырылады.

Латвиялық жастарының рухани-адамгершілік тәрбиесі үшін оқушылардың өзін-өзі басқаруы өте маңызды. Білім берудің бұл әдісінің басым бағыттары-студенттерді қазіргі қоғамдық өмірге тарту, жастардың тәуелсіздігін дамыту, өз көзқарастары мен сенімдерін қорғау қабілеті, жалпы қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу. Дегенмен, мұғалімдердің студенттерге авторитарлық қатынасы бүгінгі күні де орын алады. Тағы бір мектеп бағдарламасы аясында адамгершілік тәрбиесі бойынша сабақтар өткізіле бастайды.

Латвияның білім беру институттарының алдында стратегиялық мақсаты – жас ұрпақтың өзін-өзі тәрбиелеуге қабілеті мен ынтасын қалыптастыру.

Латвияда А.С. Макаренконың «тәрбие әдістемесі» және «өзін-өзі басқару жүйесі» еңбектері белсенді зерттелуде. Ұжымдық еңбекті ұйымдастыру идеясына ерекше рөл беріледі. Латвия мен Еуропаның солтүстік елдері жас ұрпақта ұқыптылық, еңбекқорлық пен тәртіпті тәрбиелеудегі дәстүрлерімен танымал. Егер тұтастай қарастырсақ, Батыс елдерінің білім беру жүйелері өздерінің экзистенциализм, прагматизм, позитивизм философиясындағы теорияларға негізделген және оны практика жүзінде қолданыс табады.

Батыстықтардың дүниетанымы ХVІІ ғасырдан бастап рационализм мен жеке индивидуализмге негізделген тәрбие үлгісі дамыды. Ерте жастан бастап еуропалықтарда тәрбиеленген прагматизм өмірдің барлық салаларында, соның ішінде діни салаларда байқалады, бұл салыстырмалы түрде азаматтардың өмірі тұрақты, сапалы, жоғары әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық деңгейді сақтауға көмектеседі.

Еуропалық жастарды мәдениет пен шығармашылыққа баулудың маңыздылығын жастардың Даму стратегиясы шеңберіндегі ЕО зерттеулері растады. Жастар стратегиясының екінші үш жылдық циклі (2013-2015 жж.). Еуропалық Одақ елдеріндегі дағдарыс нәтижесінде еуропалық ұлттардың жас өкілдері арасында туындаған мәселелерді шешу. Қазіргі уақытта Еуропада шығармашылық әлеуетті белсенді дамытумен қатар, жұмыспен қамту және

кәсіпкерлікке, әлеуметтік интеграцияға, жұмыс орындарының санын ұлғайтуға, жас ұрпақтың денсаулығы мен әл-ауқатына ерекше көңіл бөлінеді. Материалдық байыту идеяларына негізделген білім беру мен рухани-адамгершілік тәрбиенің батыстық тарихи үлгісі, жеке нарықтық қатынастар жағымды және жағымсыз нәтижелер бергенін бақылап отырмыз.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші жүйенің құрамдас бөлігіне жастар, және олардың қазіргі заманғы орын алып жатқан жаңа үрдістерге қатысты түсінігі мен бағасы. Сонымен қатар, басқа қоғамның топтарына қарағанда, алпауыт күшке ие, және болашағынан үміт күтіретін жастар тобын зерделеу мемлекеттің дамуында айрықша орын алады. Басты ерекшелік, өмірдің қазіргі кезеңіндегі қазақстандық жастардың құндылықтық нұсқамасының биполярлығы: қазақ ділі мен қазақ мәдениетінің құндылық жүйесінен басқа, өмір сүрудің батыстық формасы кірігуде, әрине, оның жағымды және жағымсыз салдары бар, мысалы, шығармашылықта еркіндік қайталанбас туындының пайда болуына әсер етсе, қоғамдағы еркіндік адам өз жынысын таңдауда, екінші жұбын таңдау еркіндігінен біржынысты некелердің пайда болуы, өзі үшін өмір сүру еркіндігінен демографиялық ахуал туындайды. Биполярлық нұсқамада адам өзінің туа біткен және сыртқы құндылықтардың қақтығысына ұшырайды, сәйкесінше, адамның тұлғалық және дүниетанымдық өзін-өзі құлдыратуға әкеліп соғады. Шындық қазіргі ұрпақтың рухани дамуы күрделі және драммалық мәнге ие, біз жастардың рухани дамуының қаншалықты жаһанды мәселе екенін келесідей мәселелер тізімінде ұсынамыз.

Қазіргі жаһандану әлеміндегі бейбіт және заңды соғыстар мен қақтығыстардың орын алуы. Адамзат I, II дүниежүзілік соғыстан кейін, тұрпайы соғыстың түрі шынында да пайда алып келмейтінін түсініп, суық соғыс түріне көшті, яғни ақпараттық соғыс, адамдарда «үрей», «қорқыныш» тудыру арқылы басымшылдыққа ие болды, уақыт өте келе соғыс өз мақсатын сақтай отырып, іске асыру әдісін ғана өзгертті. Қазіргі бір мемлекетті жаулап алу немесе ыдырату үшін, сол мемлекеттің халқының мәдениеті мен діліне әсер ете отырып, саналық деңгейдегі кірігу арқылы жүзеге асады. Қазіргі заманғы өзін-өзі ұстау, киіну тенденцияларының батыстық мәдениетке еліктеуі, әртүрлі субмәдениеттердің пайда болуы, секталық жүйенің өз әрекетін сыртқы ерекшеліктерімен жастардың қызығушылын арттырып, астыртын мақсатын жүзеге асыруда. Демек, мемлекеттің мәдениеті мен ділін қорғау қажеттілігі туындайды. Өзгерістердің барлығы бірдей жағымсыз салдар алып келмейді, сонымен қатар жағымды жақтары бар. Осыған сәйкес, жастар өзінің ұлттық кодын сақтай отырып, жаңашылдыққа бет бұрса, сәйкесінше қауіптің алды сейілер еді. Ұлттық код сақталды + жаңашылдық синтезделді = дұрыс бағыттағы даму. Жарық беруші бағдар мемлекет болса, функционалдық рөлді атқара алмағандығы, интеллектуалдық күштің жылдан-жылға азаюы дәлел бола алады. Басқа мемлекеттер тарапынан оқу гранттарының берілуі, жұмыс шарттарының тиімділігі жастардың санын азайтуда. Өзге мемлекеттің тарапынан білім алушы жастардың қайтпауы, жоғары білімді азаматтардың шетелге кету мүмкіндіктерін іздеуі, жоқ бағдардан, бар бірақ нәтижесін білмейтін жарыққа тартылуы күрделі

шешімдердің бірі. Болашақ жетекшілердің жойылуы, бағынушылар тобын қалдырады, және әрқашан басқарушыны іздейді.

Мемлекеттік рухани баланстың болуы тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Барлық ғасырларда руханилық мәселесі қарастырылған және зерттеу өз жалғасын табады, әр кезеңде мәселенің түйіні бір болсада, мағынасы өзгереді. Аристотельдің «Никомахқа арналған этикасынан» Канттың «Категориялық императивіне», Ш. Құдайбердіұлының «Үш анығы» – ғасырлар тоғысындағы руханилық мәселесі қайта қарастырылады.

Патриотизмнің үлгілік түрі – ағартушылық патриотизм. Сананың жаңғыру идеясын дұрыс қабылдай алмаған бұқараның бөлігі патриотизмді шовинизмге, джингоизмге алмастыруда. Көпұлтты мемлекет үшін, ұлтаралық қақтығыстарды тудыртушы алғышарттар немесе себеп ретінде күшке ие.

Рухани әлемді осындай философиялық және әлеуметтанулық тұрғыдан түсіндіру кезінде рухани әлемнің уақытша болмыс «кеңістігі» анықталып, қоғамның идеалдары мен жеке мүдденің «кездесу орнына» және «келісім алаңына» айналатыны нақтыланды. Сондай-ақ, қазақстан-дық жастардың өзін-өзі анықтайтын және жүзеге асыратын дүниетанымдық көзқарастарының ерекшеліктері зерделенді. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бүтіннің бөлігі болып табылатын, жастар тобының рөлі мен осы тараптан төнетін қауіп-қатерлерінің алғышарттары қарастырылды. Жас азамат, өзін Отан идеалдарымен бірегейлендіріп, және жеке тұтастығын сақтай отырып, жеке шығармашылық таңдау туралы идеяларын дамыту міндеттерін түсінуі қажет.

Уақытша болмыстың ішкі, сыртқы және мета-сыртқы компоненттерімен бірге жастардың ақпараттық іріктеу және өркениеттік таңдау жүйесін философиялық-әлеуметтанулық және әлеуметтік-психологиялық тұрғыда түсіндіріп, зерттей алатын практикалық философия қажет.

Жоғарыда жасалған талдау бойынша белгілі бір қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан жастарының құндылықтық кеңістігі келесі жайттармен сипатталады. Қазақстан қоғамының нарықтық қатынастарға өтуіне байланысты қазақстандық жастар үшін күнделікті құндылықтар арасында прагматизм мен индивидуализмнің айқын көріністері басым. Өмірлік маңызды, өзектілігі жоғары құндылықтар қатарында материалдық әл-ауқат, қызықты жұмыс, денсаулық, махаббат жатады. Ал рухани құндылықтар әлі де жас адамның құндылықтық кеңістігінде маңызды орын ала қоймағанымен, қазіргі Қазақстан жастарының құндылықтар иерархиясында позитивті құндылықтық бағдарлары теріс құндылықтардан басым бола бастағанын атап өткіміз келді.

Жалпы, қазіргі Қазақстан жастарының рухани құндылықтары олардың жаңа рухани қажеттіліктері мен сұраныстарымен анықталады. Бұл Қазақстан жастар ортасында туындайтын мәселелермен байланысты, себебі жаңа сұраныстар әрдайым жоғары адамгершілік құндылықтарға сәйкес келе бермейді. Дегенмен, мұндай жағдайдың болуы жастардың өтпелі кезеңімен байланысты, онда жоғары рухани ұмтылыстар – махаббат, достық, шығармашылық – өмірлік тәжірибенің жетіспеушілігімен және өз ішкі эмоциялық әлемін басқару қабілетінің жетіспеушілігімен қатар жүреді.

3.2 Қазақстандық қоғамның рухани бірлігін қалыптастырудағы құндылықтар сабақтастығының маңызы

Дәстүрлі мәдениеттің сабақтастығы, дала заңы (Әуезхан Қодар енгізген термин) ұрпақтарға жеткізілуі – қоғамдағы рухани құндылықтардың болашақ көрінісін айқындайтын өте маңызды міндет. Бұл кездейсоқ емес, өйткені Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылдың 15 қазанында Абай мұрасын жаңғырту қажеттілігін атап өтті. «Біз Абай мұрасы негізінде қоғам құраймыз» - ҚР Президентінің сөзі [74].

Өнегелі мемлекеттің идеясы тек ұлттық-патриоттық кешендердің жиынтығы емес. Бұл бүкіл әлемдік қауымдастыққа қатысты мәселе. Қазіргі мемлекет өнегелі жаңғырусыз тығырықтан шыға алмайды. Қазақстанның міндеті – осы бағытты қабылдап, оны қалған әлемге ұсыну.

Ұзақ уақыт бойы мемлекет – зорлық-зомбылық аппараты деп есептеліп келді. Әрбір мемлекеттің күш қолдану қағидасына сүйенетіні туралы көптеген тарихшылар, саясаткерлер мен оқулық авторлары атап өтеді. Алайда, олардың тұжырымдамалары кейбір мәселелерде әртүрлі болуы мүмкін.

Мысалы, либерал көзқарас бойынша, мемлекет еркін бәсеке қоғамының сақшысы, онда теңгерім жетілген. Мемлекет бұл теңгерімді жат элементтерден, революционерлерден, террористерден және басқа да деструктивті күштерден қорғайды.

Солшыл көзқарас тұрғысынан мемлекет не өз-өзін жоюға ұмтылады, не ол еңбекшілер «жеккөрінішті» буржуазиялық өткеннен мұра еткен құралдарды және өздерінің жетістіктерін қорғау үшін оны пайдалануы керек. Мұндай мемлекет еркін бәсекені немесе таптық «теңгерімді» қолдамайды, бірақ, игіліктерді әділетті түрде бөле алады. Бұрын ол әділетсіз тәртіпті қорғайтындай, басқаша айтқанда, бөліс қағидасы қандай болса, мемлекет те сондай болады.

Ал теократияға (мәселен, қазіргі Иранда) келетін болсақ, мұнда діни құрылым мемлекет функцияларының бір бөлігін өзіне алады немесе ықпалды кеңесші орган ретінде қызмет атқарады.

Қандай саяси бағытты ұстанбасын, сарапшылардың көпшілігі бір қарапайым ойда ортақтасады: мемлекет тарихи мәселелерді шешу үшін күш қолдануға міндетті. Барлық осы тұжырымдарда мораль мен тәртіп (тұрақтылық) категориялары мемлекетке қатысты параллель ретінде тұрады, олар ешқашан қиылыспайды. Осыдан белгілі тілдік штамптар туындайды: «мемлекет – зорлық аппараты», «саясат – лас іс». Міне, сондықтан мемлекетке қатысты өнегелі талаптардың қаншалықты қолданысы бар?

Әрине, биліктің өнеге деңгейі тарихтың әр түрлі кезеңдерінде тұрақты емес. Әрбір билеуші өнегелі ұстанымдарды өзгерте алады, бұрынғы шешімдерін қайта қарауы мүмкін – адамгершілік ізденіс әрқашан ашық. Ал қоғамның өзінде билікке деген адамгершілік бағалар әрдайым бірімәнді болмайды.

Мемлекет үстінен оның адамгершілік деңгейін қолдауға мүмкіндік беретін институт немесе қандай да бір органның болмауы мәселені ушықтырады. Сондықтан жеке бастамалар, таптық және әлеуметтік қозғалыстар да өздері көздеген мақсаттарға жете алмайды, тіпті егер олар өз миссиясы ретінде қандай

да бір қоғамдық моральды орнықтыру көздесе де, мысалы социалистік моральды қолдаса да. Қысқа мерзімде жетілген рухани-адамгершілік деңгейі мемлекет пен қоғамда өздігінен сақталмайды. Ақырында, мемлекет өзінен-өзі жаңару қабілетін жоғалтып, апатқа ұшырауға режимдердің үнемі өзгеруі, бүліктер, интервенциялар, азаматтық қарсыластықтар арқылы бет алды.

«Қазақтардың экзогендік өркениеттердің – буддалық, араб-исламдық, орыстық, кеңестік және еуропалық құндылықтарды қабылдауына келетін болсақ, олардың таралуы, әдетте, миссионерлік қызмет, жаулап алу, саяси және экономикалық үстемдік арқылы осы өркениеттердің өз мүдделерін жүзеге асырумен қатар жүретінін ұмытпауымыз керек. Осылайша, Орталық Азиядағы әртүрлі өркениеттер мен заманауи державалардың мүдделері 20 ғасырдың басында айқын көрініс тапты. Қазіргі геосаясат бұл сөздердің бүгінгі күні де өзектілігін растайды» [75, 150-151 бб.].

Жоғарыда айтылғандардың барлығынан мемлекеттің болмысы қайырымды, адамгершілікті бірінші орынға шығары қажет деген қорытынды шығады. Ал мұндай адамгершілік жағдайды қолдап отыратын институт, не орган оның жүзеге асыуын мемлекет ішінде бақылауда ұстап отыруы тиіс. Әрине, мұнда тікелей аналогияларды қолдану орынсыз. Мемлекетте «Шындық министрліктері» (Дж. Оруэлл бойынша) немесе «ар-ұждан министрліктері» сияқты талап жоқ: олар міндетті түрде қарама-қайшылықты әрекеттерді қолдап, мемлекеттің мүдделеріне қызмет ететін болады.

Мемлекет механизімін адамгершілік тұрғыдан қалай «бағдарлауға» болады? Сонда қайырымды мемлекет бола ма? Қазір қайырымды мемлекеттің мәселелерін зерттеп жатқан ғалымдар — тарихшылар, әлеуметтанушылар, философтардың тобы қалыптасты. Олар оны тарихи қажеттілік ретінде қарастырады. С. Сулакшин «Өнегелі мемлекетке қадам басуда» атты мақаласында мемлекеттің дамуының кезеңділігі туралы айтады: протомемлекет (зорлық), 1-ші типтегі құқықтық мемлекет (зорлық, дәстүр), 2-ші типтегі құқықтық мемлекет (құқық), әлеуметтік мемлекет (қайта бөлу), өнегелі мемлекет (өнеге институты). Бұл соңғы кезең адамзаттың эволюциялық болашағында міндетті түрде орын алады [76].

Мұндай қорытындылармен толықтай келісу қиын, дегенмен мемлекеттің саясатын қатаң этика шеңберлеріне орналастыру қажет екені айқын.

Осы орайда әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» трактатындағы идеяларды еске алмау мүмкін емес.

Фарабидің ізгілік туралы түсінігі онтологиялық тұрғыдан әлемнің бастауларына, алғашқы жаратылысқа деген ұғымнан туындайды. «Алғашқы Жаратылыс – барлық болмыстардың жалпы өмір сүруінің бастапқы себебі. <...> Оның болмысы ізгілікке толы және ең жоғары дәрежеде мінсіз» [77, 203 б.]. Әл-Фараби осы ойды ерекше атап көрсетеді. Себебі ол адамдарға, жер бетіндегі барлық елдер мен қалалардың тұрғындарына дұрыс дүниетанымды үйретуді қарастырды. «Ізгі қала тұрғындарының бәріне білуге тиісті жалпы нәрселер: біріншіден, олар Алғашқы Себепті және оның барлық қасиеттерін білуі керек; одан кейін – материядан тәуелсіз болмыстар мен әрқайсысының ерекшеліктері, сондай-ақ оларды иеленетін дәрежелерді, оның ішінде қызмет етуші ақыл мен

олардың әрқайсысының әрекеттері; одан кейін, олар аспан субстанцияларды және әрқайсысына тән қасиеттерін білуі керек; содан соң – осы субстанциялардан төмен орналасқан табиғи денелерді, олардың қалай пайда болып, қалай жойылатынын білуі тиіс...» [77, 338 б.].

Басқаша айтқанда, жоғарғы себептерді білу – ізгіліктің негізі, адамгершілік игіліктердің қайнары.

Көріп отырғанымыздай, әл-Фараби адамдардың ортақ дүниетанымға ие болуын қажеттілік деп санайды: егер ол болмаса, бөлініс туындап, надан қалалар пайда болуына жол ашады деп есептейді. Ал егер жер бетіндегі адамдар Құдай мен Әлемді түсіну бойынша бірлікке жетсе, олар шынайы бақытқа қол жеткізеді. Себебі мұндай жағдайда қоғамда өзара түсіністік, өзара көмек, әлеуметтік үйлесім қалыптасады.

Қандай қиын болса да, мұндай міндетті меңгеру, ортақ дүниетаным адамгершілік ізгіліктеріне ықпал етеді, себебі ізгі нәрсе – шынайы нәрсе.

Әл-Фарабидің пікірінше, қала деңгейі оның тұрғындарының құдайлық кемелдікке қатыстылығы дәрежесімен анықталады (және сәйкесінше, осы кемелдіктен алыстау дәрежесімен). Ал адамдарды рухани тұрғыдан көтерудің тәсілі – сол қалада басқару сипаты мен оның тұрғындарын тәрбиелеу әдісі.

Ізгі адамдар, тіпті олар әртүрлі қалаларда тұрса да, біртұтас жан құрайды [77, 326 б.]. Әл-Фараби айтқандай, тіпті физикалық өлімнен кейін де, қайтыс болғандардың бірдей деңгейдегі жандары басқа сол деңгейдегі жандармен қосылады. Бұл өте жеңіл, табиғи түрде орын алады, себебі жандар тәнсіз. Сол себепті, Әл-Фарабидің айтуынша, ең жоғары игілік – барлық материалдық нәрселерден жоғары болу [77, 329 б.]. Ал бұл барлық қалалардың тұрғындары үшін, Жердегі Біртұтас Қала үшін ерекше ереже болуы тиіс.

Қазақстан әл-Фарабидің жоғары идеалдарына сай болуға ұмтылады. Қазақстан халқының бірлігі мен келісімі – мемлекет тұрақтылығының, прогресс пен өркендеу жолымен алға жылжуының кепілі. Ал қоғамның тұтастығы мен мемлекеттің тұрақтылығы, ең алдымен, адамдардың көзқарастары мен сенімдерінің жақындығы, азаматтардың басым көпшілігі бөлісетін идеалдар мен құндылықтардың ортақ болуымен анықталады. Бұл ретте негізгі құндылықтар идеологияға қарағанда басым, олар кез келген идеологиялық доктринаның негізі мен іргетасын құрайды.

«Әл-Фараби қоғамдық өмірді психологиялық параметрлермен ғана емес, әлеуметтік, мәдени-тарихи көрсеткіштермен де анықталатынына назар аударды, және ізгілікті өмірге жетелейтін әлеуметтік қатынастарды психологиялық шарттардан басқа логикаға негіздейді. Әл-Фарабидің пікірінше, Ізгілікті қала тек материалдық байлыққа қол жеткізу үшін ынтымақтасатын адамдардың бірлестігі емес; бұл қала байлық пен ауқаттылыққа адамдардың өзіндік мақсаты ретінде ұмтылмайды; бұл қала адамдардың ләззат алу үшін бірігуі ретінде ұйымдастырылмайды. Бұл қалада адамдар сый-құрметке жету үшін бір-біріне көмектеспейді; ол басқаларды құл ету үшін өмір сүрмйді; бұл анархиялық басқарудағы, көшбасшылық пен мақсатты ынтымақтастықтың қоғам емес; бұл шынайы білімі бар, бірақ оған сәйкес келмейтін әрекет жасайтын «надан қала» емес. Ақырында, бұл адамдар бақыт туралы жалған түсініктерге ие болатын және

оларға сәйкес әрекет ететін, ешқашан бақытқа жетпейтін қала емес. Ізгілікті қала – бұл жетілген, толыққанды, мен өзін-өзі қамтамасыз етуімен сипатталатын адамдар қауымдастығы» [78, 52-55 бб.].

Негізгі құндылықтар фундаменталды, өйткені олар бір сәтте қалыптаспайды және бір сәтте, қажетсіз болып қалса, лақтырылып тасталмайды. Дәл осы құндылықтар жүйесі, кеңестік кезеңде тәрбие мен білім алған ұрпақтардың санасында тамыр жайып, ТМД елдері мен басқа да жаңа тәуелсіз мемлекеттердің ыдырағаннан кейін сақталуына себеп болды. Тарих өзі айқын көрсетіп берді, тіпті коммунистік тәрбие үрдісінде қалыптасқан құндылықтар жүйесі коммунистік идеологияның жоқтығына қарамастан, түбегейлі өзгерген жағдайда да оң, құрылымдық рөл атқаруды жалғастырды.

Әрине, идеал мен құндылықтар жүйесіне негізделген рухани капитал автоматты түрде мұраға қалмайды, ол жаңа ұрпақтарды тәрбиелеу мен оқыту барысында үнемі қайта өндірілуді қажет етеді. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында бұл құндылықтар жүйесі жаңа негізде қалыптасуы тиіс. Осы негізді біздің еліміздің Негізгі Заңының ережелері құрайды. Қазақстан Республикасының Конституциясының бірінші бабында демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жарияланған. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары, азаматтың құқықтары мен міндеттері Негізгі Заңның отызыншы баптарында анықталған. Негізгі құндылықтар – Бұл Жалпы Еңбек Қоғамын құрудың алғышарттары мен тірек құрылымдары, оның құрылысына бағытталған бағдарлама Елбасы Н.А. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясында баяндалған [79].

Тағы бір мысал – қазақ халқы мен еліміздегі басқа халықтардың дәстүрлі құндылықтары. Бұл құндылықтар өз көрінісін ұлттық салт-дәстүрлерде, ырымдарда табады және уақыт сынынан өткен, халыққа өз мәдениетін, ұлттық ерекшелігін және рухани ұқсастығын сақтауға көмектескен. Өзіндік көрініс табу формаларындағы барлық айырмашылықтарға қарамастан, мазмұндық жағынан этномәдениет құндылықтары мен жалпы адамзаттық (абсолют) құндылықтар сәйкес келеді. Шынында да, үлкендерге құрмет көрсету, ата-бабаларды қадірлеу, балаларға деген сүйіспеншілік, әйелдерге деген қарым-қатынас, қарт ата-аналарға қамқорлық, отбасылық ошақ құндылықтары, еңбекқорлық, бос өмір салтын қабылдамау, кемшіліктерден – маскүнемдік, темекі шегу, нашақорлықтан сақтану – бұның барлығы кез келген халықтың дәстүрлі құндылықтарының құрамына кіреді. Дәл осы және басқа да құндылықтар халыққа уақыт ағымында өзін қорғап қалуға, физикалық және моральдық тұрғыдағы денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді. Әрине, кейбір әдет-ғұрыптар мен ырымдар уақыттың рухына және жаңа өмір жағдайларына сәйкес келмеуі мүмкін. Олар модернизациядан өтеді немесе олардың орнына жаңа әдет-ғұрыптар келеді. Осы ретте ең маңызды құбылыс, олардың негізінде жатқан құндылықтар өзгермей сақталуы тиіс.

Қазақстан азаматтар үшін тек атамекен және ата-баба жері ғана емес, сонымен қатар жоғары өмір сүру сапасына қол жеткізу мүмкіндігі бар елге айналуы тиіс. Ең алдымен – сапалы денсаулық сақтау және білім беру саласы.

Дискуссия барысында руханилыққа әсер ететін әртүрлі факторлар мысалы, патриотизм, дәстүр, мәдениет, қарым-қатынастар және ғаламдану қарастырылды. Талқылау олардың адамның рухани өлшемін қалыптастырудағы және эволюциясындағы маңыздылығын көрсетті. Бұл факторлардың эмоционал күйге, өмір сапасына және адамаралық қатынастарға елеулі әсер ететіні белгілі. Факторлардың динамикасы мен бейімделуін толық және терең түсіну үшін көптеген жеке аспектіні ескеру қажет [103, 95 б.]. Бұл өз кезегінде одан әрі зерттеулердің қажеттілігін, мұқият талдауды және объектив тәсілді талап етеді.

Әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижесін келесідей қорытындылауға болады.

Зерттеудің мақсаты рухани дамуды, сондай-ақ мәселерді анықтап, болашақ бағыттарды қалыптастыру болды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін әртүрлі әдістер, оның ішінде талдау, салыстыру, сауалнама жүргізу және сұхбат алу қолданылды. Нәтижесінде жастар арасында руханилықты зерттеу оның қалыптасуына әсер ететін көптеген факторды анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу рухани дамудың ішкі үйлесімділікке, өмірдің мәнін іздеуге және саналы шешімдер қабылдауға қол жеткізудегі маңыздылығын растады. Руханилық – бұл адам тәжірибесінің және өмірге деген қатынастың ажырамас бөлігі. Ол уақыттан, дәуірден және әлеуметтік құрылымдардан тысқары шығып, экзистенциал мәнді іздеуді және трансценденттілікке ұмтылуды қамтиды. Бұл статикалық емес, динамикалық ұғым өзін-өзі дамытуға ұмтылыста көрінеді.

Зерттеу нәтижелері жастар арасында руханилықты қалыптастырудағы мәселелер туралы айтады. Өмірдің мәнін жоғалту, стресс, қоғамдағы өзгерістер, өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерінің шектеулілігі. Осы факторларға әлеуметтік тұрақсыздық, діни қақтығыстар, ақпараттық артық жүктеме, әлеуметтік оқшаулану, білімнің жетіспеушілігі, материализм, техникалық прогресс және теңсіздік қосылады. Жастардың руханилығын қалыптастыру психологиялық қолдау мен психологиялық денсаулықты нығайтуды, құндылықтарды тәрбиелеуді, отбасылық құндылықтарды нығайтуды, әлеуметтік интеграцияны, толеранттылықты, рухани орталықтарды құруды талап етеді. Сондай-ақ, сыни ойлау, ақпараттық сауаттылықты дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін жасау, технологияларды рухани даму процесіне интеграциялау маңызды. Алынған нәтижелердің тәжірибелік маңызы оларды адамдардың руханилығын қолдау және дамытуға бағытталған бағдарламалар мен шараларды әзірлеу үшін қолдануға болады. Осы нәтижелер негізінде адамдарға өмірде мақсат табуға көмектесетін діни білім беру және рухани тәлімгерлік бағдарламалары жасалуы мүмкін. Олар сондай-ақ психологтар мен кеңесшілердің жұмысында, күйзеліс жағдайын өткеріп жатқан адамдарға көмек көрсету үшін пайдалы болуы мүмкін [90].

Бұл тақырыпты тереңірек зерттеу үшін бірнеше бағытты қарастыруға болады. Бұл руханилықтың денсаулыққа, көшбасшылықты дамытуға, мәдени және діни аспектілерге, бағдарламалардың тиімділігіне, әлеуметтік ортаға, жастардың ұқсастығы мен технологиялардың руханилықты қалыптастырудағы рөліне әсері бар. Өмірдің мәнін іздеу, стрессті басқару және қақтығыстарды шешу бойынша қолдау бағдарламасын әзірлеуге болады. Орталықтар мен қауымдастықтар құру жастарға тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді, ал медитация тәжірибесі мен рухани зерттеулерге қатысу олардың руханилығын дамытуға және ішкі гармонияны табуға ықпал етеді. Руханилық тақырыбын ғылыми тұрғыдан зерттеу өте маңызды. Себебі ол тәжірибе туралы білімді кеңейтуге және адамның өмірінің терең аспектілерін түсінуге мүмкіндік береді. Ғылыми тәсіл деректерді жүйелендіруге, талдауға, эксперименттер жүргізуге және объектив фактілер мен дәлелдерге сүйеніп қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Руханилықты зерттеу жаңа теориялар, әдістер мен тәжірибелерді әзірлеуге көмектеседі. Оларды адамдардың өмірін жақсартуға, олардың рухани дамуын қолдауға және үйлесімді қоғам құруға қолдануға болады. Бұл саладағы жаңа зерттеулер жастардың өмірінің әртүрлі салаларында осы ұғымды түсіну мен қолдану үшін кең мүмкіндіктер ашады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыс аясындағы зерттеулер нәтижесінде диссертант төмендегідей қорытындылар жасады.

Адам бойындағы руханилық екі параллель сызықта дамуы қажет. Адамды бүтін, физикалық болмысы (материалды) және жанның (идеалды) жиынтығы ретінде қарастырсақ, физикалық дене мүшесімен, оның санасының дамуына қажет білімді енгізе отырып, адам бойындағы руханилықты осы білім аясында дарыту ұсынылады. Білімді адам ізгілікті адам деп қарастыруға болмайды, немесе ізгілікті адамды кемел, жетілген, жоғары адам ретінде қабылдауға болады. Демек, руханилықты дамыту адам бойындағы барлық қасиеттер мен іс-әрекеттердің жиынтығының кемелденуін айтамыз.

Қазақстандық жастар нақты әлеуметтік мәртебе тұрғысынан алуан түрлі құбылыс екендігі көрсетілді. Дегенмен, әртүрлілік көрініс негізгі, ортақ белгілерді жасырмауы қажет. Қоғамдағы таптар, топтар сияқты бөліністердің барлығы жалпы маңызды белгілермен біріктіріледі, сәйкесінше жастар әлеуметтік тобы да осылай өзінде әртүрлілікті қамтиды. Диссертациялық жұмыста жастар тобынан ерекше бір топ немесе ұйым қарастырылмайды, біз үшін жалпылықтың өзектілігі басымдырақ деп есептелді. Сондықтан, жалпылама ерекшелік ретінде жас мәселесі ғана ескерілген жоқ, ең алдымен, барлық әлеуметтік топтардың өкілдеріне тән ішкі, психологиялық және рухани үрдістер мен сипаттамаларға тән сәйкестікті алға тартамыз. Әрбір жастық кезеңнің өзіне тән рухани даму құрылымы, жүйесі бар екені сараланды.

Мәдениет мекемелері жастармен жұмыс жүргізудің басты әлеуметтік-мәдени институттардың бірі болуымен қатар, заманауи және дәстүрлі ақпараттық-ағартушылық бағдарламалардың рухани-адамгершілік, гуманистік әлеуетіне сүйене отырып, жеке тұлғаның рухани, адамгершілік және эстетикалық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың руханиятын қалыптастырудың ең маңызды үлгілері – мәдениет мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, отбасы мен мектеп. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, отбасылық дәстүрлер мен мектептер өздерінің тәрбиелік бағдарламалары арқылы аға буыннан жас ұрпаққа адамзаттың ең ізгі қасиеттерін жеткізетін және жеткізуге міндетті арналар ретінде қызмет атқарады. Осы ретте бір-бірін толықтыратын рухани-адамгершілік тәрбиенің екі үлгісі ерекшеленеді: біріншісі – негізгі бағыты ғылыми-зерттеу сипатындағы оқу орындары мен бағдарламалар болса, екіншісі – көркем-шығармашылық бағыттағы оқу орындары мен бағдарламалар. Жастардың мән-мағыналық анықтамаларының бірі – жастар болашаққа, жаңашылдыққа ашық әлеуметтік топ. Жастар қоғамның қозғаушы күші, әлеуметтік болмыстың жаңа архитектурасын жасайды. Сондықтан жастарды дұрыс тәрбиелеу өте маңызды: тек шынайы рухани даму тұрақты және үйлесімді әлеуметтік құрылымдар мен қатынастарды құра алады. Осылайша, жастардың руханилығы бір жағынан өзін сындарлы әлеуметтік бастама ретінде көрсетеді, ал екінші жағынан – аға буын өкілдерінің жанашырлығын, рухани құндылықтарды қабылдаудағы үздіксіз сабақтастықты талап етеді.

Қазақ философиясы негізінен этикалық сипатқа ие. Қазақ философиялық дәстүріне гуманизм, этикалық және жоғары моральдық құндылықтарға бағытталу сияқты маңызды әрі ажырамас қасиеттер тән. Логикалық тұрғыда қазақ философиясы негізінен этикалық жоба деп айтуға болады. Қазақ ойшылдары этика мәселесін дамытса, ал Батыс философтары үшін онтология мен гносеология сияқты нақты мәселелері қарастырды. Дүниетанымдық ерекшелік (сезім мен рационалдық, табиғат және адам). Дәстүрлі қазақ философиялық ой тарихында өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселелері ерекше орын алғаны айқын. Қазақ жастарының рухани дамуында дәстүрлі этика мен мәдениеттің ықпалына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ ойшылдары мен жазушыларының адамгершілік ұстанымдары, дидактикалық өсиеттері мен көркем шығармаларының басты мақсаты – жаңа ұрпаққа үздік адамгершілік қасиеттерді сіңіру, өткеннің рухани тәжірибесін болашаққа жеткізуге бағытталған.

Дәстүрдің мүмкіндіктері көп. Біріншіден, дәстүрлі құндылықтар адамдардың санасында терең тамыр жайған және әлі де болса халықтың едәуір бөлігінде өзінің күшін және рухани әсерін сақтап отыр.

Екіншіден, модернизация дәуіріндегі дәстүрдің мүмкіндіктеріне жастар арасында идеологиялық, ағартушылық және насихаттық тәрбие жұмыстарының барлық кешені жатады. Дәстүрлі рухани құндылықтарды жас ұрпаққа сіңірудің жолдары, құралдары мен формалары ретінде айқын түрде өткеннің ұлы ойшылдары, жазушылары, қоғам қайраткерлері мен батырлар мұраларын насихаттауды, сондай-ақ әлемдік ауқымдағы ең жақсы руханилық көріністерін, әлемдік тарихтағы ең жақсы жетістіктерді атап өтуге болады.

«Дәстүр – модернизация» немесе «ескі – жаңа» дилеммасы ескі де, жаңа да тек жағымсыз қырлары ғана болмайтынын түсінумен шешіледі. Позитивті құндылықтар екі тараптың мазмұнында да бар екенін ескере отырып, мәселе ескіні жаңамен алмастыру емес, екі жақтың да позитивті қырларын органикалық түрде біріктіру екенін ұғыну.

Қазақстан жастарының құндылықтық кеңістігі келесі жайттармен сипатталады. Қазақстан қоғамының нарықтық қатынастарға өтуіне байланысты қазақстандық жастар үшін күнделікті құндылықтар арасында прагматизм мен индивидуализмнің айқын көріністері басым. Өмірлік маңызды, өзектілігі жоғары құндылықтар қатарында материалдық әл-ауқат, қызықты жұмыс, денсаулық, махаббат жатады. Ал рухани құндылықтар әлі де жас адамның құндылықтық кеңістігінде маңызды орын ала қоймағанымен, қазіргі Қазақстан жастарының құндылықтар иерархиясында позитивті құндылықтық бағдарлары теріс құндылықтардан басым бола бастағанын атап өткіміз келді.

Жалпы, қазіргі Қазақстан жастарының рухани құндылықтары олардың жаңа рухани қажеттіліктері мен сұраныстарымен анықталады. Бұл Қазақстан жастар ортасында туындайтын мәселелермен байланысты, себебі жаңа сұраныстар әрдайым жоғары адамгершілік құндылықтарға сәйкес келе бермейді. Дегенмен, мұндай жағдайдың болуы жастардың өтпелі кезеңімен байланысты, онда жоғары рухани ұмтылыстар – махаббат, достық, шығармашылық – өмірлік

тәжірибенің жетіспеушілігімен және өз ішкі эмоциялық әлемін басқару қабілетінің жетіспеушілігімен қатар жүреді.

Жастардың мәндік анықтамасы оның болашаққа ашық әлеуметтік топ екендігінде жатыр. Дәл жастар қоғамның қозғаушы күші, ол жаңа қоғамдық болмыс архитектурасын құруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан жастарды дұрыс тәрбиелеу өте маңызды: тек шынайы рухани даму ғана ұзақ мерзімді және үйлесімді қоғамдық құрылымдар мен қарым-қатынастарды қалыптастыруға қабілетті. Осылайша, жастардың рухани дамуы бір жағынан конструктивті әлеуметтік бастама ретінде көрініс тапса, ал екінші жағынан – аға буыннан ерекше назар аударуды, рухани құндылықтарды қабылдауда үйлесімді, мықты сабақтастықты талап етеді.

Ұлттық білім беру жүйесі жеке тұлғаның толыққанды қалыптасуын, еуропалық және ұлттық біліктілік шеңберінің талаптары мен деңгейлеріне сәйкес бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қамтамасыз етуі тиіс. Бүгінгі таңда тез өзгертін әлемде тұлғаның негізгі функционалдық қасиеттері-бастамашылық, сыни және шығармашылық ойлау қабілеті, стандартты емес шешімдерді табу, өмір бойы оқуға дайын болу. Барлық білім берудің мазмұны нақ осы құзыреттерді дамытуға бағытталуы тиіс. Бүгінде Академия академиялық еркіндікті кеңейту және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру негізінде білім берудің заманауи парадигмасын ілгерілету үшін барлық мүдделі тараптардың (мемлекет, барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары, ата-аналар және педагогикалық жұртшылық, оқушылар) күш-жігерін біріктіруде біріктіруші функцияны орындауға дайын.

Жас ұрпақ өзінің жастық шағы мен өмірлік тәжірибесінің болмауына, өзінің әлеуметтік нормасын жасау үшін ішкі критерийлердің тұрақсыздығына байланысты ең осал екенін ұмытпауымыз керек. Бүгінгі Қазақстанға тән жаңа әлеуметтік құбылыстар мен жағдайларда «сырқат» пен «дені сауды» жас ұрпаққа ажырату оңай емес. «Өмір сүруге бейімделу» жас ұрпақтың толыққанды әлеуметтенуі деп санауға болмайды. Оның жасы үлкен топтармен салыстырғанда салыстырмалы түрде жоғары, елдегі жағдайға бейімделу әлеуметтік оптимизмнің себебі ретінде қарапайым және біржақты қарастырылмауы керек.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның қазіргі жастарының рухани құндылықтары оның жаңа рухани қажеттіліктері мен сұраныстарымен айқындалады. Қазақстандық жастар ортасындағы мәселелер осыған байланысты, өйткені жаңа сұраныстар әрқашан жоғары адами құндылықтарға жауап бере бермейді. Алайда, бұл жағдай жас кезеңнің өтпелі сипатымен байланысты, онда махаббатқа, достыққа, шығармашылыққа деген жоғары рухани ұмтылыстар өмірлік тәжірибенің жетіспеушілігімен және эмоционалды ішкі әлемді басқару қабілетінің жетіспеушілігімен біріктіріледі.

Зерттеу бағытының келешегі туралы айтатын болсақ, қазақстандық жастардың бойындағы руханилықты қалыптастыру ерекшеліктерін, және сол арқылы басқа да ерекше шығыстық, батыстық, үгілермен салыстыру байланысты аша түсетінін атап өткен жөн. Қазіргі қоғамдағы жастардың рухани-адамгершілік бағытының өзгеруімен пайда болған жаңа әлеуметтік құндылықтар

жүйесі мен мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздігіне, оның ішінде мәдени және рухани қауіп-қатерлерінің жай-күйін қарастыру өз жалғасын табады. Әрбір адам өзінің анықтамалық сипатында қоғамдық болмысқа қатысты болғанда ғана, толыққанды адам ретінде қарастырылады. Қоғам адамның идеялық туындысы ретінде ұйымдастырыла отырып, адамның өзі әлеуметтену және бейімделу үрдісінен өтеді. Мемлекет – қоғамдық болмысты жүзеге асырушы өркениеттік қалып. Сондықтан, қоғамдағы болып жатқан, не жаңа серпін алған мәселелерді барлық құрылымдық салаларды ұйымдастыра отырып, шешуге міндеттеледі.

Зерттеу жұмысының теориялық-практикалық келешегі рухани әлемді осындай философиялық және әлеуметтанулық тұрғыдан түсіндіру кезінде рухани әлемнің уақытша болмыс «кеңістігі» анықталып, қоғамның идеалдары мен жеке мүдденің «кездесу орнына» және «келісім алаңына» айналатыны нақтыланды. Сондай-ақ, қазақстандық жастардың өзін-өзі анықтайтын және жүзеге асыратын дүниетанымдық көзқарастарының ерекшеліктері зерделенді. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бүтіннің бөлігі болып табылатын, жастар тобының рөлі мен осы тараптан төнетін қауіп-қатерлерінің алғышарттары қарастырылды. Жастардың хаосты қабылдап, өз бетімен шешім қабылдай алмай, жауапкершіліктен жалтарып, бөлінушілікке салына отырып, тәуелділікке ұшырауы – қауіп. Сенім – жауапкершілік – іс = ұрпақтар сабақтастығы. Жас азамат, өзін Отан идеалдарымен бірегейлендіріп, және жеке тұтастығын сақтай отырып, жеке шығармашылық таңдау туралы идеяларын дамыту міндеттерін түсінуі қажет. Уақытша болмыстың ішкі, сыртқы және мета-сыртқы компоненттері мен бірге жастардың ақпараттық іріктеу және өркениеттік таңдау жүйесін философиялық-әлеуметтанулық және әлеуметтік-психологиялық тұрғыда түсіндіріп, зерттей алатын практикалық философия қажет. Қазақстанда тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болатын нақты, заңды шараларды қолдану қажеттілігі кіреді. Қоғамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайларын жақсартатын механизмдер жатады. Практикалық тұрғыда рухани, тәрбиелік сипаттағы шараларға ерекше назар аударылуы қажет.

Диссертациялық жұмыс аясында жүргізілген зерттеулер нәтижесінің негізгі қорытындылары:

- руханилық құбылысы біртұтас, жалпы, көпқырлы, синтездеуші сипатынан тұратын ерекше әлеуметтік-танымдық, философиялық категория екендігі зерделенді;
- рухани даму біртұтас, сонымен қатар жас ерекшелігіне байланысты оның өз орны, ерекше заңдылықтары мен қырлары бар екендігі дәйектелді;
- жастар феноменін маңызды қырларын зерделей отырып, олардың көбінесе жауапкершіліктің үстірттігіне негізделетіндігі тұжырымдалды, солардың негізінде жастардың рухани дамуының кезеңдері айқындалды: балалық кезең (стихиялық руханилық), жасөспірім кезең (амбивалентті, жанжалды) және салыстырмалы дүниетанымдық пайымдау түрінде көрініс беретіндігі көрсетілді;
- Қазақстандық жастарды әлеуметтік жағдайының әртүрлілігіне қарамастан ортақ маңызды психологиялық және рухани белгілер біріктіретіні

анықталды, жастар болашаққа, жаңашылдыққа ашық, қоғамдық болмыстың жаңа архетиктоникасын құру қабілетінен тұратын мән-мағыналық анықтамасына байланысты жастардың рухани даму үрдісіне ерекше назар аударуды талап ететіні дәлелденді;

- қазақстандық жастардың қазіргі тарихи кезеңдегі рухани қалыптасу мәселесі этикалық жоба ретінде маңызды орын алатындығы пайымдалып, оларға дәстүрлі мәдениеттің ықпалына байланысты өзіндік ерекшеліктері айшықталды;

- Қазақстанның қазіргі жастарының жаңа мәдени қажеттіліктерімен айқындалатын құндылықтары жастық кезеңнің өтпелі сипатына байланысты әрқашан жоғары адами құндылықтарға сәйкес келмеу тиістілігі философиялық-аксиологиялық мағынада тұжырымдалды;

- «дәстүр – модернизация» немесе «ескі – жаңа» дилеммасы үнемі құндылықтық қатынастар деңгейінде қызмет атқаратындығы көрсетіліп, олардың әлеуметтегі ерекше сипаттамасы пайымдалды;

- тұлғаның рухани құндылықтарының қалыптасуында әртүрлі әлеуметтік институттардың, мемлекеттік оқу мекемелерінің бір-бірін толықтыратын бағдарламалық бағыттарының (ғылыми-зерттеу және көркемдік – шығармашылық) қажеттілігі тұжырымдалып, олардың руханилықты қалыптастырудағы анықтаушы рөлі сараланды;

- жастардың дүниетанымының бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін дәлелдеудегі әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларының маңызы көрсетілді.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен қорытындыларын толығырақ тезистер арқылы көрсетуге болады.

1. Руханилық – адам болмысының ең маңызды қасиеті. Адам көп қырлы тіршілік иесі болғандықтан, руханилық құбылысын өлшеу және толықтай ашып анықтау өте қиынға соғады. Руханилық психикалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық, діни формаларында көрініс табады. Сондықтан руханилықты, біздің ойымызша, оны біртұтас, жалпы, көпқырлы, синтездеуші құбылыс ретінде қарастыра отырып, осындай анықтама беру дұрыс болады. Бұл жағдайда руханилық адамға қатысты бірқатар ішкі бағынышты құрылымдар мен құбылыстардың жиынтығынан тұратын, көп деңгейлі құбылыс ретінде анықталды.

2. Рухани даму құбылысы адамның дүниетанымының біртұтас, ол барлық адамдар үшін ортақ. Сонымен қатар, адамның рухани бастауының дамуында, жас ерекшелігіне байланысты өз орны мен ерекше заңдылықтары бар. Руханилық ересек және егделік, кәрілік жастағы адамдар үшін негізінен қордалаған білімі мен өмірлік тәжірибесін басқалармен бөліскен кезде қалыптасады, ал жастық кезеңде жеке адамның түсініктері психологиялық, эмоциялық және құндылықтық бағдарларымен астасып көрініс береді.

3. Жастық шақ – адамның рухани қалыптасуының ең оңтайлы және қолайлы кезеңі, өйткені жастық шақ – махаббат, үміт, өзіне деген сенімділік, максималистік көзқарас, шығармашылық қабілеттердің бастауы әрі шыңы ретінде қарастырамыз. Сонымен қатар, жастық кезеңдегі рухани даму екі жақты

сипат алады, ішкі жетілмегендік, тәжірибенің жеткіліксіздігі және шамадан тыс эмоционалдылық, үзілді-кесілді пайымдаулар салдарынан рухани құлдырауға да түсу қаупі бар. Жастардың руханилығы ширшық тәрізді дамиды – тікелей балалық кезең психологиясынан бастап, оны стихиялық руханилық деп атауға болады, жасөспірім кезеңдегі қақтығыстар арқылы, шамамен отыз жасқа қарай рухани дамудың жетілген кезеңі деп қарастырылды.

4. Қазақстандық жастар нақты әлеуметтік мәртебе тұрғысынан алуан түрлі құбылысты көрсетеді. Оқушылар мен студенттер, жұмысшылар мен ғалымдар, ауылдар мен мегаполистердің тұрғындары – алуан түрлі көрініс негізгі белгілерді жасырмауы қажет. Атап айтқанда, бұл топтардың барлығы жалпы маңызды белгілермен біріктірілген жастар әлеуметтік тобына кіреді. Жоғарыда көрсетілгендей жалпылама ерекшелік ретінде жас мәселесі ғана ескерілмеген, ең алдымен, барлық әлеуметтік топтардың өкілдеріне тән ішкі, психологиялық және рухани үрдістер мен сипаттамаларға тән сәйкестікті алға тартады. Жастардың мән-мағыналық анықтамаларының бірі – жастар болашаққа, жаңашылдыққа ашық әлеуметтік топ. Жастар қоғамның қозғаушы күші, әлеуметтік болмыстың жаңа архитектурасын жасайды. Сондықтан жастарды дұрыс тәрбиелеу өте маңызды: тек шынайы рухани даму тұрақты және үйлесімді әлеуметтік құрылымдар мен қатынастарды құра алады. Осылайша, жастардың руханилығы бір жағынан өзін сындарлы әлеуметтік бастама ретінде көрсетеді, ал екінші жағынан – аға буын өкілдерінің жанашырлығын, рухани құндылықтарды қабылдаудағы үздіксіз сабақтастықты талап етеді.

5. Қазақ жастарының рухани дамуында дәстүрлі этика мен мәдениеттің ықпалына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ философиясының өзегі этикалық сипат басым болғандықтан, дәстүрлі қазақ философиялық ойлардан қазіргі кезеңге дейін өскелең ұрпақтың құндылықтық және дүниетанымдық мәселелері ерекше орын алады. Қазақ ойшылдары мен жазушыларының адамгершілік өсиеттері, дидактикалық нұсқаулары, көркем шығармалары жаңа ұрпаққа адами қасиеттерді сіңіруге, өткеннің рухани тәжірибесін болашаққа жеткізуге бағытталған. Қазақ философиялық дәстүрінде адамгершілік, әдептілік, жоғары адамгершілік құндылықтарға әділеттілік пен адалдық сияқты маңызды да бұлжымас қасиеттер тән. Қазақ философиясы – этикалық жоба. Қазақ ойшылдары этикалық мәселелерді қарастырды, ал Батыс философтары онтология және гносеология мәселелерін аса маңызды орынға шығарды, екі өркениетке жататын мәдениеттердің арасындағы басты айырмашылық осы. Сонымен қатар, әлемге деген (салыстырмалы түрде) жақын арада ғана (посткеңестік кезеңде) ашықтықпен, әлемдік тілдерді және кез-келген шығармашылық дағдыларды меңгерудің кең мүмкіндіктерімен байланысты ерекшеліктерді атап өтуге болады.

6. Қазіргі қазақстандық жастардың рухани құндылықтары оның жаңа рухани қажеттіліктері мен сұраныстарымен айқындалады. Қазақстандық жастар арасындағы басты мәселелердің бірі – жаңа сұраныстар әрқашан жоғары адами құндылықтарға жауап бере алмауы мүмкін. Алайда, жоғарыда келтірілген жағдай жас кезеңнің өтпелі сипатымен байланысты, бұл кезеңде махаббатқа, достыққа, шығармашылыққа деген жоғары рухани ұмтылыстар өмірлік

тәжірибенің жетіспеушілігімен, ішкі эмоционалды әлемді басқара алмауымен үйлеседі.

7. «Дәстүр – модернизация» немесе «ескі – жаңа» дилеммасы ескі де, жаңа да тек жағымсыз қырлары ғана болмайтынын түсінумен шешіледі. Жасампаз құндылықтар екі тараптың мазмұнында да бар екенін ескере отырып, мәселе ескіні жаңамен алмастыру емес, екі жақтың да прогрессивті қырларын мазмұндық деігейде біріктіру екенін ұғындырады.

8. Мәдениет мекемелері жастармен жұмыс жасаудағы негізгі әлеуметтік-мәдени институттардың бірі, сонымен қатар олар заманауи және дәстүрлі ақпараттық-ағарту бағдарламаларының рухани-адамгершілік гуманистік әлеуетіне сүйене отырып, тұлғаның рухани, адамгершілік, эстетикалық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бірақ өскелең ұрпақтың рухани болмысын қалыптастырудың ең маңызды модельдері мәдениет мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар Отбасы және Мектеп. Әлеуметтік тұрғыда отбасылық дәстүрлер мен мектептер өздерінің тәрбиелік бағдарламаларын, адами жақсы қасиеттерді аға буыннан жас ұрпаққа қалдырудың арнасы ретінде әрекет етуге қабілетті және міндетті. Бұл ретте рухани-адамгершілік білім берудің бір-бірін толықтыратын екі моделі – негізгі ғылыми-зерттеу бағыттағы оқу орындары мен оқу бағдарламалары және көркемдік-шығармашылық бағытты ұстанатын оқу орындары мен оқу бағдарламалары.

9. Жастар арасында руханилықты қалыптастырудағы өзекті мәселелер: өмірдің мәнін жоғалту, стресс, қоғамдағы өзгерістер, өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерінің шектеулілігімен астасып жатады. Руханилықтың денсаулыққа, көшбасшылықты дамытуға, мәдени және діни аспектілерге, бағдарламалардың тиімділігіне, әлеуметтік ортаға, жастардың ұқсастығы мен технологиялардың руханилықты қалыптастырудағы рөліне әсері зор. Солардың негізінде өмірдің мәнін іздеу, стрессті басқару және қақтығыстарды шешу бойынша қолдау бағдарламасын әзірлеуге болады. Орталықтар мен қауымдастықтар құру жастарға тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді, ал медитация тәжірибесі мен рухани зерттеулерге қатысу олардың руханилығын дамытуға және ішкі гармонияны табуға ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тоқаев Қ.-Ж.К. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысында сөйлеген сөзі // 5 ақпан 2021 жыл, Нұр-Сұлтан.
https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-respublikasy-tauelsizdiginin-30-zhyldygyn-merekeleuge-daiyndyk-zhonindegi-memlekettik-ko. 30.05.2021.
- 2 Тоқаев Қ.-Ж.К. Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // 1 қыркүйек 2023 жыл, Астана. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>. 02.09.2023.
- 3 Баскова М.Н. Социально-философские аспекты исследования духовности: дисс. канд. филос. наук. – Нижний Новгород, 2006. – 143 с.
- 4 Лекторский В.А. Духовность и рациональность // Вопросы философии. – 1996. – № 2. – С.31-35.
- 5 Багаутдинов А.М. Духовная культура российской молодежи (социально-философский анализ): дисс. ...док.фил.наук. – Уфа, 2006. – 320 с.
- 6 Беляева Л.А. Российская молодежь в эпоху перемен: структурные изменения и новые вызовы политической социализации // Вопросы философии. – 2020. – № 10. – С. 17–27.
- 7 Варзанова Т.И. Воробьев Г.Г. Григорьев С.И. и др. Культурные миры молодых россиян: три жизненные ситуации / под ред. Т. Н. Кухтевич. – М.: Изд-во МГУ, 2000. – 224 с.
- 8 Ешпанова Д.Д., Айтбай К.О., Айдарбеков З.С. // Социологические исследования = СОЦИС: Ежемесячный научный и общественно-политический журнал РАН. – 2008. – № 5. – С. 58-66.
- 9 Айдарбеков З.С. Казахстанская молодежь: ценности, приоритеты, стратегии самоопределения. – Алматы: Исламнур, 2008. – 328 с.
- 10 Айдарбеков З.С. Эпоха независимости и система ценностей в воспитании казахстанской молодежи: Новый взгляд на развитие образования. // Вестник КазУМОиМя. Серия «Международные отношения и регионоведение». – Алматы, 2020 – №4(42). – С. 105-113.
- 11 Kassym, L. Separate aspects of studying value orientations of Kazakhstani student youth // The Journal of Psychology & Sociology. – 2021. – № 3 (78). – С. 113-122.
- 12 Жусупова А.Д. Патриотическое воспитание в современном образовательном процессе в Казахстане // ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, Серия «Социологические и политические науки». – 2021. – №2 (74). – С. 72-79.
- 13 Абдуллина Н., Абишева А. Трансформация духовных ценностей казахской культуры: от традиции к современности // Вестник. Серия «Философии, культурологии и политологии». – 2018. – № 4 (66). – С. 69-77.

14 Коянбаева Г.Р., Заурбекова Л. Религиозная традиция в национально-культурном пространстве современного Казахстана // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия «Философия, политология и религиоведения». – 2021. – №3 (27). – С. 13-20.

15 Демеуова, А.А. Роль религии в условиях модернизации казахстанского общества // Вестник КазНУ. Серия «Философия. Культурология. Политология». – 2012. – №2 (39). – С. 24-29.

16 Ismailov, A.A., Omarbaeva, L.K. Spiritual revival (Spiritual revival)-moving force, changing tradition and world ideology, Kazakh // Scientific Works of Mukhtar Auezov South Kazakhstan University. – 2020. – № 4(56). – С. 188-192.

17 Lepeshev, D.V., Bilous, O.N. The influence of the family on the formation and preservation of family values // Herald of Omsk Regional Institute, 2018. – С. 319-327.

18 Канагатова А.М. Проблемы формирования духовно-нравственной культуры современной молодежи Казахстана: дисс. ... док. филос. наук. – Алматы, 2010. – 245 с.

19 Токарева С.Б. Методологические основания понятия духовности // Философия и общество. – 2005. – № 2. – С. 98–99.

20 Каган М.С. О духовном (опыт категориального анализа) // Вопросы философии. – 1989. – № 9. – С. 91–102.

21 Бурбулис Г.Э., Кемеров В.Е. Духовность и рациональность. – М.: Знание, 1986. – 61 с.

22 Лившиц Р.Л. Духовность и бездуховность личности. – Екатеринбург: Изд-во Уральского ун-та, 1997. – 152 с.

23 Буюева Л.П. Духовность и проблемы нравственной культуры // Вопросы философии. – 1996. – № 2. – С. 3–9.

24 Мамардашвили М.К. Сознание и цивилизация. Тексты и беседы. – М.: Логос, 2004. – 271 с.

25 Батищев Г.С. Философско-психологические идеи в концепции человека С.Л. Рубинштейна // Философские науки. – 1989. – № 7. – С. 26–36.

26 Шердаков В.Н. О познавательном, нравственном и эстетическом отношении человека к действительности // Вопросы философии. – 1996. – № 2. – С. 27–31.

27 Барулин В.С. Социально-философская антропология. – М.: Академический проект, 2007. – 494 с.

28 Аверинцев С.С. Византия и Русь: два типа духовности // Новый мир. – 1988. – № 9. – С. 227–239.

29 Экономцев И.Н. Духовность и творчество // Вопросы философии. – 1996. – № 2. – С. 24–26.

30 Ерина Е.Б. Светский аспект понятия «духовность» // Научная мысль Кавказа. – 2010. – № 1. – С. 142-147.

31 Капышев А., Колчигин С. Онтология Духа. – Алматы: Издательство «СаГа», 2005. – 204 с.

32 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау: монография – Алматы: Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.

33 Ергалиев И. Философия как духовная деятельность: монография / под общ. ред. А. С. Серикбаева. – Астана: Акад. гос. службы при Президенте Республики Казахстан., 2003. - 283 с.

34 Косиченко А.Г., Хамидов А.А., Колчигин С.Ю., Фидирко В.А. Философия в духовном развитии человека. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии Министерства образования и науки Республики Казахстан, 2003. –184 с.

35 Сартаева Р.С. Экология человека, новая онтология и устойчивое развитие Казахстана: монография / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 207 с.

36 Дусипова А. Гуманитарлық білім жүйесіндегі руханилық: логикалық-әдістемелік аспектілер // Әл-Фараби журналы. – 2020. – №4 (72). – 72-83 бб.

37 Кон И.С. Социология молодежи // Краткий словарь по социологии. – М., 1988. – 164 с.

38 Population of the world and countries. <https://countrymeters.info/en> 20.12.2021

39 Оксфорд аналитика журналы. <https://dailybrief.oxan.com/Analysis/DB170984> 18.09.2020

40 Арсеньев А.С. Подросток глазами философа. – Алматы: Рауан, 1996. – 72 с.

41 Выготский Л. С. Умственное развитие детей в процессе обучения: Сборник статей. – М.–Л.: Государственное учебно-педагогическое издательство, 1935. – 136 с.

42 Колчигин С. Сана құбылысы: даму фазалары Феномен сознания: фазы развития // Адам әлемі. – 2020. – № 2. – С. 3–11.

43 Гегель Г. Энциклопедия философских наук. Т. 3. Философия духа. – М.: Мысль, 1977. – 472 с.

44 Щетинин М. П. Объять необъятное: Записки педагога. – М.: Педагогика, 1986. – 171 с.

45 Амонашвили Ш.А. Единство цели. – М.: Просвещение, 1987. – 208 с.

46 Амонашвили Ш.А. Гуманно-личностный подход к детям. – М.: Воронеж, 1998. – 560 с.

47 Ильин Е. Н. Путь к ученику: Раздумья учителя – словесника: Кн. для учителя: Из опыта работы. – М.: Просвещение, 1988. – 224 с.

48 Колчигин С. Конституция образования // Мысль. – 2019. – № 9. – С. 2–7.

49 Ошақбаева Ж.Б. Қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтық басымдылықтары. // Қазіргі Қазақстанның жаңғыртылуы жағдайындағы қоғамның мәдениеті мен құндылықтары: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2022. – 320 б.

50 Аюпов Н.Г. Тенгрианство как открытое мировоззрение.: автореф. ... дисс. док. филос. наук: 09.00.13 – Алматы, 2004. – 25 с.

51 Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Қазақтың ағартушылық философиясы / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. 3-том. – 388 б.

52 Нысанбаев А., Барлыбаева Г. Этика как ядро казахской философской мысли // Вопросы философии. – 2012. – № 10. – С. 65-74.

53 Амребаев А.М. Размышления о возможности казахской философии // Философия в глобальном мире: взгляд из Казахстана. – Алматы, 2020. – С. 8–30.

54 Барлыбаева Г. Философская этика казахов // Философия в глобальном мире: взгляд из Казахстана. – Алматы, 2020. – С. 31–56.

55 Қоңырбаева К.М. Түркілік рухани-құндылықтардың қазақ мәдениетін дамытудағы маңызы. // Қазақстанның тұрақты даму стратегиясы контекстінде қоғамның мәдениеті мен құндылықтарын зерттеу: ұжымдық монография. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2022. – 397 б.

56 Абай. Слова назидания. – Алма-Ата: Жазушы, 1970. – 128 с.

57 Mürsepp, P. The Aim of Science – Knowledge or Wisdom // Problemos : Filosofijos leidinys. – 2013. – №84. – P. 72-84.

58 Дарбаева Ж.К., Болатбек С.Т. Роль художественного наследия Великого Абая в рамках модернизации современного казахстанского общества. // Материалы Международной научно-практической онлайн-конференции «Молодежь и наука 2020». – Петропавловск: Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, 2020. – С. 46-48.

59 Сегизбаев О.А. Казахская философия XV– начала XX века. – Алматы: Ғылым, 1996. – 472 с.

60 Габитов Т.Х. Универсалии этики и нравственные ценности казахского народа. // Сборник материалов круглого стола: «Этика как ядро казахской философии». – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020. – С. 15-48.

61 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия). – Алматы: Білім, 2-басылым 2007. – 112 б.

62 Эйзенштадт Ш.Н. «Осевая эпоха»: возникновение трансцендентных видений и подъем духовных сословий // Ориентация – поиск. Восток в теориях и гипотезах : сб. ст. / Ин-тут востоковедения РАН, отв. ред. В.И. Максименко, Л.И. Рейснер. – М. : Наука ; Вост. лит-ра, 1992. – С. 42–62.

63 Эйзенштадт Ш.Н. Конструктивные элементы великих революций: культура, социальная структура, история и человеческая деятельность // THESIS. – 1993. – Вып. 2. – С. 190–212.

64 Хантингтон С. Политический порядок в меняющихся обществах. – М.: Прогресс-Традиция, 2004. – 480 с.

65 Нурмуратов С.Е. Значение тюркских духовных истоков национальной культуры в современных условиях. // Культура и ценности общества в условиях обновления современного Казахстана: сборник материалов республиканской

научно-практической конференции. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2022. – С. 119 – 126.

66 Коллонтай В.М. О неолиберальной модели глобализации // Мировая экономика и международные отношения. – 1999. – № 10. – С. 3-13.

67 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б.

68 Сейтахметова Н.Л. Культурный трансфер как фактор диалога цивилизаций. // Культура и ценности общества в условиях обновления современного Казахстана: сборник материалов республиканской научно-практической конференции. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2022. – С. 15-24.

69 Сорокин П. А. Социальная и культурная динамика / Пер. с англ., вступ. статья и комментарии В.В. Сапова. – М.: Астрель, 2006. – 1176 с.

70 World Values Survey. <https://www.britannica.com/topic/World-Values-Survey>. 30.09.2023.

71 Байтенова Н.Ж., Жорабек Ж.Ғ. Дәстүр мен жаңашылдықтың діни қырларын зерделеудегі исламтанулық және дінтанулық білім беруді жетілдіру жолдары // Дәстүр мен жаңашылдықтың діни қырлары әлемдік және қазақстандық болмыс аясында: республикалық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2022. – 54-61 бб.

72 Семенов В.Е. Ценностные ориентации современной молодежи // Социологические исследования. – 2007. – № 4. – С. 37–38.

73 Гегель Л.А. Ценностные ориентации молодых россиян: новые тенденции // Молодежь и инновационное развитие России: Сборник научных статей на основе материалов научных конференций. – М.: Московский гуманитарный университет, 2011. – С. 10–19.

74 Токаев К.-Ж. Абай – гений мирового масштаба // Казахстанская правда. 15 октября 2020 года. <https://www.kazpravda.kz/>. 20.10.2020.

75 Аязбекова С.Ш. Генезис и развитие казахских ценностей: цивилизационный ресурс. // Культура и ценности общества в условиях обновления современного Казахстана: сборник материалов республиканской научно-практической конференции. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2022. – С. 144-151.

76 Сулакшин С.С. На пороге нравственного государства. <https://cyberleninka.ru/article/n/na-poroge-nravstvennogo-gosudarstva>. 20.12.2022.

77 Аль-Фараби. Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1970. – 430 с.

78 Курманғалиева Г.К., Ержанова А.Ж. Изгілікті өмірдің құндылықтары: Ұлы даланың философиялық тәжірибесінен // Қазіргі заманның мәдениеті мен құндылықтары: республикалық дөңгелек үстелдің материалдар жинағы. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2021. – 48-59 бб.

79 Қазақстан Республикасының экспрезиденті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа

саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан 2012. <http://www.akorda.kz/>. 20.09.2023.

80 Борбасова Қ.М. Дін және қазақстандық патриотизм мәселесі. //Дәстүр мен жанашылдықтың діни қырлары әлемдік және қазақстандық болмыс аясында: республикалық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2022. – 102 -107 бб.

81 Фукуяма Ф. Наше постчеловеческое будущее: Последствия биотехнологической революции. – М.: ООО «Издательство АСТ»: ОАО «ЛЮКС», 2004. – 349 с.

82 Қазақстанның тұрақты даму стратегиясы контекстінде қоғамның мәдениеті мен құндылықтарын зерттеу: ұжымдық монография. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2022. – 397 с.

83 Раев Д.С. Қазіргі рухани өндіріс және бүгінгі біздегі рухани келбет.// Қазіргі заманның мәдениеті мен құндылықтары: республикалық дөңгелек үстелдің материалдар жинағы. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2021. – 82-90 бб.

84 Wilhoit J.C. A review of Kelly M. Kapic's «You're only human: How your limits reflect God's design and why that's good news». //Journal of Spiritual Formation and Soul Care. – 2022. – Vol.15(2). – P. 283-288.

85 Tahirjon T. The concept of spirituality and patriotism in the mind of students // European International Journal of Multidisciplinary Research and Management Studies. – 2022. – Vol. 2(10). – P. 299-304.

86 Senn, F.C. Protestant spiritual traditions //Eugene: Wipf and Stock. – 2020. – Vol. 3. – P.12-24.

87 Nurnazar P., Atabek S. Mass culture: To the essence of the concept // Journal of Pedagogical Inventions and Practices. – 2021. – Vol. 1(1). – P. 40-43.

88 Hendricks K. Compassionate teaching: A framework for music education. // In: The 4th Nordoff Robbins Plus Research Conference and the 4th International Spirituality and Music Education Conference. – London: Nordoff Robbins, 2017. – P. 33-49.

89 Hagege H. A secular concept of spirituality for public schools: Inculcating responsibility, values, and vulnerability of the subject // Education and Socialization. – 2020. – Vol. 1(4) – P. 1-13.

90 Arzimatova I.M. Relationship of aesthetic culture and spirituality of the individual //American Journal of Applied Sciences. – 2021. – Vol. 3(2). – P. 100-104.

91 Sutcliffe S.J., Gilhus I.S. New age spirituality: Rethinking religion. London: Routledge, 2013. – 320 p.

92 Abylkassymova A.E., Kalney V.V., Shishov S.E. Formation of public consciousness, spiritual and moral culture of students in the system of continuous pedagogical education //Journal of History Culture and Art Research. – 2018. – Vol. 7(1). – P. 26-33.

93 Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф., Хасанова А.М. Влияние общественного сознания на духовное возрождение и развитие Казахстана. // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2019. – № 2 (68). – С. 91-100.

94 Canete J.J.O., Pandey D. The social dynamics of spirituality and youthfulness: A social interplay between disposition and process // Indonesian Journal of Social and Environmental. – 2020. – Vol. 1(2). – P. 122-131.

95 Newman L.L. Faith, spirituality, and religion: A model for understanding the differences // College Student Affairs Journal. – 2004. – Vol. 23(2). – P. 102-110.

96 Kale S.H. Spirituality, religion, and globalization // Journal of Macromarketing. – 2004. - Vol. 24(2). – P. 92-107.

97 Turdiyev B.S. The development of democratic society and spiritual renewal in the views of Eastern and Western thinkers // Society and Innovations Journal. – 2020 – Vol. 1(1). P. 710-717.

98 Khodjamkulov U., Makhmudov K., Shofkorov A. The issue of spiritual and patriotic education of young generation in the scientific, political and literary heritage of Central Asian thinkers // International Journal of Psychosocial Rehabilitatio. – 2020. – Vol. 24(5). – P. 6694-6701.

99 Paul Victor C.G., Treschuk J.V. Critical literature review on the definition clarity of the concept of faith, religion, and spirituality // Journal of Holistic Nursing. – 2020. – Vol. 38(1). – P. 107-113.

100 MacLeod R., Wilson D.M., Crandall J., Austin P. Death anxiety among New Zealanders: The predictive roles of religion, spirituality, and family connection. OMEGA //Journal of Death and Dying. – 2019. – Vol. 80(1). – P 3-19.

101 Peng-Keller S. Genealogies of spirituality: An historical analysis of a travelling term // Journal for the Study of Spirituality. – 2019. – Vol. 9(2). – P. 86-98.

102 Dussipova A., Tuxanbayev A., Mukhanbetkaliyev Y. Philosophical Analysis of the Formation of Spirituality of Modern Kazakhstani Youth: Problems and Prospects // Pharos Journal of Theology. – 2025. – Vol. 106(1). – P. 1-16.

103 Дусипова А. Қазіргі қазақстандық жастардың рухани дамуы мен мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі // Адам әлемі журнал. – 2020. – № 1 (83). – 90-95 бб.